Ұшырған баулып қыранды аспанына.
Сталин халықтарды достастырған,

Мейрімді кәріге де, жас балаға.
Сұңқардай түлеп ұшып тауға жаным,
Аңқыған асқарына Дағыстанның.
Ақын дос Сүлеймандай құрдасымның,
Саңқылдап ауылына жетсін әнім;

10-студент 25-3 Емдеу ісі Арыстан Аянат
Патша әмірі тарылды
Қызығыңды көп көрдім,
Қарабастау, Құлансаз*.
Күндерімді өткердім,
Сенде жүріп ұзақ жаз.
Көкорайға жайылған
Секілді едік үйрек, қаз.
Ештеңе жоқ уайымнан,
Жүруші едік көңіл мәз.
Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма ылаж?!
Ішке толған зарымды
Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қосақтап,
Қалай қиып берерміз?!
Көздің жасы моншақтап,
Көңіл шер боп өлерміз.
Көк жайлауды қалдырып,
Қайда көшіп кетерміз?!
Көкіректі зар қылып,
Қорлықпен қайтіп өтерміз

11-студент 25-3 Емдеу ісі Сламғазы Арай
Аттандыру
Атаңнан бата ал, балам,
Алшайып атқа мін, балам.
Ақ сақалым желбіреп
Артыңнан қарап мен қалам.
Құлағыңда құлыным,
Дауысым жүрсін жырлаған:
Алғадайым арлы едің,
Ата сөзін сыйлаған;
Перзентімнің алды едің
Көңілімді қыймаған.
Аттандырдым майданға,
Аман-есен жүр балам!
Абыройға ие бол,
Ағат баспа бір қадам.
Атақ берген атаңа
Ел қадірін біл балам!
Ел ерлігі, ел бірлігі
Сынға түскен бұл заман!

12-студент 25-3 Емдеу ісі Жұмай Айзере

Ата жаумен айқастық
Асқар таудай еліме
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде:
Ашуменен аралас
Қыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемде!
Көз жібердім мен де елге:
Сонда елімнің түрінен
Тастай болып түйілген —
Қаһармандық аңғардым,
Жау сазайын бергенге!
Жау тиді деп саспастан,
Аяқтарын нық басқан
Айбатынан көресің
Аспанмен күші астасқан!
Құйған құрыш тәрізді
Тұлғасында күшті ызғар
Батырлықпен ұштасқан.
Көз жібердім сонда мен,
Жүрегіне елімнің,
Кремльді болжап ем:
Қуат құйған бойыма,
Шырақ жаққан ойыма
Келбетін көрдім ерімнің.

1- жүргізуші: Құттыбек Мейрамбек 24-6 Мейіргер ісі

Жамбыл Жабаевтың жырлары – елге деген сүйіспеншіліктің, әділдік пен адамгершіліктің жарқын үлгісі. Оның «Ленинградтық өренім», «Аттандыру», «Өтеген батыр» сияқты шығармалары халықтың рухын көтеріп, тарихи кезеңдердің айнасы болды.

Жамбыл ақынды көзі көрген адамдар оның қарапайым, мейірімді, елге жақын адам болғанын жиі еске алады. Ол домбырасын қолына алып, халықтың алдында шабытпен жыр төгетін болғанын жиі еске алады. Ол домбырасын қолына алып, халықтың алдында шабытпен жыр төгетін болған. Оның жырлары тыңдаған жанның жүрегіне қуат беріп, рухын көтеретін.

Жамбыл Жабаев туралы естеліктер.

1. Студент 25-3 Емдеу ісі Қабдылманап Бағлан

«Жамбыл – қазақ халқының ғасырлар бойғы жыр дәстүрін біздің заманымызға жеткізген ұлы жырау.». Әуезов Жамбылды халық поэзиясының заңды мұрагері, суырыпсалма өнердің шыңы деп бағалаған. **Мұхтар Әуезов:**

2. Студент 25-3 Емдеу ісі Тұрсынбай Елжас

«Жамбыл – халықтың үні, халықтың жүрегі.» Сәбит Мұқанов ақынның жырлары елдің мұң-мұқтажын, қуанышын шынайы жеткізетінін атап өткен. **Сәбит Мұқанов:**

3. Студент 25-3 Емдеу ісі Бақберген Аружан

«Жамбыл жырлары – халық тарихының тірі шежіресі.» Ол Жамбыл поэзиясы арқылы қазақ халқының өмірі, тағдыры көрінетінін айтқан.

Ғабит Мүсірепов:

4. Студент 25-3 Емдеу ісі Ауелбек Мирас

«Жамбыл – тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл Кеңес елінің мақтанышы.» Симонов Жамбыл шығармашылығының халықтар достығын нығайтқанын ерекше бағалаған.

📖 Константин Симонов (орыс жазушысы):

5. Студент 25-3 Емдеу ісі Ярмағамбетова Айдана

«Жамбылдың даусы – дала даусы.»

Ол ақын жырларынан қазақ даласының кеңдігі мен рухын сезінгенін жазған.

📖 Леонид Соболев:

1-жүргізуші: Құттыбек Мейрамбек 24-6 Мейіргер ісі

Жамбыл Жабаев – қазақ халқының жыр алыбы, халықтың мұңын мұңдап, қуанышын жырлаған ұлы ақын. Оның жүректен шыққан жалынды жырлары тек өлең болып қана қалмай, әнге айналып, халықтың рухын көтерген асыл мұраға айналды. Халқымыздың бай мәдениеті мен өнерін дәріптейтін әсем би – қазақ өнерінің ажырамас бөлігі. Ендеше, ұлттық нақыштағы әсем биді тамашалау үшін сахна төріне көркем биімен жүректерді тербейтін биші қыздарымызды шақырамыз! Қарсы алыңыздар!

«Қазакша би»
25-7 Мейіргер ісі Абулла Мөлдір
25-16 Лаб Несвалина Фатима
25-16 Лаб Жунісәлі Алтынай
25-16 Лаб Қайратқызы Шұғыла
25-16 Лаб Асхат Інжу
25-16 Лаб Жолтай Айымсұлу

2-жүргізуші: Серік Камила 24-6 Мейіргер ісі

Құрметті ұстаздар, қадірлі қонақтар, білім алушылар!

Бүгін біз қазақ халқының ұлы ақыны, жыр алыбы **Жамбыл Жабаевтың** өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесіне жиналып отырмыз. Жамбыл Жабаев – қазақ поэзиясының биік тұлғасы, халықтың мұңын мұңдап, қуанышын жырлаған дара ақын. Оның жырлары ел бірлігін, отансүйгіштікті және адамгершілікті насихаттайды.

Бұл көрмеде ақынның өмір жолы, шығармалары, сондай-ақ Жамбыл туралы жазылған зерттеу еңбектері мен естеліктер ұсынылған. Кітаптар арқылы біз Жамбылдың бай мұрасымен жақынырақ танысып, оның даналығы мен өнерін тереңірек түсіне аламыз.

Жамбыл Жабаев – халық жадында мәңгі сақталатын ұлы тұлға. Оның жырлары ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қазақ әдебиетінің асыл қазынасы болып қала береді. Келесі сөз кезегін осы колледжіміздің кітапханашысы **Тайшыбекова Әлия Саякбайқызына береміз.**

«Қазақ поэзиясының жыр алыбы – Жамбыл Жабаевтың» кітапхана көрмесі

1-жүргізуші: Құттыбек Мейрамбек 24-6 Мейіргер ісі

Ән мен күйді төгілтіп,
Інжу – маржан шашайық.
Қонақтарды таңдантып,
Өнерден күмбез жасайық - дей келе алдарыңызда
25-8 Мейіргер ісі Мукаш Ацшат «Бақыт құшағында» әнін тамашалаңыздар.

2- жүргізуші: Серік Камила 24-6 Мейіргер ісі

Жамбыл атамыздың шығармалары – ел тарихының айнасы, халық рухының көрінісі. Ақынның әрбір өлеңі мен жыры халқымыздың өмірін, арман-мұратын, батырлығын

бейнелейді. Енді сіздердің назарларыңызға Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына арналған **«Жыр – халықтың жаны»** көрініс ұсынамыз. Қошеметпен қарсы алайық!

Сахналық көрініс: «Жыр – халықтың жаны» көрінісін тамашалыңыздар!

- **Автор 25-16 Лаб Жолтай Айымсұлу**
- **Жамбыл Жабаев 25-16 Лаб Асанхан Нұртас**
- **Сүйінбай 25-16 Лаб Адасбай Санжар**
- **Майданға аттанған жас жауынгер 25-16 Лаб Құсайн Аманжан**
- **Ана 25-7 Мейіргер ісі Абулла Мөлдір**
- **Оқушы (қазіргі заман) 25-9 Мейіргер ісі Асланқызы Инабат**

І көрініс – Ұстаз бен шәкірт

(Сахнада домбыраның баяу күйі. Жас Жамбыл домбыра ұстап отырады.)

Автор: 25-16 Лаб Жолтай Айымсұлу

XIX ғасыр. Қазақ даласы. Ел тағдыры таразыға түскен шақ. Сол заманда жырмен елдің рухын көтерген жас ақын – Жамбыл.

(Сахнаға Сүйінбай шығады.)

Сүйінбай: 25-16 Лаб Адасбай Санжар

Балам, ақындық – оңай жол емес. Ақын елдің сөзін сөйлейді. Халықтың көз жасы мен қуанышын жырға қосады. Сен соған дайынсың ба?

Жамбыл: 25-16 Лаб Асанхан Нұртас

Ұстазым, менің бар тілегім – халқымның үні болу.

«Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай» –
деп сізден бата алуға келдім.

Сүйінбай: 25-16 Лаб Адасбай Санжар

Онда есіңде болсын, балам:
Ақын әділ болмаса, жыры – жетім.
Халқыңнан алыстасаң, өнерің – өшеді.
Батамды бердім! Еліңе адал бол!
(Сүйінбай батасын береді. Күй күшейеді.)

ІІ көрініс – Халық үні

Автор: 25-16 Лаб Жолтай Айымсұлу

Жамбыл – тек айтыскер емес, халықтың мұңын жырлаған күрескер ақын болды. Ол әділетсіздікке қарсы сөз айтты.

Жамбыл (шабыттанып): 25-16 Лаб Асанхан Нұртас

Өлеңім – менің өмірім,
Жырым – халқымның көңілі.
Қайғысы болса – қайғырам,
Қуанышы болса – төгілем жыр нөсері!

ІІІ көрініс – Соғыс жылдары

(Сахна жарығы бәсеңдейді. Соғыс әуені.)

Автор: 25-16 Лаб Жолтай Айымсұлу

1941 жыл. Ұлы Отан соғысы. Ел басына күн туды. Сол сәтте 95 жастағы Жамбылдың жүрегінен отты жыр шықты.

(Жас жауынгер мен Ана шығады.)

Ана: 25-7 Мейіргер ісі Абулла Мөлдір

Балам, аман қайт… Ел үшін аттандың…

Жауынгер: 25-16 Лаб Құсайн Аманжан
Анашым, біз жеңеміз! Бізге күш беретін – халықтың батасы!
(Жамбыл алға шығады.)
Жамбыл (жігерлі үнмен): 25-16 Лаб Жолтай Айымсұлу
Ленинградтық өренім!
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін!
Сендер – елдің қорғаны!
Жеңіс туы жығылмас!
Рухтарың сынбасын!
(Жауынгер басын иіп шығады.)

IV көрініс – Мәңгілік мұра
(Сахнаға қазіргі заман оқушысы шығады.)
Оқушы: 25-9 Мейіргер ісі Асланқызы Инабат
Жамбыл ата, сіздің жырларыңыз бүгін де өзекті. Сіз жырлаған ел – бүгінде Тәуелсіз Қазақстан. Біз сіздің аманатыңызды жалғастырамыз.
Жамбыл (байыппен): 25-16 Лаб Асанхан Нұртас
Балаларым,
Бірлігі бар ел – мәңгі ел.
Өнерді құрметтеңдер,
Тарихты ұмытпаңдар.
Халыққа қызмет ету – ең биік мұрат.

Қорытынды
Автор: 25-16 Лаб Жолтай Айымсұлу
Жамбыл Жабаев – ғасыр жасаған дана ақын. Оның жыры – халықтың рухы, елдің намысы, тарихтың үні.
(Барлығы сахнаға жиналады.)
Барлығы бірге:
Жамбыл жыры – мәңгілік!
(Домбыраның асқақ күйімен сахна жабылады.)

1-жүргізуші: Құттыбек Мейрамбек 24-6 Мейіргер ісі
Жамбыл домбыра ойнауды ерте жасынан үйренді. Тіпті, кейін оны ақын-құрдастарының
Арасынан ерекшелей бастады. Жамбыл атақты ақын Сүйінбай шәкірті болды. Ол көп жылдар бойы ұстазымен бірге жүріп, оның айтысын тыңдап, ақындық шеберліктің тәжірибесін үйренді.
25-2 Емдеу ісі топ студенті Қыдырбай Еңілік пен 25-11 Мейіргер ісі Әбдманыш Іңкәрдің орындауында «Ерке сылқым» күйін қабыл алыңыздар!

2-жүргізуші: Серік Камила 24-6 Мейіргер ісі
Жамбыл Жабаевтың шығармалары бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның жырлары жас ұрпақты: отансүйгіштікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелейді.
Ақын мұрасы мектеп бағдарламасында оқытылып, әдебиеттанушылар тарапынан зерттеліп келеді. Жамбылдың есімімен облыстар, көшелер, оқу орындары аталады.
Қазақ халқының рухани әлемінде Жамбыл Жабаевтың алатын орны ерекше.
Ол – ғасырдан ғасырға жалғасқан суырыпсалма ақындық пен жыраулық дәстүрдің көрнекті өкілі, халықтың мұң-мүддесін жырлаған ұлы тұлға. 2026 жылы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуы – қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін маңызды тарихи оқиға. Бұл

мерейтой ақын мұрасын жаңаша зерделеуге, ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеуге үлкен мүмкіндік береді.

1- жүргізуші: Құттыбек Мейрамбек 24-6 Мейіргер ісі

Бүгінгі кешімізге ат салысып жатқан балаларға көп рахмет айтып, ақындық жолға басқан қадамдарың құтты болсын, талаптарыңа нұр жаусын демекпіз. Болашақта сендердің де іштеріңнен арқалы ақындар шығады деп сенеміз.

- Міне, бүгінгі кешке қатысқан әдеби поэзия сүйер қауым, Жамбыл Жабаевтың поэзиясының басты ерекшелігі – оның халықтық сипаты. Ол ешқашан жеке басының мүддесін көздемей, қарапайым елдің сөзін сөйлей білді.

«Асыл сөздің патшасы – Жамбыл Жабаев» Қазақ поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлділі, қазақ халқының ұлы ақыны, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жылдық мерей тойына арналған әдеби кешіміз де өз мәресіне жетті.

Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойы – қазақ халқының рухани өміріндегі елеулі оқиға. Бұл мереке ақын мұрасын қайта зерделеуге, ұлттық әдебиеттің маңызын арттыруға, жас ұрпақты елжандылық рухта тәрбиелеуге бағытталған. Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар!

Барлық қатысушылар сахнаға шығып хормен «Атамекен» әнін айтады.

«Атамекен»

Ескендір Хасанғалиев

Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
Маңдайымнан сипап өткен самалды
Қазағымның алақаны-ау деп білем

*****

Қайда жүрсем Атамекен
Көкейінде жатады екен
Күннің өзі ұясына
Қимай оны-ай батады екен

*****

Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін
Қазағымның махаббаты-ау деп білем

Қайырмасы 3 рет айтамыз.

Қайда жүрсем Атамекен
Көкейінде жатады екен
Күннің өзі ұясына
Қимай оны батады екен
(Күннің өзі ұясына
Қимай оны батады екен)

*****

Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
Асқар тауын аспанымен таласқан
Қазағымның мәртебесі-ау деп білем

*****

Қайда жүрсем Атамекен
Көкейінде жатады екен
Күннің өзі ұясына
Қимай оны-ай батады екен

Тлеуова Бакытгүл Дуйсеналиевна
Химия және биология пәні мұғалімі
Б. Сүлейменов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Бегімбет ауылы




ТЕРІ АУРУЛАРЫ ЖӘНЕ ГИГИЕНАСЫ

Бөлім:		**Бөліп шығару**
Педагогтің аты-жөні:		Тлеуова Б.Д
Күн:	**Сыныбы : 8**	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Тақырыбы:	Тері аурулары және гигиенасы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.1.5.4 тері ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру	
Сабақтың мақсаты:	➢ қоршаған ортаның ластануы мен экологиялық жағдайдың нашарлауының адам терісіне тигізетін әсерін зерттеу, ➢ экологиялық факторлармен байланысты тері ауруларының түрлерін анықтау және алдын алу жолдарын ұсыну: ➢ тері ауруларының алдын алу шараларын түсіндіру	
Құндылықтар	**Құндылық:** еңбекқорлық және кәсіби біліктілік **Құзыреттілік:** инновациялық ойлау **Аптаның дәйексөзі:** «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер»	


Сабақтың барысы

Сабақ барысы	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин	**I. Ұйымдастыру кезеңі:** « **Мен қандаймын?»** әдісі бойынша жағымды психологиялық ахуал орнатады. **«Сыйлық» тәсілі** бойынша топқа бірігуге нұсқау береді.	**«Мен қандаймын?» тәсілі** арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады . **«Сыйлық» тәсілі** бойынша топтарға бірігеді.	**Кері байланыс:** Мадақтау арқылы бағаланады.	Суреттер
5мин	**II Үй тапсырмасы** Цифрлық платформа арқылы сұралады Терінің құрылысы https://wordwall.net/resource/52068600 Тері қабаты https://learningapps.org/watch?v=pgp1wrqik25	Цифрлық платформа арқылы өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. **«4 сурет, 1сөз»** тәсілі арқылы сабақтың тақырыбын , мақсатын анықтайды.	**Кері байланыс:** Мадақтау арқылы бағаланады. «Жарайсың!» «Тамаша жауап»т .б	Экран Wordwall

	 **«4 сурет, 1сөз»** тәсілі арқылы жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын қояды, ұжымдық талқылау жүргізеді, сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаты ашылады			
3 мин Сабақтың ортасы 15 мин	**Сауамалнама** **Дәрігер маманнан** **IV Топтық жұмыс.** Мұғалім жаңа тақырып бойынша қысқаша ақпарат береді. Топтық жұмысты ұйымдастырады. 1-топ: **«Дерматологтар»** Тері ауруларының негізгі себептері мен салдары туралы постер жасау. 2-топ: **«Биологтар»** «Тері ауруларынан сақтану жолдары туралы постер жасау. 3-топ: **«Косметологтар»** Тері күтіміне арналған күн тәртібін құру жадынама жасау туралы ақпаратпен оқып танысуды ұсынады. Экологияның тері ауруларына қаншалықты әсері бар? Жасанды интеллект арқылы ақпарат ұсынады.  Білімдерін толықтыру мақсатында бейнеролик көруді ұсынады. «Тері күтімі» бейнебаян	Оқушылар мұғалімнің бағыт беруімен топта талқылау жасап, жұмыс жасайды. Оқулықтағы ақпаратпен танысады, топта талдайды, қалаған форматында қорғайды. Оқушылар буклет, кітапша ,плакат, жасайды Білімдерін толықтыру мақсатында бейнеролик көреді.	**Кері байланыс:** «Басбармақ » әдісі арқылы беріледі	А4 парағы Маркер флипчарт 
15 мин	**Сабақты бекіту тапсырмалары.** **1-тапсырма Жеке жұмыс** «Карта мен сапар (шаблон сұрақтары)» **ойыны** 1.Тері аурулары негізгі себебі не?/тазалық сақтамау 2. Теміреткі ауруының белгелері/ **шаш түсіп қалады, тері толық тықырланады** 3. Қышыма ауруының белгісі/ **зақымдалған жерде тоқтаусыз қышу пайда болады** 4. Безеу бөртпелерімен күресудің медициналық емес әдісі/ **теріні таза ұстау** 5. Тері саңылауы шаң тозаңмен бекітіліп қалмас үшін/ **май**	Сұрақтарға жауап береді. Мақалдың екінші бөлігін жалғастырады.	**ҚБ:** **«Лупа»** арқылы өзін өзі бағалайды әр дұрыс жауапқа 1 балл	Тапсырма жазылған парақтар  

	бездерінің түзінділері бір күнде 2-3 рет тазалап отыру керек 6.Қай дәрумен жетіспес тері құрғап кетеді?/ **А дәрумені** **Сергіту сәті** **«Мақалды жалғастыр» ойыны** Денсаулық /зор байлық Ауырып ем іздегенше/Ауырмайтын жол ізде Көзің ауырса/Көзіңді тый Ауру батпандап кіріп/Мысқылдап шығады Дана көптен шығады/ Дәрі шөптен шығады **2-тапсырма Топтық жұмыс** **«Жедел хат» тәсілі** Функционалдық сауаттылық тапсырмасы Сіз – мектеп оқушыларының денсаулығына жауапты топ мүшесісіз. Мектептегі бірнеше оқушының терісінде қызыл бөртпелер пайда болып, оның себебін анықтау және алдын алу шараларын ұйымдастыру қажет **Тапсырма:** 1. Бұл жағдаяттың себептері қандай болуы мүмкін деп ойлайсыз? 2-3 ықтимал себебін жазыңыз. 2. Мектеп басшылығына осы мәселені шешу үшін ұсыныстарыңызды жазыңыз. Ұсыныстарыңыз нақты және тиімді болуы тиіс. (Мысалы, ақпараттық тақтаға не ілуге болады? Неліктен? Қандай іс-шара өткізуге болады? Неліктен?) 3. Қазіргі жағдайда, пандемия кезінде тері гигиенасын сақтаудың маңызын қалай түсіндірер едіңіз? Өз ойыңызды негіздеп жазыңыз. **3-тапсырма Жұптық жұмыс** Цифрлы платформа арқылы тапсырма ұсынады Тері қабаты 	Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді. Жағдаяттың ықтимал себептерін жазады. Мәселені шешу үшін нақты ұсыныстар жазады. Тері гигиенасының маңызын түсіндіреді.	Мадақтау арқылы **Дескриптор:** ықтимал себептерін жазады; нақты ұсыныстар жазады; өз ойын негіздеп, маңызын түсіндіреді;	  Тері қабаты https://learningapps.org/watch?v=pgp1wrqik25
Сабақтың соңы 4 мин	**Кері байланыс** **«Білім поштасы»** арқылы кері байланыс жасауды ұсынады	Қатысушылар **«Білім поштасы»** арқылы кері байланыс жасайды	**Кері байланыс:** «Білім пошасы» арқылы	
1 мин	**Үй тапсырмасы § 30 оқу**			

Тұрғанбеков Балмахан Ізбасарұлы
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
Шымкент қаласының білім басқармасының
“Кенесары Қасымұлы атындағы №33 жалпы білім беретін мектебі” коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ БАҒДАРЫНА ЫҚПАЛ ЖАСАУ

Аннотация. Мақалада жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастырудың теориялық негіздері мен практикалық тетіктері кешенді түрде қарастырылады. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының ұйымдастырушылық және үйлестірушілік қызметі арқылы кәсіби бағдар беру үдерісін тиімді жүргізу жолдары талданады. Мақалада оқушылардың жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын, құндылық бағдарларын анықтауға бағытталған заманауи әдіс-тәсілдер сипатталып, білім беру ұйымында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының мазмұны мен формалары нақты мысалдар арқылы ашылады. Кәсіптік өзін-өзі анықтау үдерісінде әлеуметтік серіктестіктің рөлі, ата-аналармен өзара әрекеттестік, кәсіби сынамалар мен жобалық жұмыстардың маңыздылығы негізделеді. Сонымен қатар білім алушылардың болашақ мамандықты саналы таңдауы үшін жүйелі, кезеңдік және тұлғаға бағдарланған тәсілдерді енгізудің тиімділігі дәлелденеді.

Кілт сөздер: кәсіби бағдар, тәрбие жұмысы, кәсіби өзін-өзі анықтау, оқушы тұлғасы, әлеуметтік серіктестік, кәсіби сынама, мотивация, құзыреттілік.

Қазіргі қоғамның қарқынды өзгерістерге ұшырауы білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр, бұл талаптардың өзегінде оқушының болашақ кәсіби қызметін саналы түрде таңдауға даярлығы жатыр. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары мектептегі тәрбие үдерісін стратегиялық тұрғыдан ұйымдастыра отырып, оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл қызмет тек ақпарат берумен шектелмей, тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға бағытталған жүйелі ықпал ету шараларын қамтуы тиіс. Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру олардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, бейімділіктерін және әлеуметтік ортасын ескере отырып жүзеге асырылған жағдайда ғана нәтижелі болады. Осы тұрғыда мектептің тәрбие жүйесінде кәсіби бағдар беру жұмыстары оқыту үдерісімен кіріктіріліп, үздіксіз сипатқа ие болуы маңызды. Тәрбие жұмысы барысында оқушының өзін-өзі тануына, өз мүмкіндіктерін бағалауына және болашақ кәсіби жолын жоспарлауына жағдай жасалуы қажет. Мұндай жұмыс тек сынып жетекшілерінің ғана емес, мектеп әкімшілігінің, педагог-психологтардың және пән мұғалімдерінің үйлесімді әрекетін талап етеді. Кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімділігі оның жүйелілігімен, мақсаттылығымен және оқушы тұлғасына бағытталуымен анықталады. Сондықтан директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары кәсіби бағдар беру қызметін мектептің даму жоспарына енгізіп, оны басқарудың нақты тетіктерін қалыптастыруы тиіс. Бұл үдерісте

мониторинг жүргізу, нәтижелерді талдау және түзету жұмыстарын ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыруда практикалық әдіс-тәсілдерді қолдану ерекше мәнге ие, себебі тек теориялық ақпарат беру арқылы оқушыны саналы таңдау жасауға бағыттау мүмкін емес. Осы бағытта кәсіби сынамалар ұйымдастыру тиімді әдістердің бірі болып табылады, өйткені ол оқушыға белгілі бір мамандықтың мазмұнын тәжірибе жүзінде сезінуге мүмкіндік береді. Мысалы мектеп базасында шағын шеберханалар немесе зертханалық жұмыстар арқылы оқушылар нақты кәсіп түрлерімен таныса алады. Мұндай тәжірибелік жұмыстар оқушылардың қызығушылықтарын нақтылап қана қоймай, олардың қабілеттерін анықтауға ықпал етеді. Сонымен қатар жобалық оқыту технологиясын пайдалану да кәсіби бағдар берудің тиімді құралы ретінде қарастырылады, себебі жоба барысында оқушылар нақты мәселелерді шешу арқылы белгілі бір салаға деген бейімділігін байқайды. Рөлдік ойындар, кәсіби бағыттағы тренингтер және кейс-стади әдістері де оқушылардың кәсіби ойлауын дамытуға бағытталған маңызды құралдар болып табылады. Әсіресе кәсіби жағдайларды модельдеу арқылы оқушылар болашақ қызметтің ерекшеліктерін түсіне бастайды. Мұндай жұмыстарды ұйымдастыру барысында директордың орынбасары педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетіп, олардың кәсіби бағдар беру саласындағы құзыреттілігін арттыруы тиіс. Сонымен бірге мектепте кәсіби бағдар беру кабинетін жабдықтау, ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету де маңызды ұйымдастырушылық шаралардың бірі болып табылады. Бұл кеңістікте оқушылар түрлі мамандықтар туралы мәліметтермен танысып, өз таңдауларын саралай алады. Осылайша тәжірибеге негізделген тәсілдер оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін жандандырады.

Ата-аналармен кәсіби бағдар беру аясындағы жұмысты тереңдету барысында олардың баланың жеке тұлғалық даму ерекшеліктерін түсінуіне бағытталған психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарының маңызы айрықша екендігі байқалады, өйткені көптеген жағдайда ата-аналар баланың шынайы қабілеттері мен қызығушылықтарын ескермей, өздерінің орындалмаған армандарын жүзеге асыруға ұмтылуы мүмкін. Осындай қайшылықтардың алдын алу үшін мектеп деңгейінде диагностикалық құралдарды қолдану арқылы ата-аналарға баланың кәсіби бейімділігі жөнінде нақты мәлімет беру қажет, бұл өз кезегінде олардың шешім қабылдау үдерісін ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Аталған бағытта психологиялық қызметтің қатысуымен ұйымдастырылатын жеке консультациялар ата-аналарға баласының тұлғалық ерекшеліктерін жан-жақты түсіндіруге ықпал етеді және олардың тәрбиелік ұстанымдарын қайта қарауына жағдай жасайды. Бұдан бөлек ата-аналарды кәсіби бағдар беру іс-шараларына бақылаушы емес белсенді қатысушы ретінде тарту олардың жауапкершілік деңгейін арттырады және мектеппен серіктестік қатынасты нығайтады. Мысалы тәжірибеде ата-аналардың қатысуымен өткізілетін кәсіби дебаттар немесе пікірталас алаңдары олардың көзқарастарын ашық білдіруіне мүмкіндік беріп қана қоймай, түрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейтеді. Осындай интерактивті форматтар арқылы ата-аналар тек ақпарат алушы емес, тәжірибе алмасушы субъект ретінде қалыптасады, бұл өз кезегінде кәсіби бағдар беру үдерісінің сапасын арттырады. Сонымен бірге ата-аналардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында онлайн платформалар мен вебинарларды қолдану да өзекті болып отыр, себебі заманауи ақпараттық кеңістік уақыт пен кеңістік шектеулерін жоюға мүмкіндік береді. Бұл құралдар арқылы ата-аналар еңбек нарығындағы өзгерістерді жедел түрде бақылап, баласына дұрыс бағыт-бағдар бере алады. Нәтижесінде ата-аналардың кәсіби бағдар беру үдерісіне саналы қатысуы оқушының болашақ мамандықты таңдаудағы сенімділігін арттырады және оның ішкі мотивациясын күшейтеді. Осылайша ата-аналармен жүргізілетін кешенді әрі ғылыми негізделген жұмыс кәсіби бағдар беру жүйесінің тиімділігін жаңа деңгейге көтереді.

Ата-аналармен серіктестікті дамытуда олардың әлеуметтік және мәдени капиталын ескеру маңызды, өйткені әрбір отбасының мүмкіндіктері мен ресурстары әртүрлі болғандықтан, кәсіби бағдар беру жұмыстары да дифференциацияланған түрде

ұйымдастырылуы тиіс. Осы тұрғыда мектеп әкімшілігі ата-аналардың кәсіби салалары бойынша деректер базасын қалыптастырып, оны тәрбие жұмысының мазмұнын байыту үшін тиімді пайдалана алады. Мұндай база негізінде белгілі бір сала мамандары ретінде ата-аналарды шақырып, кәсіби бағыттағы шеберлік сағаттарын ұйымдастыруға болады, бұл оқушыларға нақты еңбек әрекетін көру арқылы тәжірибелік түсінік қалыптастырады. Сонымен қатар ата-аналардың қатысуымен өткізілетін кәсіби маршруттарды жоспарлау, яғни баланың қызығушылығына сәйкес даму траекториясын бірлесіп анықтау, оқушының болашаққа деген көзқарасын жүйелеуге ықпал етеді. Бұл үдерісте ата-аналар мен педагогтар арасындағы кері байланыстың тұрақты болуы ерекше маңызды, өйткені ақпарат алмасу үздіксіз болған жағдайда ғана тиімді нәтижеге қол жеткізуге болады. Ата-аналармен жұмыс барысында олардың эмоционалдық қолдау көрсету дағдыларын дамытуға да көңіл бөлінуі қажет, себебі мамандық таңдау кезеңінде оқушы психологиялық тұрғыдан тұрақсыз күйде болуы мүмкін. Осындай жағдайда ата-ананың қолдауы баланың сенімді шешім қабылдауына ықпал етеді. Бұдан бөлек ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтар әзірлеу олардың кәсіби бағдар беру үдерісіне белсенді қатысуын жеңілдетеді. Бұл материалдарда баламен әңгіме жүргізу тәсілдері, қызығушылықтарды анықтау әдістері және мотивацияны арттыру жолдары қамтылуы тиіс. Соның нәтижесінде ата-аналар тек кеңес алушы емес, саналы түрде бағыт беруші тұлғаға айналады. Мұндай жүйелі тәсіл отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуін сапалы деңгейге көтереді және оқушының кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін үйлестіреді.

Әлеуметтік серіктестік аясында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру үшін білім беру ұйымдары аймақтық еңбек нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, мақсатты байланыстар жүйесін құруы қажет, өйткені нақты экономикалық жағдайлармен танысу оқушылардың болашақ мамандыққа деген көзқарасын шынайы негізде қалыптастырады. Осы тұрғыда жергілікті кәсіпорындармен ұзақ мерзімді келісімдер жасасу арқылы оқушыларға өндірістік тәжірибенің элементтерін ерте кезеңнен енгізуге болады. Мұндай тәжірибе оқушылардың тек теориялық білімін толықтырып қана қоймай, олардың еңбекке деген жауапкершілік қатынасын қалыптастырады. Сонымен қатар кәсіби бағдар беру үдерісінде менторлық жүйені енгізу тиімді болып табылады, себебі тәжірибелі мамандардың жетекшілігімен жұмыс істеу оқушылардың кәсіби қызығушылығын нақты әрекет арқылы бекітеді. Бұл жүйе аясында әр оқушыға белгілі бір сала маманы бекітіліп, ол өз тәжірибесімен бөлісіп, кәсіби кеңес береді. Осындай өзара әрекеттестік нәтижесінде оқушы нақты еңбек қызметінің мазмұнын терең түсінеді және өз мүмкіндіктерін бағалай алады. Бұдан бөлек әлеуметтік серіктестермен бірлескен жобалар ұйымдастыру оқушылардың командалық жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Мұндай жобаларда оқушылар нақты өндірістік немесе әлеуметтік мәселелерді шешуге қатыса отырып, өз білімдерін практикада қолданады. Сонымен бірге кәсіби байқаулар мен конкурстар өткізу де маңызды, себебі бәсекелестік орта оқушылардың белсенділігін арттырады. Осылайша әлеуметтік серіктестік кәсіби бағдар беру мазмұнын нақты тәжірибемен толықтырады. Нәтижесінде оқушылардың кәсіби таңдау үдерісі саналы әрі негізделген сипатқа ие болады.

Әлеуметтік серіктестік тетіктерін дамыту барысында білім беру ұйымдары инновациялық форматтарды енгізу арқылы кәсіби бағдар беру жұмыстарының ауқымын кеңейте алады, өйткені дәстүрлі әдістер кей жағдайда оқушылардың қызығушылығын толық қанағаттандырмауы мүмкін. Осы мақсатта виртуалды экскурсиялар мен цифрлық платформаларды пайдалану арқылы түрлі кәсіпорындардың жұмысымен қашықтан танысу мүмкіндігін ұйымдастыру тиімді шешім болып табылады. Мұндай тәсілдер әсіресе шалғай аймақтардағы мектептер үшін өзекті, себебі олар оқушыларға кең ауқымды ақпарат алуға жағдай жасайды. Сонымен қатар кәсіби бағдар беру бағытында стартап-жобалар мен кәсіпкерлік бастамаларды қолдау оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Бұл бағытта бизнес құрылымдармен бірлескен бағдарламалар ұйымдастыру арқылы оқушыларға кәсіпкерлік негіздерін үйретуге болады. Осындай тәжірибелер оқушылардың тек

белгілі бір мамандықты таңдаумен шектелмей, өз ісін ашуға деген қызығушылығын арттырады. Бұдан бөлек кәсіби бағдар беру үдерісінде халықаралық серіктестікті дамыту да маңызды, себебі жаһандану жағдайында еңбек нарығының талаптары да өзгеруде. Осы тұрғыда шетелдік білім беру ұйымдарымен және компаниялармен байланыс орнату оқушылардың кәсіби көкжиегін кеңейтеді. Мұндай байланыстар арқылы оқушылар түрлі мәдени және кәсіби тәжірибелермен таныса алады. Сонымен бірге цифрлық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған бірлескен жобалар ұйымдастыру да өзекті. Нәтижесінде әлеуметтік серіктестіктің заманауи үлгілері кәсіби бағдар беру жүйесінің сапасын арттырып, оны жаңа деңгейге көтереді.

Қорытындылай келе, оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру мектептегі тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс, себебі бұл үдеріс оқушының болашақ өмірлік жолын айқындайды. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыра отырып, оқушылардың саналы кәсіби таңдау жасауына жағдай жасайды. Кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімділігі оның кешенділігімен, үздіксіздігімен және тұлғаға бағытталуымен анықталады. Практикада қолданылатын әдіс-тәсілдердің алуан түрлілігі оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етеді. Сонымен бірге ата-аналармен және әлеуметтік серіктестермен өзара әрекеттестік бұл үдерістің нәтижелілігін күшейтеді. Сондықтан кәсіби бағдар беру жұмыстары мектептің стратегиялық даму жоспарының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы қажет. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыс оқушылардың болашақта қоғамға пайдалы, өз ісінің маманы болуына негіз қалайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – Москва: Академия, 2010.
2. Пряжников Н.С. Профессиональное и личностное самоопределение. – Москва: МПСУ, 2016.
3. Super D.E. The Psychology of Careers. – New York: Harper & Row, 1990.
4. Holland J.L. Making Vocational Choices. – Odessa: Psychological Assessment Resources, 1997.
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020.

Шпекбаева Гульназ Арзанбековна
Тәрбиеші, педагог-сарапшы
"Жасұлан" бөбекжайы
Алматы облысы, Балқаш ауданы, Баканас ауылы



БАЛАБАҚШАДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылады. Баланың ерте жастағы дамуы оның тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер ететіні көрсетіліп, шығармашылық қабілеттерді қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері талданады. Сонымен қатар, балабақша жағдайында қолданылатын ойын, өнер, тіл дамыту және зерттеу әрекеттері арқылы баланың қиялы мен ойлауын дамыту жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: шығармашылық қабілет, мектепке дейінгі тәрбие, балабақша, қиял, ойын технологиясы, эстетикалық тәрбие, баланың дамуы, педагогикалық әдістер

Кіріспе

Қазіргі қоғамда шығармашыл, ойлау қабілеті жоғары, өзіндік пікірі бар тұлға тәрбиелеу – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Бұл міндеттің негізі мектепке дейінгі кезеңде қаланады. Балабақша – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы, мұнда ол қоршаған ортамен танысып, өз қабілеттерін дамыта бастайды. Сондықтан балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – тәрбиешінің маңызды міндеті.

Негізгі бөлім

Шығармашылық қабілет ұғымы және оның маңызы

Шығармашылық қабілет – баланың жаңа нәрсе ойлап табу, қиялдау, стандартты емес шешімдер қабылдау мүмкіндігі. Бұл қабілет баланың интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгі жаста шығармашылық:

қиялдың дамуына,
ойлау икемділігіне,
тіл байлығының артуына,
өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік береді.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары

Ойын арқылы дамыту

Ойын – мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын барысында бала еркін ойлап, өз қиялын жүзеге асырады.

Тиімді ойын түрлері:

рөлдік ойындар (дәрігер, мұғалім, сатушы),
сюжеттік ойындар,
дидактикалық ойындар.
Ойын арқылы бала:
өз ойын еркін жеткізеді,
жаңа идеялар ойлап табады,
әлеуметтік дағдыларды меңгереді.

Бейнелеу өнері арқылы дамыту

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру – баланың шығармашылық қабілетін дамытудың маңызды құралдары.

Артықшылықтары:
қиялды дамытады,
эстетикалық талғам қалыптастырады,
қол моторикасын жетілдіреді.
Мысалы:
еркін тақырыпта сурет салу,
табиғи материалдардан бұйым жасау,
түрлі түстермен тәжірибе жасау.

Музыка және театр әрекеті

Музыкалық және сахналық әрекеттер баланың эмоциялық әлемін байытады.

Тиімді әдістер:
ән айту,
би билеу,
ертегілерді сахналау.
Бұл әрекеттер:
өзіндік сенімділікті арттырады,
шығармашылық белсенділікті дамытады,
сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

Тіл дамыту жұмыстары

Баланың шығармашылық қабілеті тіл арқылы да дамиды.

Әдістер:
ертегі құрастыру,
сурет бойынша әңгіме айту,
сұрақ-жауап ойындары.
Бұл жұмыстар:
сөздік қорды байытады,
логикалық ойлауды дамытады,
қиялды кеңейтеді.

Зерттеу және тәжірибе жұмыстары

Қарапайым тәжірибелер мен бақылаулар баланың танымдық қызығушылығын арттырады.

Мысалы:
су мен құммен тәжірибе,
табиғатты бақылау,
қарапайым ғылыми ойындар.
Бұл әдіс:
себеп-салдар байланысын түсінуге көмектеседі,
баланың ізденімпаздығын арттырады.

Тәрбиешінің рөлі

Шығармашылық қабілетті дамытуда тәрбиешінің рөлі ерекше. Ол:
балаға еркіндік беруі,

қолдау көрсетуі,
қызықты орта ұйымдастыруы қажет.
Маңызды қағидалар:
баланың пікірін құрметтеу,
қателіктен қорықпауға үйрету,
шығармашылық бастамаларын қолдау.

Қорытынды

Балабақшадағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – олардың болашақтағы табысты тұлға болып қалыптасуының негізі. Ойын, өнер, тіл дамыту және зерттеу әрекеттері арқылы бала жан-жақты дамиды. Сондықтан тәрбие процесінде шығармашылық бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалиева С. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы, 2019.
2. Төлешова Ә. Балабақшадағы тәрбие жұмыстары. – Астана, 2020.
3. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – Москва, 2018.
4. Жұмабаева Ф. Мектепке дейінгі білім беру әдістемесі. – Алматы, 2021.
5. Давыдов В.В. Дамыта оқыту теориясы. – Москва, 2017.

Бакиева Гульвира Маратовна
Ағылшын тілі пәні мұғалімі
№22 жалпы білім беретін орта мектеп
Алматы облысы, Талғар ауданы, Қарабұлақ аулы

CLIL: ANXIETY

Unit 5		
Teacher:	**Bakieva Gulvira**	
Date:		
Grade: 10	**Number present:**	**Absent:**
Theme of the lesson	**CLIL: Anxiety**	
Learning objectives	10.3.5.1 - interact with peers to make hypotheses about a wide range of general and curricular topics ; 10.4.8.1 - use a wide range of familiar and unfamiliar paper and digital reference resources to check meaning and extend understanding;	
Lesson objectives	to define anxiety and identify its physical, emotional, and behavioral symptoms. discuss anxiety-related experiences and share coping techniques in a respectful and supportive way.	

Steps of the lesson

Stages of the lesson/time	Teacher activities	Student's activities	Evaluation	Resources
2 min	Greeting the pupils. In order to create friendly atmosphere in class	Greet the teacher.	**Comment**	**Life**
2min	How do you feel right now?	Answer for question	Best effort	orally
5 min	Body Check-In Say close your eyes Take a deep breath. Notice where you feel tension in your body.	To do this activity	Comment: good	Board

9 min	Ask where do you usually feel anxiety—stomach, chest, head, shoulders? Anxiety = worry + stress + fear about what might happen. Task 1 Read the text. To do task understanding Anxiety	Listen to T and remember the definition Read correct and translate it. Identify two signs of anxiety Alex and Ryan shows. List three ways A and R helped to stressed	Descriptor: To find the main idea on the text 3p	Work sheet
10 min	Task 2 Group work. Debate Divide class into For and Against teams.	Each student explains their position briefly.	Descriptor: expresses a clear opinion on the given topic and presents relevant arguments 3p	oral
10 min	Task 3 Writing Finish the story in 6–8 sentences. Write a letter to a friend who feels anxious before an exam.	follows the given context and stays on topic Write a friendly message to support and encourage your friend.	Descriptor: uses appropriate vocabulary related to emotions and anxiety 2p	paper
2 min **2 min**	Reflection: What new knowledge have you got today? Did you manage to show support and understanding of anxiety? How? Evaluation	Answer the questions To assess students	Comment Well done 1-10	Card Descriptor card
1 min.	Home task: to make poster about topic	To present to the class		

Керимбекова Айман Богенбаевна
Мектеп директоры
"Бақдәулет бастауыш мектебі" ЖШС
Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қасымбек Датқа ауылы



LESSON STUDY АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудағы Lesson Study тәсілінің тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында оқыту үдерісін бірлесіп жоспарлау, бақылау және талдау арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру жолдары айқындалады. Lesson Study әдісінің білім сапасын арттырудағы рөлі мен оның практикалық маңызы сипатталады.

Түйін сөздер: Lesson Study, функционалдық сауаттылық, бастауыш білім, оқыту әдістері, зерттеу сабағы, педагогикалық тәжірибе.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың тек теориялық білімді меңгеруімен шектелмей, сол білімді өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алу қабілетін қалыптастыру. Бұл талап білім мазмұнының жаңаруымен, жаһандану үдерістерімен және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуымен тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, функционалдық сауаттылық ұғымы білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының біріне айналып отыр. Функционалдық сауаттылық – оқушының алған білімін өмірде пайдалана білуі, түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауы, ақпаратты саралап, талдап, оны тиімді қолдана алуы арқылы сипатталады.

Бастауыш сынып – тұлғаның танымдық, интеллектуалдық және әлеуметтік дағдылары қалыптасатын маңызды кезең. Дәл осы кезеңде оқушының оқу, жазу, есептеу дағдыларымен қатар, сыни ойлау, шығармашылық қабілет, коммуникативтік дағдылар негізі қаланады. Сондықтан бастауыш білім беру деңгейінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – білім сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Егер осы кезеңде оқушы алған білімін өмірмен байланыстыра алса, онда оның кейінгі оқу сатыларындағы жетістігі де жоғары болмақ.

Қазіргі таңда дәстүрлі оқыту әдістері оқушылардың қажетті дағдыларын толық қалыптастыруға жеткіліксіз екендігі байқалуда. Себебі мұндай әдістер көбіне дайын білімді меңгеруге бағытталып, оқушының белсенді әрекетін, дербес ойлауын, зерттеушілік қабілетін дамытуға толық мүмкіндік бермейді. Ал бүгінгі білім беру жүйесі оқушының белсенділігін арттыруды, өздігінен білім алуға үйретуді, өмірлік мәселелерді шеше алатын құзыретті тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Lesson Study барысында мұғалімдер сабақты бірлесе жоспарлап, оны өткізіп, оқушылардың оқу әрекеттерін бақылай отырып, талдау жүргізеді. Мұндай жүйелі жұмыс оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың білімді саналы меңгеруіне және оны өмірде қолдана алуына ықпал етеді.

Lesson Study тәсілінің ерекшелігі – оның оқушыға бағытталуында. Яғни, бұл әдіс арқылы мұғалімдер тек сабақты емес, нақты оқушылардың оқу үдерісін, олардың ойлау ерекшеліктерін, қиындықтарын жан-жақты зерттейді. Соның нәтижесінде оқу тапсырмалары жетілдіріліп, оқыту әдістері тиімдірек ұйымдастырылады.

Әдістеме

Зерттеу жұмысы бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда Lesson Study тәсілін қолдануға негізделді. Зерттеу барысында Lesson Study циклдік үдерісі жүйелі түрде ұйымдастырылып, оқыту сапасын арттыруға бағытталған нақты әдіс-тәсілдер қолданылды.

Lesson Study үдерісі үш негізгі кезең бойынша жүргізілді: жоспарлау, өткізу және талдау. Әр кезеңде мұғалімдердің бірлескен әрекеті басты назарда болды.

Алғашқы кезеңде мұғалімдер тобы зерттеу тақырыбын нақтылап, оқу мақсаттарын анықтады. Негізгі мақсат – оқушылардың алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілетін дамыту болды. Осыған сәйкес тапсырмалар функционалдық бағытта құрылды. Сабақ жоспары құрастырылғанда оқушылардың жас ерекшеліктері, танымдық деңгейі және оқу қажеттіліктері ескерілді.

Зерттеу барысында А, В, С деңгейіндегі үш оқушы таңдалып алынды. Бұл тәсіл әртүрлі деңгейдегі оқушылардың оқу әрекетін терең талдауға мүмкіндік берді. А деңгейіндегі оқушы – жоғары үлгерімді, В деңгейіндегі – орташа, С деңгейіндегі – төмен деңгейлі оқушы ретінде қарастырылды.

Сабақ барысында қолданылған негізгі әдістер мыналар болды: проблемалық оқыту, диалогтық оқыту және өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар. Мысалы, математика сабағында оқушыларға нақты өмірмен байланысты есептер берілді. Олар дүкендегі сатып алу, уақытты жоспарлау, қарапайым қаржылық есептеулер сияқты тапсырмаларды орындады.

Қазақ тілі сабақтарында мәтінмен жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың оқу сауаттылығы дамытылды. Оқушылар мәтінді талдап, негізгі ойды анықтап, өз пікірін білдіру тапсырмаларын орындады. Сонымен қатар топтық жұмыс ұйымдастырылып, оқушылар бір-бірімен пікір алмасу арқылы коммуникативтік дағдыларын жетілдірді.

Сабақ өткізу кезеңінде бақылаушы мұғалімдер оқушылардың әрекеттерін жүйелі түрде бақылап, арнайы бақылау парақтарына тіркеп отырды. Әсіресе, таңдалған үш оқушының тапсырманы орындау барысы, қиындықтары, белсенділігі назарға алынды. Бұл деректер кейінгі талдау кезеңінде маңызды рөл атқарды.

Сабақтан кейін мұғалімдер бірлескен талдау жүргізді. Талдау барысында оқушылардың оқу жетістіктері, тапсырмалардың тиімділігі, қолданылған әдістердің нәтижелілігі қарастырылды.

Lesson Study тәсілінің ерекшелігі – оның үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз етуінде. Әр цикл сайын сабақ жоспары қайта қаралып, толықтырылып отырды. Нәтижесінде оқыту үдерісі жүйелі түрде жақсарып, оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуына оң әсер етті.

Практикада қолдану

Lesson Study тәсілі бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында тәжірибеде жүйелі түрде қолданылды. Зерттеу жұмысы 3-сыныпта математика және қазақ тілі пәндері бойынша жүргізілді. Зерттеу кезеңінде үш Lesson Study циклі ұйымдастырылып, әр циклде сабақ жоспары жетілдіріліп отырды.

Алғашқы циклде математика пәнінен «Ақша. Құн. Есептеу» тақырыбы таңдалып алынды. Сабақтың мақсаты – оқушылардың ақшамен байланысты есептерді өмірлік жағдаяттарда қолдана алу дағдысын қалыптастыру болды. Сабақ барысында оқушыларға

«дүкендегі сатып алу» жағдайы ұсынылды. Әр оқушыға белгілі бір ақша көлемі беріліп, олардан қажетті заттарды таңдап, есеп жүргізу тапсырылды.

Сабақ барысында А деңгейіндегі оқушы тапсырманы жылдам әрі дұрыс орындап, өз шешімін дәлелдеп берді. В деңгейіндегі оқушы есептеу барысында қателіктер жібергенімен, мұғалімнің бағыттауы арқылы тапсырманы орындады. Ал С деңгейіндегі оқушыға тапсырманы түсіну қиындық туғызды, бірақ топтық жұмыс барысында ол басқа оқушылардың көмегімен есепті орындауға қатыса алды.

Екінші циклде қазақ тілі пәнінен «Мәтінмен жұмыс» тақырыбы бойынша сабақ өткізілді. Бұл сабақта оқушылардың оқу және коммуникативтік сауаттылығын дамытуға басымдық берілді. Оқушыларға күнделікті өмірмен байланысты мәтін ұсынылып, олар мәтіннің негізгі идеясын анықтау, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру және өз пікірін білдіру тапсырмаларын орындады.

Сабақ барысында диалогтық оқыту әдісі тиімді қолданылды. Оқушылар жұптық және топтық жұмыстар арқылы өз ойларын ортаға салып, бір-бірінің пікірін тыңдауға үйренді. А деңгейіндегі оқушы өз ойын еркін жеткізіп, дәлелдер келтірсе, В деңгейіндегі оқушы қысқа жауаптармен шектелді. С деңгейіндегі оқушы бастапқыда белсенділік танытпағанымен, мұғалімнің қолдауы нәтижесінде қарапайым пікір білдіруге мүмкіндік алды.

Үшінші циклде алдыңғы сабақтарда анықталған қиындықтарды ескере отырып, тапсырмалар жетілдірілді. Әсіресе С деңгейіндегі оқушыларға арналған қолдау күшейтілді: тапсырмалар жеңілдетіліп, қосымша нұсқаулықтар берілді.

Нәтижесінде оқушылардың оқу белсенділігі артты, тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығы күшейді. Оқушылар өз білімдерін тек жаттап қана қоймай, оны практикада қолдана бастады. Мысалы, математика сабағында оқушылар өз бетінше есеп құрастырып, оны шешуге талпынды. Қазақ тілі сабағында өз ойын еркін жеткізу дағдылары қалыптаса бастады.

Зерттеу нәтижелері Lesson Study тәсілінің тиімділігін көрсетті. Атап айтқанда:

– оқушылардың функционалдық сауаттылығы артты.
– топтық жұмыс дағдылары қалыптасты.
– өз ойын дәлелдеу және пікір білдіру қабілеті дамыды.
– мұғалімдердің сабақ жоспарлау және талдау дағдылары жетілді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Lesson Study тәсілін бастауыш сыныпта қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолы екендігі тәжірибе барысында дәлелденді. Бұл тәсіл оқыту үдерісін бірлесіп жоспарлау, бақылау және талдау арқылы мұғалімдердің кәсіби дамуына ықпал етіп, сабақ сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Lesson Study негізінде ұйымдастырылған сабақтарда оқушылардың оқу белсенділігі артып, алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдылары қалыптаса бастайды. Әсіресе, тапсырмалардың өмірмен байланыстылығы, топтық жұмыс және диалогтық оқыту әдістері оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға оң әсер етті.

Lesson Study үдерісі мұғалімдерге оқушылардың оқу әрекетін терең түсінуге, олардың қиындықтарын анықтауға және оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім беру сапасының артуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2019.
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016.
3. Сәрсенбаева Г.Қ. Бастауыш сыныпта функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: Білім, 2018.
4. Қараев Ж.А. Деңгейлеп оқыту технологиясы. – Алматы, 2014.

Жетписбаева Айгуль Абдинабиевна
Бастауыш сынып мұғалімі
№4 Ю. Гагарин атындағы жалпы білім беретін мектеп
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы



БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып білім алушыларын жасанды интеллект технологиясы арқылы дамыту әдістемесі қарастырылады. Жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісінде қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, жеке білім алу траекториясын қалыптастыруға және функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында жасанды интеллект негізіндегі тапсырмаларды қолданудың тиімді әдіс-тәсілдері сипатталып, олардың оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және цифрлық сауаттылығын дамытудағы рөлі талданады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, бастауыш сынып, цифрлық білім беру, функционалдық сауаттылық, танымдық белсенділік, инновациялық технология.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесі цифрландыру үдерісімен тығыз байланысты дамуда. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру саласына қарқынды енгізіліп, оқыту мазмұны мен әдістерін жаңартуға ықпал етуде. Бүгінгі күні оқушыдан тек білімді меңгеру емес, оны тиімді пайдалану, ақпаратты талдау және жаңа білім құрастыру қабілеттері талап етіледі.

Бастауыш сынып – тұлғаның танымдық, зияткерлік және шығармашылық қабілеттері қалыптасатын маңызды кезең. Сондықтан осы кезеңде заманауи технологияларды, оның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану ерекше маңызға ие.

Жасанды интеллект негізіндегі білім беру құралдары оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, сараланған оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – бастауыш сыныпта жасанды интеллект технологиясын қолдану арқылы білім алушылардың танымдық және функционалдық қабілеттерін дамыту әдістемесін ұсыну. Міндеттері: ЖИ қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау, әдіс-тәсілдерін сипаттау және тәжірибелік тиімділігін көрсету.

Әдістеме

Жасанды интеллект технологияларын қолдану оқыту үдерісін жаңғыртуға бағытталған заманауи әдістемелік жүйені талап етеді. Бұл зерттеуде ЖИ құралдарын қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу әрекетін жекелендіруге және функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған әдістер кешені пайдаланылды. Жасанды

интеллект негізіндегі оқыту дәстүрлі білім беру тәсілдерін толықтырып, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Қолданылған әдістер қатарында цифрлық платформалар арқылы оқыту, интерактивті тапсырмалар, дербестендірілген (персонализацияланған) оқыту, зерттеушілік және жобалық әдіс, сондай-ақ ойын технологиялары қамтылды. Цифрлық платформалар оқушыларға оқу материалдарын ыңғайлы форматта ұсынуға мүмкіндік берсе, интерактивті тапсырмалар олардың қызығушылығын арттырып, оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Дербестендірілген оқыту әр оқушының білім деңгейіне, оқу қарқынына және қабілетіне сәйкес тапсырмалар беруге жағдай жасайды.

Зерттеушілік және жобалық әдістер арқылы оқушылар өз бетінше ізденіп, ақпаратты талдауға, қорытынды жасауға дағдыланды. Ал ойын технологиялары оқу үдерісін жеңілдетіп, мотивацияны арттыруға ықпал етті.

Жасанды интеллектті қолданудың негізгі бағыттары ретінде оқушыларға жеке тапсырмалар беру, автоматты кері байланыс ұйымдастыру, оқу материалдарын бейімдеу және интерактивті жаттығулар жүргізу қарастырылды. Мысалы, ЖИ құралдары арқылы әр оқушының деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынылып, олардың орындау нәтижелері автоматты түрде талданып, қателер бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Әдістеменің негізгі принциптері ретінде қолжетімділік, даралау, белсенділік, жүйелілік және қауіпсіздік алынды. Қолжетімділік принципі барлық оқушыларға бірдей мүмкіндік беруді көздесе, даралау әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталған. Белсенділік оқушының оқу үдерісіне қатысуын арттырса, жүйелілік тапсырмаларды кезең-кезеңімен ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, ЖИ құралдары педагогтың жетекшілігімен және бақылауымен қолданылды. Мұғалімнің бағыттаушы рөлі маңызды болып, ол оқу үдерісін ұйымдастырушы және кеңесші қызметін атқарды.

Практикада қолдану

Жасанды интеллект технологиялары бастауыш сынып сабақтарында жүйелі және мақсатты түрде қолданылды. Сабақ барысында интерактивті платформалар, цифрлық жаттығулар және ЖИ негізіндегі тапсырмалар кешені пайдаланылды. Мысалы, математика сабақтарында ЖИ арқылы есептерді автоматты тексеру жүзеге асырылып, оқушылар бірден кері байланыс алды. Қазақ тілі сабақтарында мәтін құрастыруға арналған ЖИ көмекшілер қолданылып, оқушылардың тілдік дағдылары дамытылды. Логикалық тапсырмалар орындау барысында оқушылар түрлі шешім жолдарын іздеп, өз ойларын дәлелдеуге үйренді.

Сабақ барысында топтық, жұптық және жеке жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылар ЖИ құралдарын пайдалана отырып тапсырмаларды орындады. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, бірлескен жұмыс жасау қабілетін қалыптастырды.

Практика нәтижесінде оқушылардың цифрлық сауаттылығы артқаны байқалды. Олар ақпаратпен жұмыс істеу, цифрлық құралдарды тиімді пайдалану және өздігінен білім алу дағдыларын меңгерді. Пәнге деген қызығушылығы күшейіп, сабаққа қатысу белсенділігі артты. Дегенмен, тәжірибе барысында кейбір қиындықтар да кездесті. Атап айтқанда, техникалық құралдардың жеткіліксіздігі, интернет жылдамдығының төмендігі және уақытты тиімді жоспарлау мәселелері байқалды. Осыған байланысты мұғалім тарапынан алдын ала дайындық жүргізу, сабақ құрылымын дұрыс жоспарлау және ЖИ құралдарын орынды пайдалану қажеттілігі анықталды.

Ұсыныстар

Жасанды интеллект технологиясын тиімді қолдану үшін:

– мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін арттыру.

– тапсырмаларды оқушылар деңгейіне сай бейімдеу.

– қауіпсіздік талаптарын сақтау.

– ЖИ-ды тек көмекші құрал ретінде пайдалану ұсынылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жасанды интеллект технологияларын бастауыш сыныпта қолдану оқушылардың танымдық және функционалдық қабілеттерін дамытудың тиімді құралы екені анықталды. Бұл технологиялар оқу үдерісін жаңғыртып қана қоймай, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге, оқытуды дараландыруға және оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект негізіндегі тапсырмалар оқушылардың ақпаратты қабылдау, талдау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын жүйелі түрде дамытуға ықпал етеді.

ЖИ құралдарын жүйелі және педагогикалық тұрғыдан дұрыс қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, пәнге деген қызығушылығын тұрақты қалыптастырады. Сонымен қатар, олардың шығармашылық, сыни және логикалық ойлау қабілеттері дамып, өздігінен білім алу дағдылары қалыптасады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне, цифрлық сауаттылығына және оқу үдерісін дұрыс ұйымдастыруына тікелей байланысты. Сондықтан педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру, заманауи технологияларды меңгеру және оларды оқу үдерісінде тиімді қолдану маңызды болып табылады.

Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру және технологияны педагогикалық мақсатқа сай қолдану қажет. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жетілдіру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Білім беру бағдарламасы және тәжірибесі. – Астана, 2021.
2. Выготский Л.С. Педагогикалық психология. – Москва: Педагогика, 1991.
3. Пиаже Ж. Баланың интеллектуалдық дамуы. – Алматы: Рауан, 2003.
4. OECD. *Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities*. – Paris: OECD Publishing, 2021.
5. UNESCO. *Artificial Intelligence in Education: Guidance for Policy-makers*. – Paris, 2019.
6. Қараев Ж.А. Деңгейлеп оқыту технологиясы. – Алматы, 2010.
7. Беспалько В.П. Педагогикалық технология негіздері. – Москва, 1989.
8. Luckin R. *Machine Learning and Human Intelligence*. – London: UCL Institute of Education, 2018.
9. Holmes W., Bialik M., Fadel C. *Artificial Intelligence in Education*. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019.

Көбеков Жасұлан Отызбаевич
Академик С.А.Джиенкулов атындағы Байқоңыр жоғары колледжінің арнайы пән оқытушысы
Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы



АВТОКӨЛІК – АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫ ЖЕТІСТІГІ

Автокөліктер – адамдарды және жүктерді тасымалдауға арналған, қозғалтқыштың көмегімен жүретін көлік құралдары. Олар қазіргі қоғамда маңызды рөл атқарады және экономиканың, туризмнің, сауданың дамуына үлкен үлес қосып келеді. Автокөліктің даму тарихын зерделер болсақ, бұл бірнеше ғасырды қамтиды және техника мен ғылымның дамуына тығыз байланысты. Автокөліктің алғашқы нұсқалары сонау XVIII ғасырда пайда болды. 1769 жылы француз инженері Николя Жозеф Кюньо бу күшімен жүретін алғашқы көлікті жасады. Бұл көлік әскери мақсатта артиллерияны тасымалдауға арналған еді. Бірақ оның жылдамдығы төмен, басқаруы қиын болды. XIX ғасырдың соңында автокөлік дамуы жаңа кезеңге өтті. 1886 жылы неміс инженері Карл Бенц бензинмен жүретін алғашқы автомобильді ойлап тапты. Бұл көлік қазіргі автокөліктердің бастамасы болды. Ал XX ғасырдың басында автокөлік өндірісі қарқынды дамыды. Американдық кәсіпкер Генри Форд конвейерлік өндірісті енгізді. 1908 жылы шығарылған Ford Model T халыққа қолжетімді алғашқы автокөлік болды. Бұл автокөліктің кең көлемде таралуына үлкен әсерін тигізді. XX ғасырдың ортасынан бастап автокөліктерде көптеген жаңалықтар пайда болды: Қауіпсіздік жүйелері (қауіпсіздік белдігі, ауа жастықтары), автоматты беріліс қорабы, электрондық басқару жүйелері, гибридті қозғалтқыштар.

Қазіргі кезде автокөлік өндірісі жаңа бағытта дамып келеді: Электрлі көліктер (мысалы, Tesla); Өздігінен жүретін (автопилот) көліктер; Экологиялық таза технологиялар. Автокөліктер қызметіне және құрылымына қарай бірнеше түрге бөлінеді: Жеңіл автокөліктер – адамдарды тасымалдауға арналған (седан, хэтчбек, кроссовер). Жүк автокөліктері – әртүрлі жүктерді тасымалдайды. Арнайы техникалар – өрт сөндіру, жедел жәрдем, коммуналдық қызмет көліктері. Қоғамдық көліктер – автобус, маршруттық такси.

Автокөліктер қозғалтқышына қарай да ерекшеленеді: Іштен жану қозғалтқышы (бензин, дизель). Электрлі автокөліктер – экологиялық таза, заманауи көлік түрі. Гибридті көліктер – бензин және электр энергиясын бірге пайдаланады. Автокөліктердің қоғамдағы рөлі өте зор екені анық. Атап айтар болсақ, адамдардың уақытын үнемдейді, қала мен ауыл арасын байланыстырады, сауда мен өндірістің дамуына ықпал етеді.

Автокөлік – адамзаттың ең маңызды техникалық жетістіктерінің бірі. Автокөлік қарапайым бу машинасынан бастап, бүгінгі жоғары технологиялық электрлі көліктерге дейін ұзақ даму жолынан өтті. Ол адамның өмірін жеңілдетіп, экономиканың маңызды бөлігіне айналды. Болашақта автокөліктер одан әрі ақылды, қауіпсіз және экологиялық таза болатыны сөзсіз.

Айткулова Гулзира Нурболовна
Академик С.А.Джиенкулов атындағы Байқоңыр жоғары колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы
Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы



ЕЛ АСТАНАСЫ – СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Тақырып	Ел астанасы – сәулет өнерінің жаңа тынысы.
Педагог	Айткулова Гулзира Нурболовна
Күні	
Курс, группа	1 курс, ТЭ-125
Оқыту нәтижелері	**Тілдік құзыреттілік:** Астана сәулетіне қатысты кәсіби терминдерді (футуризм, урбанистика, конструкция, хайтек) орынды қолдана алады. **Технологиялық құзыреттілік:** Жасанды интеллект платформаларын (Bing, ChatGPT, Gamma) пайдалана отырып, креативті жобалар жасай біледі. **Сыни ойлау:** Қазіргі сәулет өнерінің заманауи бағыттарын талдап, олардың техникалық және эстетикалық ерекшеліктерін дәлелдей алады.
Бағалау критерийі	**Мазмұны:** Астананың кемінде 3 бірегей ғимаратының сәулеттік стилін дұрыс сипаттайды. **ЖИ-мен жұмыс:** ЖИ-ге дұрыс промпт (сұраныс) жазып, мағыналы сурет немесе мәтін шығара алады. **Талдау:** Сәулет өнері мен техникалық шешімдердің (материал, пішін) байланысын түсіндіреді. **Белсенділік:** Топтық және жұптық жұмыстарда терминдерді қолдана отырып, өз ойын еркін жеткізеді.
Зерттеу сұрағы	«Астана сәулетіндегі жаңа тыныс — бұл тек сыртқы пішін бе, әлде болашақтың инженерлік және экологиялық технологияларының үйлесімі ме?»
Қажетті ресурстар	*Интерактивті тақта, ноутбуктер (немесе студенттердің смартфондары), Wi-Fi желісі. Астана ғимараттарының фото-слайдтары, техникалық терминдер сөздігі, деңгейлік тапсырмалар жазылған карточкалар.*

Сабақ барысы

Сабақ кезеңі	Ел іші – өнер кеніші. Шешендік өнер негіздері	**Білім алушының қызметі**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру кезеңі • Сәлемдесу, оқу құралдарын түгендеу • Сабақтың мақсаты: Астана қаласының заманауи сәулеттік бейнесін талқылау, студенттердің кәсіби тіл байлығын дамыту және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру. **Психологиялық ахуал**	ЖИ «ClassDojo» бағдарламасы арқылы *Оқытушымен амандасады. Сұрақтарға жауап беріп, сабақ*	Оқулық 10-сынып «Атамұра» баспасы 2019жыл

Сабақтың ортасы	• **«Менің астанам»:** Студенттер шеңберге тұрып, елордамызға байланысты бір жылы сөз айтады (мысалы: «Болашақ қаласы», «Жастар қаласы», «Мәртебелі қала»). • **Топқа бөлу:** Студенттерге Астана ғимараттарының суреттері жасырылған қима қағаздар беріледі. Кімге қай ғимарат түссе, сол топқа бірігеді (1-топ: «Пирамида», 2-топ: «Хан Шатыр», 3-топ: «Экспо»). II. **Үй жұмысын пысықтау: «Сұрақ-жауап дуэлі» (10 минут)** • Өткен тақырып бойынша студенттер бір-біріне «инженерлік» тұрғыдан сұрақтар қояды. • *Бағалау:* Дұрыс жауапқа «стикер» беріледі. III. **. Қызығушылықты ояту: «AI vs Real Architecture» (5 минут)** • Экранда екі сурет көрсетіледі: бірі — Астананың нақты ғимараты, екіншісі — ЖИ (Midjourney) салған «болашақ Астана» нұсқасы. • **Сұрақ:** Қайсысы шынайы, қайсысы ЖИ туындысы? Неге олай ойлайсыз? IV. **Жаңа сабақ: ЖИ көмегімен презентация (15 минут)** • **Gamma.app** немесе **Canva Magic Design** платформасында жасалған Астана сәулеті туралы интерактивті слайдтарды көрсету. • *Негізгі бөлім:* Астананың сәулетті ғимараттары туралы видео көрсету. Түсіндіру. **V. Негізгі бөлім: Топтық және Жұптық жұмыс** **1. Топтық жұмыс: «Қызықты дәптермен жұмыс»**	*тақырыбын болжайды. ЖИ жасаған суреттерді шынайы нысандармен салыстырады.* *Өткен тақырып бойынша өзара сұрақ-жауап (дуэль) ұйымдастырады.* *Видеороликті тамашалайды. Мәтіннен негізгі терминдерді тауып, мағынасын ашады.* *Ғимараттың техникалық сұлбасын (скетч) сызады. Инфографика толтырады немесе SWOT-талдау кестесін жасайды.* **Ауызша мадақтау арқылы бағалау** *Жарайсың! Тамаша! Керемет!*  	https://youtu.be/LZ6H3j1gwJw?si=FOOuKl6LdSNB2RA7  10-сынып ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ҚОРЖЫНЫНАН ЕСБОСЫН НАҒИША ҚОЖАҚ ҚЫЗЫ **Жасанды интеллект**

Сабақтың соңы	**. «Архитектуралық Скетчбук» (Шығармашылық сызба)** Студенттер дәптерлерін жай парақ емес, сәулетшінің жұмыс журналы ретінде қолданады. • **Тапсырма:** Дәптердің ортасына Астананың бір ғимаратының (мысалы, "Хан Шатыр" немесе "Пирамида") қарапайым **геометриялық нобайын** (сызбасын) жылдам салады. • **Жан-жағына (стрелкамен):** Сол ғимаратқа тән **5 техникалық терминді** жазады (мысалы: *металл конструкция, футуристік пішін, композициялық шешім, қасбет, ландшафт*). • **Мақсаты:** Сөз бен бейнені ұштастыру. **2. «Инфографика: Сандар сөйлейді» (Деректермен жұмыс)** Студенттер дәптер бетін екіге бөледі. • **Сол жағына:** Мәтіннен немесе ЖИ берген ақпараттан ғимаратқа қатысты **нақты сандарды** жазады (биіктігі, салынған жылы, ауданы). • **Оң жағына:** Осы сандардың астына сол ғимараттың «ерекше тынысын» сипаттайтын **эпитеттер мен теңеулерді** тізбектейді. • **Нәтиже:** Құрғақ цифр мен көркем тілдің синтезі жасалады. **3. «Проблемалық ағаш» немесе «Техникалық SWOT-талдау»** Бұл техникалық мамандық студенттері үшін өте өзекті. Дәптерге кесте сызады: **Ғимарат атауы** | **Күшті жағы (Артықшылығы)** | **Мүмкіндігі (Инновация)** **"Экспо - Нұр Әлем** | Шыны мен болаттың үйлесімі. | Күн энергиясын өндіру технологиясы.	 ***Бағалау*** *«Жапондық бағалау» әдісі бойынша үш топ бірін-бірі бағалайды. Осы бағалау арқылы келесі өзгелердің жауаптары мен келісетін тұстарын, толықтыруға қатысты өз көзқарастарын, өздерінің қоятын сұрақтарын жеткізеді.*   	**платформалары:** ChatGPT, Gemini немесе Claude. (Сабақ үстінде «AI vs Шешен» экспериментін жасау үшін) Смартфондар, **Quizizz** немесе **Kahoot** платформасы, QR-код парақшалары.

"Бәйтерек "	Елдің басты символы	Туристік тартымдылықты арттыру.

2. **6. Жұптық жұмыс: «Сұхбат» (10 минут)**

Бір студент – шетелдік инвестор, екіншісі – жергілікті гид-сәулетші. Мақсаты: Астананың бір ғимаратын таныстырып, оның техникалық ерекшелігін дәлелдеп шығу.

7. Сергіту сәті: «Архитектуралық дене шынықтыру» (3 минут)

Оқытушы ғимарат атын айтады, студенттер соған ұқсас пішінді денесімен көрсетеді:

- «Бәйтерек» (қолды жоғары созу), «Пирамида» (қолды үшбұрыш жасау), «Хан Шатыр» (сәл еңкею).
-

Ұжымдық жұмыс: «Ақылды қала» Интерактивті тақтада Астана картасы тұрады. Студенттер «Қалаға тағы не жетіспейді?» деген сұраққа жауап ретінде стикерлерге өз идеяларын (мысалы: ұшатын такси тұрағы, ақылды саябақтар) жазып жапсырады.

Жеке жұмыс қорытынды: «Quizizz» платформасында берілген мәтін бойынша тест тапсырмасын орындайды

11. Үйге тапсырма:

- «Астананың 7 кереметі» атты шағын презентация дайындау немесе «Қала құрылысы және экология» тақырыбына мақала жазу.

12. Кері байланыс: «3М» әдісі

Студенттер сабақта ұнаған **3 Мәліметті** және алдағы уақытта қолданатын **1 Мүмкіндікті** айтады. арқылы студент жауап бере

ЖИ арқылы

Нажмиден Гүлімжан Сунгатқызы, магистрант
Научный руководитель: к.б.н., ассоциированный профессор
Тлеукенова Салтанат Ушкемпировна
Карагандинский Национальный Исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова
г. Караганда



ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ РАЗЛИЧНЫХ ТИПОВ СУБСТРАТОВ НА МОРФОМЕТРИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ

Аннотация: В данной статье рассмотрены особенности выращивания микрозелени гороха (*Pisum sativum* L.) с использованием различных субстратов. В ходе работы оценивались морфометрические показатели микрозелени.

Ключевые слова: микрозелень, горох, субстрат, вермикулит,биогумус, перлит.

Микрозелень в настоящее время широко признается как ценный источник питательных веществ. Проростки растений активно применяются в кулинарии: их добавляют в салаты для улучшения текстуры и вкуса, а также используют в качестве приправы к готовым блюдам. Это обусловлено их насыщенным вкусом и ароматом, привлекательной цветовой палитрой и высоким питательным потенциалом. На рынке микрозелень все чаще позиционируется как «функциональный компонент» питания [1].

Важную роль в выращивании микрозелени играет субстрат -специальная смесь, состоящая из природных компонентов и их заменителей. К основным видам субстратов относятся: дерновая, листовая и хвойная земля, перегной, торф, песок, мох сфагнум, а также альтернативные материалы, такие как измельченная кокосовая кожура и волокна, кора хвойных деревьев, керамзит, вермикулит и перлит[2].

В данном исследовании в качестве объекта была выбрана микрозелень *Pisum sativum L.* (горох посевной), относящаяся к семейству Fabaceae (Бобовые)(рис.1). Представители этого семейства широко распространены и обладают высокой биологической и пищевой ценностью. Проростки гороха характеризуются хорошей всхожестью, быстрым ростом и содержат ряд витаминов (A, C, K) и минеральных веществ, что делает их перспективным объектом для исследований[3].




Рисунок 1. Микрозелень *Pisum sativum L.*

Целью работы являлось изучение динамики прорастания микрозелени *Pisum sativum L.* при выращивании на различных типах субстратов.Для достижения поставленной цели в исследовании были использованы шесть типов субстратов: почва (контрольный вариант), биогумус, перлит, льняной коврик, вермикулит и кокосовый субстрат. Выбор данных субстратов обусловлен их различными физико-химическими свойствами, способными оказывать влияние на рост и развитие растений(рис. 2).



Рисунок 2. Субстраты и выращенная на них микрозелень *Pisum sativum L.*

Анализ морфометрических показателей микрозелени *Pisum sativum L.* выявил значительное влияние типа субстрата на рост и развитие растений(табл. 1).Наибольшая длина побегов была зафиксирована в вермикулите -129,93 ± 11,37 мм, что на 15,26 мм превышает

показатели контрольной почвы. Наименьшая длина побега наблюдалась на льняном коврике - 86,38 ± 17,04 мм, что на 27,66 мм меньше контрольного варианта.

Таблица 1. Морфометрические показатели микрозелени *Pisum sativum L.*

Название субстрата	Длина проростка	Длина корня	Длина листа	Ширина листа	Масса
Почва (контрольный вариант)	114,04±5,60	103,67± 7,82	9,88± 2,51	0,74±0,04	0,96±0,04
Биогумус	92,08±13,92	116,22±8,24	9,65±1,32	0,71±0,06	0,82±0,05
Перлит	101,30±6,45	83,53±9,76	8,49±0,48	0,73±0,12	0,77±0,07
Льняной коврик	86,38±17,04	57,94±2,90	5,39±0,58	0,70±0,37	0,70±0,07
Вермикулит	129,93±11,37	103,84±10,29	13,17±1,70	0,96±0,13	0,83±0,05
Кокосовый субстрат	115,95±13,68	77,26±10,75	9,64±2,59	0,75±0,05	0,90±0,04

По длине корневой системы лидировал биогумус с показателем 116,22 ± 8,24 мм, что на 12,55 мм выше контроля. Наименьшие значения длины корня наблюдались на льняном коврике - 57,94 ± 2,90 мм, что на 45,73 мм ниже контрольного варианта.

Длина листовой пластинки была максимальной в вермикулите - 13,17 ± 1,70 мм, превышая показатели почвы на 3,29 мм. Наименьшие значения длины листа отмечены на льняном коврике - 5,39 ± 0,58 мм, что на 4,49 мм меньше контрольного субстрата.

Ширина листа также оказалась наибольшей в вермикулите - 0,96 ± 0,13 мм, что на 0,22 мм превышает контроль. Наименьшие показатели ширины листа были зафиксированы на льняном коврике -0,70 ± 0,37 мм, что на 0,04 мм меньше контрольного варианта.

Масса растений была максимальной на кокосовом субстрате -0,90 ± 0,04 г, однако контрольная почва показала чуть более высокий результат -0,96 ± 0,04 г. Наименьшая масса отмечена на льняном коврике -0,70 ± 0,07 г, что на 0,26 г ниже контрольного варианта.

Таким образом, при изучении микрозелени на различных типах субстратов установлено, что льняной коврик показал наихудшие результаты по большинству морфометрических показателей. Это связано с его низкой влагоудерживающей способностью и практически полным отсутствием питательных веществ, необходимых для роста растений.

Наилучшие результаты были получены при использовании вермикулита. Его эффективность обусловлена способностью удерживать влагу и наличием минеральных веществ, которые обеспечивают благоприятные условия для активного роста надземной части растений.

Список использованной литературы:

1. Стариков, С.И. Микрозелень как способ витаминизации жителей Сибири / С.И. Стариков, Ю.В. Спиридонова, Т.В. Шуфлетюк / Агробиоинженерия: материалы Всероссийской кон ференции-конкурса молодых исследователей. – Москва, 2021. – С. 115-120.

2. Шакина, Т.Н. Субстрат для контейнерного выращивания декоративных растений / Т.Н. Шакина, И.М. Кириллова // Научные труды Чебоксарского филиала Главного Ботаниче ского сада им. Н.В. Цицина РАН. – 2017. - № 9. – С. 190-193.

3. Иванова М.И. и др. Инновационная специфическая продукция: органические ростки (Micro greens) и сеянцы (Baby Leafs) // Овощи России. 2016. № 1. С. 29–33.

Алтынбекова Рабиға Бекмурзаевна
Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
«№60 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Шымкент қаласы



КӨП ЖЫЛДЫҚ ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМ ӘРЕКЕТІНІҢ МӘНІ

Мектеп табалдырығын жас маман болып аттағаным кеше ғана сияқты еді, бүгін міне, көп жылдық еңбек өтілі бар, саналы ғұмырын бастауыш сынып бүлдіршіндеріне арнаған зерттеуші педагог ретінде алдарыңызда тұрмын. Осы уақыт ішінде менің басты темірқазығым – ұлы Абайдың он тоғызыншы қара сөзі болды.

Абай атамыз 19-шы қара сөзінде: **«Адам баласы туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады»**, – дейді. Бұл жолдар бастауыш сынып мұғалімі үшін нағыз әдістемелік нұсқаулық.

Баланың «есті» болып қалыптасуы – оның қоршаған ортаны қалай қабылдауында. Менің жылдар бойғы **мұғалімдік әрекетім** осы қабылдауды дұрыс арнаға салуға бағытталды. Оқушы тек тыңдаушы емес, ол – сезінуші, зерттеуші. Егер мен сабағымда баланы тек тыңдауға мәжбүрлесем, Абай айтқан «көкірегі берік» шәкірт тәрбиелей алмас едім. Сондықтан әр сабағымда баланың «көріп, ұстап, ескеруіне» мүмкіндік беретін жаңашыл әдістерді (зерттеушілік оқыту, белсенді ойындар) қолдануды мақсат еттім.

«Зерттеуші педагог» мәртебесі маған жайдан-жай келген жоқ. Бұл – үздіксіз рефлексияның жемісі. Әр сабақтан кейін: «Мен бүгін баланың жанына нұр құя алдым ба? Оның танымын кеңейтетіндей қандай әрекет жасадым?» деген сұрақтарға жауап іздеймін. Рефлексивті есеп беру мен үшін құрғақ цифрлар емес, ол – **жасампаздыққа** ұмтылыс. 35 жыл бұрынғы оқушы мен бүгінгі «альфа» ұрпағының арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Сол себепті, менің мұғалімдік әрекетім де үнемі трансформацияланып отырады. Жаңашылдық – бұл тренд қуу емес, бұл – заман талабына сай баланың тілінде сөйлей білу. Біз білеміз білім берудегі ең басты құндылық – **адамгершілік**. Егер мұғалімнің әрекеті мейірім мен ізгілікке негізделмесе, ол берген білім «жансыз» дүниеге айналады. Менің мақсатым – математика мен ана тілін ғана үйрету ғана емес, сол білімді ел игілігіне жұмсайтын, жүрегі жылы адам тәрбиелеу.

Мұғалімнің әрекеті – оқушы үшін өмірлік үлгі. Біздің ұқыптылығымыз, сөйлеу мәдениетіміз, әр балаға деген құрметіміз – Абай айтқан «естілікке» баулудың төте жолы.

Менің мұғалімдік әрекетімнің тағы бір маңызды бағыты – оқушыларды кітаппен дос ету. Абай атамыз **«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт себеп бар...»** дей келе, соның бірі ретінде сол нәрсеге деген құмарлық пен ынтаны атайды. Осы мақсатта мен сыныбымда **«Оқуға**

құштар мектеп» жобасын жай ғана есеп үшін емес, баланың ішкі қажеттілігіне айналдыру үшін қолға алдым.

Біз оқушыларыммен кітапхана әлеміне жиі саяхат жасаймыз. Бірақ менің әдісім – жай ғана оқыту емес, оқығанды **санада бекіту:«Кім көп ертегі оқиды?» сайысы:** Бұл балалардың бәсекелестік қабілетін оятып, кітапқа деген қызығушылығын арттырады. **Ертегіні бейнелеу:** Оқушыларым оқыған ертегілерінің суретін салады. Бұл – Абай айтқан «көру» мен «ескерудің» ұштасуы. Сурет салу арқылы бала кейіпкердің ішкі әлемін сезінеді.**Сұрақ құрастыру шеберлігі:** Оқыған ертегісі бойынша бір-біріне сұрақ дайындау арқылы оқушының логикалық ойлауы мен мазмұндау дағдысын ғана емес, ақпаратты талдау қабілетін де дамытады әрі сыни ойлауларын да арттыра түседі. Сонымен қатар ертегілер арқылы жақсы мен жаманды ажыратуды үйрете отырып, бойларына адамгершілік құндылықтарды егемін.

Бұл әрекеттердің барлығы – баланың «көкірегін байлаулы берік» етудің, яғни алған ақпаратты білімге айналдырудың төте жолы. Көп жылдық тәжірибеме сүйеніп айтсам, кітап оқыған баланың сөздік қоры ғана емес, оның әлемге деген көзқарасы да өзгеше, адамгершілік болмысы да биік болады.

Әріптес, сенің әрекетің қандай? Көп жылдық белестен кейін мен мынадай байламға келдім: Мұғалімнің ең үлкен қателігі – өзгерістен қашуы және «бәрін білемін» деп тоқырауы.

Абай атамыз айтқандай, естілердің сөзін ескеріп, соған сай әрекет ету – біздің кәсіби парызымыз. Бүгінгі сабағыңызда оқушыңыздың көзінен от көре алмасаңыз, кінәні бағдарламадан емес, өз әрекетіңізден іздеп көрдіңіз бе? Біз жай ғана ақпарат беруші емеспіз, біз – адам жанының сәулетшісіміз.

Сіз бүгін шәкіртіңіздің «есті» болып өсуіне қандай үлес қостыңыз? Меніңше, әрқайсымыз күнделікті жұмысымызға осы тұрғыдан қарасақ, білім сапасы да, ұрпақ тәрбиесі де жаңа деңгейге көтерілері хақ.

Келешекке нық қадам басу үшін, өткенге есеп беріп, бүгінді өзгертуден жалықпайық!

Шадманова Амонгуль Абдумуратовна
Көркем еңбек пәні мұғалімі
Түркістан облысының білім басқармасының Мақтаарал ауданының білім бөлімінің
"М.Тұрсын-Заде атындағы №56 жалпы білім беретін мектеп" КММ

САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫ ОҚУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Әрбір тәжірибелі мұғалім мынадай ерекше сезімді біледі: сен сыныпқа энергияға толы болып кіресің, бірақ салғырттық қабырғасына тап боласың. Алдыңда отыз оқушы отыр және әрқайсысының қалтасында кез келген сұраққа лезде жауап беретін, ең қызықты роликті көрсететін немесе әлемнің кез келген нүктесімен байланыстыратын құрылғы бар. Осындай шындықта мұғалімнің тек ақпарат таратушы ретіндегі дәстүрлі рөлі біржола жойылды. Біз енді білім көлемі бойынша интернетпен бәсекелесе алмаймыз, бірақ біз оқушының назары мен қызығушылығы үшін бәсекелесуге тиіспіз. Қызығушылық — бұл сабаққа қосымша берілетін дүние емес, бұл білімді оқушының басында бақылау жұмысы аяқталғанға дейін ұстап тұратын жалғыз «желім». Онсыз біз тек ауаны тербетеміз. Бұл қызығушылықты ояту үшін сабаққа деректерді беру ретінде емес, жаңа тәжірибе жинақтау ретінде қарау керек.

Бәрі тақырыпты қалай ашатынымыздан басталады. Баланың миы, кез келген адамдікі сияқты, ресурстарды қатаң үнемдеу режимінде жұмыс істейді. Егер ол ақпараттан жаңалықты, қауіпті немесе пайданы көрмесе, оны елемейді. Сондықтан сабақтың стандартты басталуы көбіне оның сәтсіз аяқталуына әкеледі. Бұл қорғаныс жүйесін «бұзу» үшін адамның базалық

түйсіктеріне — әуесқойлық пен жұмбақ шешуге деген ұмтылысына әсер ететін тәсілдерді қолдану керек. Елестетіп көріңізші, мұғалім «Денелердің тығыздығы» тақырыбын жариялаудың орнына, үндеместен үстелге екі бірдей стақан мөлдір сұйықтық қойып, оған екі бірдей жұмыртқаны салады: бірінде ол батады, екіншісінде — қалқып шығады. Болды. Артық ештеңе айтудың қажеті жоқ. Сыныпта оқушылардың өздері тұжырымдаған сұрақ туындайды. Сұрақ мұғалім тарапынан таңылмай, оқушының ішінде туғанда, ми жауап іздеу режиміне көшеді. Бұл — нағыз оқудың басы. Біз ішінде жұмбақ зат жасырылған «қара жәшіктерді» қолдана аламыз немесе күнделікті тәжірибеге қайшы келетін парадоксалды фактілерден бастай аламыз. Мұндағы басты мақсат — зияткерлік тапшылықты тудыру, баланы өз әлемінің бейнесінде толтырылуы керек «бос орын» бар екенін сезіндіру.

Алайда ұшқынды жағу — істің жартысы ғана. Отты жанып тұруы үшін қолдау керек, осы жерде қызығушылықтың ең маңызды критерийі — өзектілік шығады. Қазіргі мектептің үлкен қасіреті — «Маған бұның не керегі бар?» деген сұрақ, оған оқушылар жылдар бойы нақты жауап ала алмайды. Біз оларды көбіне жарты ғасыр бұрынғы «консервіленген» біліммен қоректендіреміз. Тақырып жандануы үшін ол баланың дәл қазіргі өміріне қатысты болуы керек. Егер бұл математика болса, ол танымал бейнеойындағы ұшу траекториясын есептеу немесе бір селфидің қанша жады алатынын талдау болсын. Егер бұл биология болса, дерексіз инфузориялар туралы емес, энергетикалық сусыннан кейін неге ұйқы келетіні және ішектегі бактериялардың көңіл-күйімізге қалай әсер ететіні туралы сөйлесейік. Мұғалім академиялық тілден шынайы өмір тіліне аударушы рөлін атқаруы керек. Оқушы дәптердегі формула — оның өз денесін, смартфонын немесе болашақ табысын түсінудің кілті екенін сезінгенде, оның жұмысқа араласу деңгейі түбегейлі өзгереді. Қызығушылық мән бар жерде өмір сүреді.

Тағы бір қуатты тетік — белсенділік пен авторлық құқық. Адам табиғатынан — қабылдаушы емес, жасаушы. Оқушы қырық минут бойы қозғалмай отырып тек тыңдауға мәжбүр болғанда, ол енжар көрерменге айналады, ал көрерменге шоу ұнамаса, ол әрқашан «каналды ауыстырып» жібере алады. Қызығушылық оқушы сабақтың тең авторына айналғанда гүлдейді. Дайын қорытындыларды айтқанша, балалар сол қорытындыларға өздері келетін жағдай жасау керек. Олар даулассын, ессіз гипотезалар ұсынсын, парта үстінде кішігірім эксперименттер жасасын. Бұл процестегі қателік жазалаудың себебі емес, зерттеудің құнды құралына айналуы тиіс. Сыныпта қателесу — шындыққа қадам басу дегенді білдіретін қауіпсіз атмосфера құрылғанда, балалар тәуекелге барып, идеялар ұсына бастайды. Біз топтық жұмыс әдістерін немесе сынып ғылыми зертханаға, детективтік агенттікке айналатын ойын механикасын қолдана аламыз.

тұлғасы мен оның эмоционалды беруі ерекше орын алады. Эмоциялар — бұл жады үшін отын. Біз құрғақ фактілерді есте сақтамаймыз, біз бізді таңғалдырған, күлдірген немесе ашуландырған нәрсені есте сақтаймыз. Егер мұғалім өз пәніне ғашық болса, ол физика заңдары туралы адамзат тарихындағы ең үлкен детектив ретінде айтса, бұл құштарлық балаларға сөзсіз беріледі. Шынайылықты қолдан жасау мүмкін емес. Мұғалім өз күмәнімен бөліскенде, осы тақырыпта өзін не таңғалдырғанын айтқанда немесе бір нәрсені ұзақ уақыт түсіне алмағанын мойындағанда, ол оқушыларға жақындай түседі. Сонымен қатар, балаларға таңдау құқығын беру маңызды. Бостандық — бұл ең күшті стимул. Оқушы тапсырманың қиындық деңгейін, үй жұмысының форматын (эссе жазу немесе видеоролик түсіру) өзі таңдай алса, ол жауапкершілікті өз мойнына алады. Ал біз жауапты болатын нәрсе бізге әрқашан қызықтырақ болады.

Қорытындылай келе, оқушылардың қызығушылығымен жұмыс істеу — бұл бір ғана мінсіз тәсілді табу емес. Бұл — ойлау рақатқа айналатын ортаны қалыптастыру. Бұл сабақ жоспарын кез келген уақытта өзгертуге дайын болу, егер сіз сыныптың қандай да бір детальға «ілініп» қалғанын және тереңірек білгісі келетінін көрсеңіз. Мұғалімнің міндеті — шелекті толтыру емес, сабақ аяқталған соң да сөнбейтін отты жағу.

Қалдарбекұлы Мухаммед
Математика пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
"Жаушықұм" мектеп-лицейі
Түркістан облысы Шардара ауданы Жаушықұм ауылы



МАТЕМАТИКАНЫ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУ – ОҚУШЫЛАРДЫҢ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аннотация. Бұл мақалада оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастырудың заманауи бағыттары өмірмен байланыс тұрғысынан жан-жақты қарастырылады. Автор математикалық білімнің тек теориялық мазмұнымен шектелмей, оны күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту қажеттілігін негіздейді. Зерттеу барысында математикалық сауаттылық ұғымының мәні, оның құрылымдық компоненттері, білім алушылардың функционалдық қабілеттерін жетілдірудегі рөлі айқындалады. Мақалада оқыту процесінде қолданылатын тиімді әдістер мен тәсілдер талданып, олардың практикалық маңызы ашылады. Нәтижесінде оқушылардың логикалық ойлауын дамыту, талдау жасау, шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: математикалық сауаттылық, функционалдық білім, өмірмен байланыс, логикалық ойлау, білім беру, құзыреттілік, оқыту әдістері, практикалық дағдылар.

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр, өйткені қоғамның қарқынды дамуы мен ақпараттық технологиялардың кең таралуы жеке тұлғаның тек білімді ғана емес, сол білімді нақты өмірлік жағдайларда тиімді қолдана алатын құзыретті болуын талап етеді. Математикалық сауаттылық ұғымы тек есеп шығару қабілетімен шектелмейді, ол адамның сандық ақпаратты түсінуі, талдауы, интерпретациялауы және оны шешім қабылдауда қолдануымен тығыз байланысты күрделі көпқырлы құбылыс болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі математика пәнін оқытуда басты назар оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастыруға бағытталуы тиіс. Мұндай бағыт оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өмірлік мәселелерді шешуге дайын болуын қамтамасыз етеді. Оқушылар күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдайларда математикалық білімдерін қолдануға дағдыланған кезде ғана олардың функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Мысалы, қарапайым тұрмыстық есептерден бастап, қаржылық сауаттылыққа қатысты мәселелерді шешуге дейінгі әрекеттердің барлығы математикалық ойлауды талап етеді. Осыған байланысты мұғалімнің міндеті – оқыту процесін өмірмен байланыстыра ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Бұл ретте білім мазмұнының өмірмен байланыстылығы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың білім сапасының жоғарылауына ықпал етеді. Сонымен бірге, мұндай тәсіл

оқушылардың өз бетінше ойлауына, шешім қабылдауына және жауапкершілік сезімінің қалыптасуына мүмкіндік береді.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру барысында оқыту мазмұнын өмірлік жағдайлармен байланыстыру маңызды педагогикалық шарттардың бірі болып саналады, өйткені оқушы үшін алынған білімнің маңыздылығы оның нақты өмірде қолданылу мүмкіндігімен өлшенеді. Егер оқушы математика сабағында үйренген білімін күнделікті өмірде пайдалана алмаса, онда ол білімнің құндылығы төмендейді. Осы себепті мұғалімдер оқу тапсырмаларын құрастыру кезінде өмірлік мазмұндағы есептерді кеңінен қолдануы қажет. Мұндай есептер оқушылардың логикалық ойлауын дамытып қана қоймай, олардың талдау жасау, салыстыру, қорытынды шығару дағдыларын жетілдіреді. Оқушылар нақты жағдайларға негізделген есептерді шешу барысында өз білімдерін қолданудың тиімді жолдарын іздейді, бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, өмірмен байланысты тапсырмалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқу процесін мазмұнды әрі тартымды етеді. Мұғалім оқу барысында тек дайын білімді беруші емес, оқушылардың ізденісіне бағыт беруші тұлға ретінде көрінеді. Осындай бағыттағы жұмыс оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім алушылар тек мектеп бағдарламасын меңгеріп қана қоймай, алған білімдерін өмірде қолдана алатын деңгейге жетеді. Бұл өз кезегінде олардың болашақта қоғамда өз орнын табуына ықпал етеді.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуда оқыту әдістері мен тәсілдерінің маңызы зор, себебі дұрыс таңдалған әдіс оқыту процесінің тиімділігін арттырады. Қазіргі педагогикада белсенді оқыту әдістеріне ерекше көңіл бөлінеді, өйткені олар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған. Мысалы, проблемалық оқыту әдісі оқушыларды ойлануға, мәселені өз бетінше шешуге жетелейді. Мұндай әдіс арқылы оқушылар тек дайын ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны талдап, жаңа білімді өздері құрастырады. Сонымен қатар, жобалық оқыту технологиясы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Жобалық жұмыстар барысында оқушылар нақты өмірлік мәселелерді зерттеп, оларды шешудің жолдарын ұсынады. Бұл олардың шығармашылық ойлауын дамытып, білімдерін практикада қолдануға үйретеді. Топтық жұмыс та математикалық сауаттылықты дамытуда тиімді әдістердің бірі болып табылады, себебі ол оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Оқушылар өз пікірлерін дәлелдеуге, басқалардың пікірін тыңдауға үйренеді. Бұл олардың коммуникативтік қабілеттерін дамытады. Мұндай әдістерді жүйелі түрде қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың тұлғалық дамуына да оң әсер етеді.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану да ерекше маңызға ие, себебі қазіргі заман оқушысы цифрлық ортада өмір сүреді және білім алады. Сандық ресурстарды тиімді пайдалану оқыту процесін жандандырып, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Мысалы, интерактивті платформалар арқылы ұсынылған тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың білімін тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, түрлі симуляциялар мен модельдер күрделі математикалық ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді. Оқушылар нақты өмірдегі процестерді модельдеу арқылы математиканың практикалық маңызын түсінеді. Бұл олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Мұғалім ақпараттық технологияларды қолдану арқылы әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмалар ұсына алады. Мұндай тәсіл оқушылардың білім деңгейіне сәйкес оқытуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде әрбір оқушы өз мүмкіндігіне қарай білім алып, дамиды. Бұл оқыту процесінің тиімділігін арттырады. Сонымен бірге, цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруда бағалау жүйесінің де рөлі ерекше, өйткені дұрыс ұйымдастырылған бағалау оқушылардың оқу жетістіктерін анықтап қана қоймай, олардың әрі қарай дамуына бағыт береді. Қалыптастырушы бағалау

оқушылардың оқу процесіндегі жетістіктерін үнемі бақылауға мүмкіндік береді. Мұғалім оқушылардың қателіктерін анықтап, оларға дер кезінде кері байланыс береді. Бұл оқушылардың өз қателіктерін түсініп, оларды түзетуіне көмектеседі. Сонымен қатар, критериалды бағалау жүйесі оқушылардың нақты қандай дағдыларды меңгергенін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай бағалау жүйесі оқушылардың әділ бағалануын қамтамасыз етеді. Оқушылар өз нәтижелерін нақты критерийлер арқылы бағалай отырып, өздерінің білім деңгейін анықтай алады. Бұл олардың өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастырады. Бағалау процесінде өмірмен байланысты тапсырмаларды қолдану оқушылардың білімін нақты жағдайда тексеруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде бағалау тек білімді тексеру құралы ғана емес, оқыту процесінің ажырамас бөлігіне айналады.

Қорытындылай келе, оқушылардың математикалық сауаттылығын өмірмен байланыстыра отырып қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады, өйткені бұл бағыт білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, олардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Математикалық білімнің практикалық маңызын түсіну оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың оқу мотивациясын күшейтеді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен шығармашылығы осы процесте шешуші рөл атқарады. Оқыту әдістерін дұрыс таңдау, өмірлік мазмұндағы тапсырмаларды тиімді пайдалану, ақпараттық технологияларды қолдану – осының барлығы оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуға бағытталған маңызды факторлар болып табылады. Білім беру процесінде оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету олардың білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушылар алған білімдерін өмірде қолдана алатын, сыни ойлайтын, өз бетінше шешім қабылдай алатын тұлға ретінде қалыптасады. Бұл қазіргі қоғам талаптарына сай келетін бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің негізі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ыбыраев, С. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру: математикалық аспект. Алматы: «Ұлағат» баспасы. 2020

2. Әлімов, А.Қ. «Математика сабағында өмірлік жағдаяттарды қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру». Қазақстан мектебі, №5, 2018. 12-17 бб.

3. Ковалева, Г.С., Красновский, Э.А. Формирование математической грамотности школьников в контексте международных исследований PISA. Москва: Просвещение. 2019.

Шаяхметов Диас Маргуланович[1], 8 А сынып оқушысы
[1]"Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының "Қарағанды қаласындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі" филиалы
Рахымбаева Айгуль Жупаровна[2], математика пәні мұғалімі
[2]Астана қаласы әкімдігінің «№104 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Мақалада математика сабағында жасанды интеллект технологияларын тиімді қолданудың теориялық және практикалық негіздері жан-жақты қарастырылады. Қазіргі білім беру кеңістігінің цифрлық трансформация жағдайында мұғалімнің кәсіби қызметінде жасанды интеллекттің рөлі ерекше мәнге ие болып отыр, себебі ол оқыту үдерісін дараландыруға, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға және оқу нәтижелерін сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында жасанды интеллект құралдарының математикалық білім берудегі мүмкіндіктері, оларды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері, педагогтің цифрлық құзыреттілігіне қойылатын талаптар және оқу процесін ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдер сараланады. Сонымен қатар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, проблемалық жағдайларды шешу дағдыларын қалыптастыру, дербес білім алу траекториясын құру сияқты маңызды аспектілер қамтылады. Мақалада ұсынылған тұжырымдар мен әдістемелік ұсыныстар математика пәні мұғалімдеріне заманауи білім беру талаптарына сәйкес тиімді оқыту ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, математика сабағы, цифрлық білім беру, оқыту технологиялары, дербестендіру, аналитикалық ойлау, педагогикалық инновациялар, білім сапасы, алгоритмдік ойлау, цифрлық құзыреттілік.

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесінің дамуы цифрлық технологиялармен тығыз байланыста өрістеп отырғаны белгілі, осы тұрғыдан алғанда жасанды интеллект ұғымы тек техникалық жаңалық ретінде ғана емес, педагогикалық құрал ретінде де ерекше маңызға ие болып отыр. Математика пәні өзінің табиғаты бойынша логикалық ойлауды, дәлелдеуді, талдауды талап ететін ғылым болғандықтан, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану арқылы бұл пәнді оқыту жаңа сапалық деңгейге көтерілуі ықтимал. Жасанды интеллекттің көмегімен оқыту мазмұнын бейімдеу, тапсырмаларды автоматты түрде күрделендіру немесе жеңілдету, оқушының білім деңгейін нақты талдау сияқты мүмкіндіктер жүзеге асырылады. Мұндай тәсілдер дәстүрлі оқыту формаларынан ерекшеленіп, оқушының жеке қабілеттерін ескеруге бағытталады. Нәтижесінде әрбір білім алушы өз қарқынымен білім игеруге мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде оқытудағы теңсіздікті азайтуға ықпал етеді. Сонымен бірге мұғалімнің уақытын үнемдеуге жағдай жасалады, себебі көптеген тексеру және бағалау процестері автоматтандырылады. Осының барлығы математиканы оқытудағы сапалық өзгерістердің негізін қалайды. Жасанды интеллекттің енгізілуі білім беру мазмұнын жаңғырту қажеттілігін де алға тартады. Сондықтан қазіргі мұғалім тек пәндік біліммен шектелмей, цифрлық технологияларды тиімді қолдана алатын маман болуы тиіс.

Математика сабағында жасанды интеллектті қолданудың маңызды бағыттарының бірі оқыту процесін дербестендіру болып табылады, себебі әр оқушының қабылдау деңгейі, қызығушылығы және танымдық мүмкіндіктері әртүрлі болады. Жасанды интеллект жүйелері оқушының жауаптарын талдай отырып, оның әлсіз және күшті жақтарын анықтай алады. Осы деректер негізінде жеке оқу траекториясы құрылады. Мұндай тәсіл оқушының оқу мотивациясын арттырады. Оқушы өзіне қолжетімді деңгейдегі тапсырмаларды орындау арқылы біртіндеп күрделі материалдарға көшеді. Бұл үрдіс білімді терең әрі саналы меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге қателіктермен жұмыс істеу тиімді ұйымдастырылады.

Жасанды интеллект оқушының жіберген қателіктерін талдап, нақты түсіндірмелер береді. Мұндай кері байланыс жедел әрі нақты болады. Нәтижесінде оқушы өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастырады. Бұл қазіргі білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі болып саналады.

Жасанды интеллект технологияларын қолдану оқушылардың аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуда да ерекше рөл атқарады. Математика сабағында күрделі есептерді шешу барысында оқушы тек дайын алгоритмдерді қолданумен шектелмей, мәселені әртүрлі тәсілдермен талдауға үйренеді. Жасанды интеллект негізіндегі платформалар бірнеше шешу жолдарын ұсына алады. Бұл оқушыға салыстыру жүргізуге мүмкіндік береді. Ол қай әдістің тиімді екенін анықтайды. Мұндай тәжірибе оқушының логикалық ойлауын дамытады. Сонымен бірге шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Оқушы дайын ақпаратты қабылдаушы емес, білімді өз бетімен құрастырушы тұлғаға айналады. Бұл қазіргі конструктивистік оқыту теориясының талаптарына сәйкес келеді. Жасанды интеллект құралдары арқылы күрделі математикалық модельдерді визуализациялау мүмкіндігі де артады. Бұл абстрактілі ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді. Нәтижесінде білім сапасы жоғарылайды.

Математика сабағында жасанды интеллектті тиімді қолдану мұғалімнің кәсіби құзыреттілігімен тікелей байланысты, өйткені кез келген технология оның дұрыс қолданылуына тәуелді. Мұғалім жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін терең түсінуі қажет. Ол тек дайын құралдарды қолданушы емес, оларды педагогикалық мақсатқа бейімдеуші болуы тиіс. Бұл үшін мұғалім цифрлық сауаттылықпен қатар, әдістемелік икемділікке ие болуы керек. Оқыту процесінде жасанды интеллектті енгізу мұғалімнің рөлін өзгертеді. Ол ақпарат жеткізушіден бағыттаушыға айналады. Мұғалім оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастырады. Сонымен бірге олардың дербес жұмысын қолдайды. Жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану үшін мұғалім үздіксіз кәсіби дамумен айналысуы қажет. Бұл жаңа технологияларды меңгеруді қамтиды. Сонымен қатар педагогикалық тәжірибені жаңғырту маңызды. Мұндай өзгерістер білім беру жүйесінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жасанды интеллектті қолдану негізінде қалыптасатын бағалау жүйесінің тағы бір терең қыры білім алушылардың оқу әрекетін тек нәтижелік тұрғыдан ғана емес, процестік динамика тұрғысынан да кешенді сараптауға мүмкіндік беретіндігінде жатыр, өйткені дәстүрлі бағалау көбіне соңғы нәтижеге басымдық беріп, білім игеру барысындағы когнитивтік өзгерістерді толық қамти алмайды. Жасанды интеллект алгоритмдері оқушының тапсырманы орындау уақыты, қате жіберу жиілігі, жауап беру стратегиясы сияқты көптеген жасырын параметрлерді талдау арқылы оның ойлау стилін анықтауға жағдай жасайды, бұл өз кезегінде білім алушының танымдық портретін қалыптастыруға негіз болады. Осындай көпқабатты аналитика мұғалімге тек баға қоюмен шектелмей, оқушының даму траекториясын болжауға мүмкіндік береді, себебі жүйе бұрынғы деректерге сүйене отырып ықтимал нәтижелерді модельдей алады. Нәтижесінде бағалау үдерісі диагностикалық сипатқа ие болып, оқушының алдағы оқу қадамдарын жоспарлауда стратегиялық құрал ретінде қызмет етеді. Мұндай жағдайда бағалау тек бақылау құралы емес, оқытуды басқарудың маңызды тетігіне айналады, өйткені алынған деректер негізінде оқыту мазмұны мен әдістері икемді түрде өзгертіледі. Жасанды интеллект арқылы жүзеге асырылатын адаптивті бағалау жүйелері әр оқушыға жеке тапсырмалар ұсынып, оның нақты деңгейіне сәйкес келетін күрделілік дәрежесін автоматты түрде анықтайды, бұл білім алудағы шамадан тыс жүктемені азайтуға ықпал етеді. Сонымен бірге білім алушының эмоционалдық күйін жанама көрсеткіштер арқылы талдау мүмкіндігі де қарастырылады, өйткені кейбір жүйелер жауап беру қарқыны мен тұрақтылығына қарай оқушының сенімділік деңгейін болжай алады. Мұндай деректер педагогқа психологиялық қолдау көрсету стратегиясын да таңдауға көмектеседі, бұл оқыту үдерісінің гуманистік сипатын күшейтеді. Бағалау нәтижелерін визуализациялау құралдары арқылы күрделі статистикалық ақпаратты түсінікті графиктер мен диаграммаларға айналдыру мүмкіндігі пайда болады, бұл мұғалімнің де, оқушының да оқу жетістіктерін айқын көруіне жағдай

жасайды. Осындай кешенді мүмкіндіктер жиынтығы білім беру сапасын арттыруға бағытталған шешімдерді ғылыми негізде қабылдауға жол ашады, өйткені әрбір педагогикалық әрекет нақты деректермен дәлелденеді.

Жасанды интеллектке негізделген бағалау жүйесінің тағы бір маңызды ерекшелігі оның ұзақ мерзімді білім беру нәтижелерін болжауға бағытталған прогностикалық әлеуетімен сипатталады, себебі жүйе тек ағымдағы үлгерімді ғана емес, уақыт өте келе қалыптасатын білім деңгейінің өзгерісін де есепке алады. Бұл мүмкіндік білім алушының болашақтағы академиялық жетістіктерін алдын ала анықтауға жағдай жасап, ерте кезеңде түзету шараларын енгізуге жол ашады. Мұндай тәсіл әсіресе математика сияқты кумулятивті білімді талап ететін пәндерде тиімді болып табылады, өйткені әрбір жаңа тақырып алдыңғы білімге сүйенеді және олқылықтардың дер кезінде анықталмауы кейінгі оқу үдерісіне кері әсер етеді. Жасанды интеллект жүйелері білімдегі олқылықтарды нақты тақырыптар деңгейінде анықтап, олардың себептерін талдауға мүмкіндік береді, бұл педагогикалық интервенцияның дәлдігін арттырады. Сонымен қатар мұндай жүйелер оқушының оқу стиліне бейімделе отырып, оған ең тиімді кері байланыс форматын ұсына алады, себебі кейбір оқушылар визуалды ақпаратты жақсы қабылдаса, енді біреулері мәтіндік түсіндірмелерді тиімді игереді. Бағалау нәтижелерін ұзақ мерзімді сақтау және салыстыру мүмкіндігі оқушының даму динамикасын толық бақылауға жағдай жасайды, бұл білім беру процесін жүйелі түрде жетілдіруге негіз болады. Мұғалім үшін бұл деректер кәсіби рефлексия жасауға мүмкіндік береді, өйткені ол өзінің қолданған әдістерінің тиімділігін нақты көрсеткіштер арқылы бағалай алады. Осындай талдау негізінде педагог өзінің оқыту стратегиясын қайта қарастырып, тиімді тәсілдерді іріктейді. Жасанды интеллекттің бұл мүмкіндіктері білім беру процесін деректерге негізделген басқару моделіне көшіруге ықпал етеді. Нәтижесінде бағалау жүйесі тек бақылау функциясын атқарып қана қоймай, білім беру сапасын үздіксіз арттырудың негізгі механизміне айналады.

Жасанды интеллект технологияларын енгізу барысында туындайтын қиындықтардың тағы бір маңызды қыры педагогтардың кәсіби сәйкестік дағдарысымен байланысты болып келеді, өйткені жаңа технологиялар олардың дәстүрлі рөлін қайта қарастыруды талап етеді және бұл өзгеріс әрдайым біркелкі қабылдана бермейді. Көптеген мұғалімдер өз тәжірибесінде қалыптасқан әдістерден бас тартуға психологиялық тұрғыдан дайын болмауы мүмкін, себебі бұл олардың кәсіби тұрақтылығына әсер ететін фактор ретінде қабылданады. Мұндай жағдайда жасанды интеллектті енгізу тек техникалық емес, мәдени-педагогикалық трансформация ретінде қарастырылуы тиіс, өйткені ол білім беру философиясының өзгеруін талап етеді. Сонымен бірге технологияны тиімді пайдалану үшін мұғалімдердің тек құралдарды меңгеруі жеткіліксіз, олар деректерді интерпретациялау, аналитикалық ойлау және цифрлық этика мәселелерінде де құзыретті болуы қажет. Бұл талаптар педагогикалық кадрларды даярлау жүйесіне жаңа міндеттер жүктейді, өйткені болашақ мұғалімдерге тек пәндік білім беру жеткіліксіз болып қалады. Жасанды интеллектпен жұмыс істеу барысында туындайтын этикалық мәселелер де назардан тыс қалмауы тиіс, себебі деректердің құпиялығы, алгоритмдердің әділдігі және шешімдердің ашықтығы маңызды мәнге ие. Оқушылардың жеке деректерін қорғау мәселесі де ерекше өзектілікке ие болады, өйткені кез келген ақпараттық жүйе белгілі бір тәуекелдермен байланысты. Мұндай жағдайда нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігі туындайды, себебі технологияның қарқынды дамуы заңнамалық реттеуді талап етеді. Сонымен бірге ата-аналардың да технологияға деген көзқарасы маңызды рөл атқарады, өйткені олардың сенімі білім беру процесінің табыстылығына әсер етеді. Осы факторлардың барлығы жасанды интеллектті енгізу процесінің көпқырлы және күрделі екенін көрсетеді.

Жасанды интеллектті енгізу барысында туындайтын қиындықтардың тағы бір терең аспектісі білім беру жүйесіндегі институционалдық теңсіздіктердің күшею қаупімен байланысты, өйткені технологиялық ресурстарға қолжетімділік барлық мектептерде бірдей деңгейде қамтамасыз етілмеген. Қалалық және ауылдық мектептер арасындағы айырмашылықтар цифрлық технологияларды енгізу кезінде айқын байқалады, бұл өз

кезегінде білім сапасындағы алшақтықты ұлғайтуы мүмкін. Мұндай жағдайда жасанды интеллект тек мүмкіндік емес, сонымен қатар тәуекел факторы ретінде де қарастырылуы тиіс, өйткені дұрыс басқарылмаған жағдайда ол әлеуметтік теңсіздікті тереңдетуі ықтимал. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жаңарту үлкен қаржылық шығындарды талап етеді, бұл әсіресе ресурстары шектеулі аймақтар үшін күрделі мәселе болып табылады. Сонымен бірге технологияларды енгізу тек құралдарды сатып алумен шектелмейді, оларды тиімді пайдалану үшін тұрақты техникалық қолдау мен қызмет көрсету жүйесі қажет. Бұл қосымша ұйымдастырушылық шығындарды талап етеді. Оқушылардың цифрлық сауаттылық деңгейі де әртүрлі болғандықтан, жаңа технологияларды меңгеру барысында қиындықтар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда арнайы оқыту бағдарламаларын енгізу қажеттілігі туындайды. Сонымен бірге білім беру мазмұнын цифрлық форматқа бейімдеу де уақыт пен ресурстарды талап етеді, өйткені барлық оқу материалдары жаңа форматқа сәйкес қайта өңделуі тиіс. Осы процестердің барлығы жүйелі жоспарлауды қажет етеді, өйткені стихиялық енгізу күтілетін нәтижеге жеткізбейді. Сондықтан жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу ұзақ мерзімді стратегияға негізделуі тиіс, ол барлық мүдделі тараптардың үйлесімді әрекетін талап етеді.

Жалпы алғанда жасанды интеллектті математика сабағында тиімді қолдану білім беру жүйесін сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеретін маңызды факторлардың бірі болып табылады, өйткені ол оқыту процесін дараландыруға, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мұндай технологияларды дұрыс пайдалану арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеті, шығармашылық белсенділігі және дербес білім алу дағдылары қалыптасады. Мұғалімнің кәсіби қызметі де жаңа мазмұнмен толығады. Ол заманауи талаптарға сай жаңаша жұмыс істеуге бейімделеді. Білім беру процесі икемді әрі тиімді сипатқа ие болады. Жасанды интеллекттің әлеуетін толық пайдалану үшін жүйелі жұмыс қажет. Бұл ғылыми зерттеулерді, әдістемелік ізденістерді және практикалық тәжірибені біріктіруді талап етеді. Осындай кешенді көзқарас қана білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сауалбаева Г.Б., Нұржанова С.А., Жампейісова Г.С. Математикалық білім берудегі жасанды интеллект: мүмкіндіктер мен кедергілер // *Қарағанды университетінің хабаршысы*. – 2025. – № 4. – Б. 45-58.

2. Сапаров М.Қ. Қазіргі білім беру кеңістігінде функционалдық сауаттылықты дамыту – уақыт талабы [Электрондық ресурс] // *Солтүстік Қазақстан облысының білім беру басқармасының сайты*. – 2026. – 28 қаңтар.

3. Holman K., Marino M., Vasquez T., Taub M., Hunt J., Tazi Y. Artificial Intelligence Interventions in Mathematics Education: A Systematic Literature Review // *Insights into Learning Disabilities*. – 2025. – Vol. 22, No 1. – P. 65-91.

Бабаева Чынар Дадебаевна[1], 6В02211-Тарих білім беру бағдарламасының 1 курс білімгері
Айтакова Салтанат Анарбековна[2], аға оқытушы, магистр
[1,2]М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қаласы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ МЕН БАТЫРЛАРЫ

Түйін. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты. Ұлы Отан соғысы кезінде еңбекші халық майданға көмектесудің жаңа жолдарын іздеп, жеңіске тез жетуді ойлағаны белгілі. Барша халықпен қатар Қазақстан әйелдері де жеңіс жолына жан тігіп, бар күшімен тылда еңбек етті.

С первых дней войны: «Всё для фронта, всё для победы!» Мужчины, которые пошли на войну с лозунгом «Вперед!» их заменили женщины, старики и дети. Трудящиеся отечества также играют значительную роль в разгроме врага. Они мужественно перенесли все тяготы войны и показали пример патриотизма. Известно, что в годы Великой Отечественной войны трудящиеся искали новые пути помощи фронту и скорейшего достижения победы. Казахстанские женщины, как и весь народ, посвятили свою жизнь делу победы и упорно трудились за кулисами.

From the first days of the war: "Everything for the front, everything for victory!" The men who went to war with the slogan "Forward!" were replaced by women, old people and children. The workers of the fatherland also play a significant role in the defeat of the enemy. They courageously endured all the hardships of the war and showed an example of patriotism. It is known that during the Great Patriotic War, workers sought new ways to help the front and achieve victory as quickly as possible. Kazakhstani women, like all the people, dedicated their lives to the cause of victory and worked hard behind the scenes.

Кілт сөздер. Республика, мәдениет,парламент, лагерь, ағартушылық, баспасөз.

Жамбыл облысының Қорғаныс істер жөніндегі департаментінің 2010 жылы 26 ақпанда Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағатына жолдаған ақпарында мынандай деректер келтіреді: Ұлы Отан соғысына біздің облысымыздан 41 453 азамат аттанған.Жамбыл қаласынан майданға шақырылғандар — 14 701. Ұлы Отан соғысы жылдары Жамбыл облысынан шақырылған азаматтардың 15 536-сы майданда қаза тауып, 17 639-ы із-түссіз, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен.

1943 жылдың 1ақпанына дейін Жамбыл облысынан ресми мәліметтер бойынша, Қызыл Армия мен өнеркәсіп және транспортта еңбек ететін жұмысшы колонияларына 53 268 адам алынды делінген. Осы деректерді және 1943-44-45 жылдары Қызыл Армия қатарына жыл сайын орта есеппен 1000 адамнан алынып отырылғанын айтатын болсақ (мәліметтерде осындай дерек келтірілген) және 1938-1940 жылдары Қызыл Армия қатарына шақырылғандарды қосқанда майданға 50 мыңдай жамбылдық қатысты деп айтуға болады.

Жекелеген аудандардың әскери комиссариаттарынан да ресми мәліметтер алдық. Олардың ақпары бойынша Ұлы Отан соғысына Шу аудандық әскери комиссариатынан 5014 адам әскерге алынған. Жуалы ауданынан 1788 адам ауылдық округтар бойынша майданға алынғанын қорғаныс бөлімі айғақтайды.Алайда соғысқа жуалылықтар Сайрам аудандық әскери комиссариаты арқылы алынғанын ескерсек, бұл мәлімет нақты емес. Мәселен, Мыңбұлақ орта мектебінде Ұлы Отан соғысына арналған тақтада ауданнан майданға 2005 адам кетті делінген.

Меркі және Луговой аудандарынан Ұлы Отан соғысы жылдарында Меркі аудандық комиссариатынан 12 024 адам майданға аттанған.Ол кезде Луговой ауданында әскери комиссариат болмаған.

Қаратау қаласының Қорғаныс істер жөніндегі біріктірілген бөлімі Ұлы Отан соғысына Сарысу және Талас ауданынан 3 449 адам майданға аттанған делінген деректер бар екенін айғақтайды.

Байзақ ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің мәліметі бойынша бұл ауданнан Ұлы Отан соғысы жылдары Отанын қорғауға 3 341 адам алынған.

Қордай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің мәліметі бойынша ауданнан майданға 9195, бұрынғы Красногор ауданы бойынша 1 589 адам майданға шақырылған.

Өкінішке орай Жамбыл ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бізге мұндай мәліметті бере алмады.

Біз келтірген кейбір деректерге сенімсіздік келтіретіндер де табылуы мүмкін.Алайда бұл деректер әскери комиссариаттар мәліметтеріне негізделгенін тағы да еске саламыз. «Ұлы Отан соғысы жылдары 100 мыңнан аса жамбылдық майданда шайқасты» деген деректің анық емес екендігін сол кезде облыста тұратын халық саны да теріске шығарады. 1940 жылдың 1 ақпанында Жамбыл облысының халқы 321 мыңнан аспайтын. Нақтырақ айтатын болсақ, Жамбыл қаласында – 62 723, Жамбыл ауданында- 31 375, Меркіде – 40 468, Сарысуда – 12 132, Таласта – 17 975, Свердловта – 24 579, Луговойда – 23 304, Қордайда – 36 213, Шуда – 45 389, Красногорда – 14 166, Көктеректе 12 116 адам тұрған. Демографтардың есебі бойынша, әрбір бесінші адам ғана майданға алынуы мүмкін. Осы және Ұлы Отан соғысына дейінгі 1938, 1939, 1940 жылдары, сонымен бірге 1943, 1944, 1945 жылдары Қызыл Армия қатарына алынғандарды қосқанда шамамен біздің облысымыздан соғысқа қатысқандар саны 50 мыңның айналасында деп топшылауға болады.

Соғыс жылдарында 270 жамбылдық қыз-келіншек майдан даласында шайқасты.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлігімен Жеңіс күнін жақындатқан, елінің, Отанының даңқын асқақтатқан «Совет Одағының Батыры» және «Даңқ» орденінің толық иегері атанған жерлестеріміз қанша деген сұрақ алдымыздан жиі шығады.Осыған орай Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағаты қолда бар құжаттарды және ақпарат көздеріндегі материалдарды саралап, сұрыптап, Жамбыл облысының 20 азаматы «Совет Одағының Батыры» атағын алған, 7 жерлесіміз «Даңқ» орденінің толық иегері атанған.

Олар: қазақтың біртуар азаматы, даңқты қолбасшы, Жуалы ауданында туып-өскен Бауыржан Момышұлы, қордайлық Николай Никонорович Белашов, жуалылық Владимир Михайлович Вишневецкий, жамбылдық Амантай Дәулетбеков, шулық Саттар Естемесов, жуалылық Дмитрий Степанович Кавешников, жуалылық Федор Кириллович Кердань, байзақтық Семен Архипович Ларионов, жуалылық Дмитрий Федорович Пахомов, меркілік Владимир Артемович Савва, тараздық Андрей Алексеевич Сорокин, байзақтық Ақәділ Суханбаев, қордайлық Степан Захарович Сущев, жамбылдық Яков Николаевич Тюлькин, тараздық Нуролла Гарифуллаұлы Фазлаев, меркілік Борис Иванович Конев, тараздық Петр Васильевич Томасевич, меркілік Иван Иосифович Трубицин, тараздық Мамашариф Гиясұлы Фаязов, таластық Сәду Шәкіров.

Белгіленген ереже бойынша Совет Одағының Батырлары қай жердің әскери комиссариатынан шақырылса, сол жердің ұланы болып есептелінеді. Осы орайда Қордайда туған 28 батырдың бірі Иван Васильевич Москаленко, Александр Иванович Романютин Қырғызстаннан майданға алынғанын, Жуалыда туған Евгений Дмитреивич Уткин Өзбекстаннан Отан қорғауға аттанған. 8 жамбылдық «Совет Одағының Батыры» атағын Днепрден өтуде көрсеткен ерлігі үшін алған.

«Даңқ» орденінің толық иегерлері: тараздық Иргаш Досмухаметов, қордайлық Василий Иванович Евман, тараздық Федор Васильевич Иванов, шулық Михаил Иванович Перепелов, қордайлық Сергей Яковлевич Сердюков, жуалылық Тайыр Бүркітбайұлы Тастандиев, жамбылдық Алахан Жапарбеков. Бұлардан басқа Ұлы Отан соғысынан кейін Жамбыл

облысында бірнеше Совет Одағының Батыры мен «Даңқ» орденінің толық иегерлері еңбек етті, өмір сүрді.

Майданнан қанша адам оралды?

Жамбыл облыстық партия комитетінің әскери бөлімінің облыстық партия комитетінің хатшысына 1946 жылы 30 қаңтарда берген анықтамасында майданнан оралғандарды және соғыс мүгедектерін жұмысқа орналастыру туралы мәліметтер берген.Бұл мәлімет бойынша 1946 жылдың 1 шілдесіне дейін майданнан әскери қатардан 8 551 адам оралған. Олардың 7 501-і жұмысқа орналастырылған.

Осы кезеңдегі мәлімет бойынша облыста 6 376 Ұлы Отан соғысының мүгедегі болған, олардың 5 134-і жұмысқа орналастырылмаған. Жамбыл қаласы бойынша осы күнгі мәлімет бойынша, 680 майдангер елге оралған. Оның 396-сы соғыс мүгедегі еді. Олардың 375-і екінші, 21-і үшінші топтағы мүгедек. 1945 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша Жамбыл облысында 43 387 әскери қызметкерлердің отбасы тұрған. Бұл отбасыларда 137 312 адам болған. Сонымен қатар 5 163 соғыс мүгедегінің отбасында 14 879 адам тіркелген. 1946 жылдың 1 ақпанындағы мәлімет бойынша, облысқа Қызыл Армия құрамынан бірінші және екінші кезекте отбасына жіберілгендер саны 6 550 адам, олардың 110-ы әйелдер болыпты. 1946 жылдың 13 қыркүйек күнгі мәлімет бойынша, облыстық партия комитетінің хатшысы барлық партия комитеттеріне жолдаған хатында мынадай деректер бар: 1946 жылдың 1 шілдесіне дейін әскер қатарынан облысқа 8 551 майдангер оралған. Олардың 7 501-і жұмысқа орналастырылмаған. Луговой ауданында майданнан оралған 363 майдангердің 87-сі жұмысқа орналастырылмаған. Меркі ауданында оралғандар 969, жұмысқа орналаспаған – 76. Шу ауданында 1 051 майдангер оралған, олардың 57-сі жұмысқа орналастырылмаған. Жамбыл қаласында майданнан оралған 2 708 адамның 680-і жұмысқа орналастырылмаған. 1946 жылдың 15 ақпанындағы мәлімет бойынша Красногор ауданына — 260, Свердлов ауданына – 360, Талас ауданына майданнан 313 адам оралған. Облыстық партия комитетінің Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне 1946 жылдың 7 наурызында жолданған ақпарында мынадай деректер келтіріледі. 20 ақпанға дейін майданнан 6 609 адам келген. Олардың 5 206-сы жұмысқа орналастырылмаған. 800-іне пәтер берілген. 241 майдангердің үйі жөнделген. Көмек ретінде 96 текше метр ағаш, 636 тонна сексеуіл, 3 500 текше метр тор, 489 пар аяқ киім, 986 дана сабын, 112 келі нан өнімдері, 78408 келі басқа да азық-түлік тауарлары, 247 бас мал, 59750 сом ақша, 152 000 сом несие, 108 келі май, 525 келі қант берілген. 1946 жылдың 15 маусымында Жамбыл облысы партия ұйымдарының 1945-46 жылдары Жамбыл облысы партия ұйымдарының әскери бөлімдерінің меңгерушілері қатысқан жиналыста мынадай мәліметтер келтіріледі. Майданнан 7721 адам оралған. Біздің облысымызда 6 308 асыраушысы майданда қаза тапқан отбасы және 33 477 әскери қызметкерлердің отбасы болды. 5 984 соғыс мүгедегі соғыстың әр жылында келді. Ссуда ретінде СССР Жоғарғы Советінің Жарлығы бойынша облысқа 400 мың сом берілген. 442 222 сомның өнеркәсіп тауарлары беріліпті. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің әскери бөліміне жолданған ақпарда 1946 жылдың 1 қазанына дейін майданнан 11423 майдангер оралғанын жазған. Оның 132-сі әйел, олардың 10 686-сы жұмысқа орналасқан. Бұл ақпарда майданнан оралғандардың көпшілігі партия, совет қызметіне орналасқанын айта келіп, 29 майдангер колхозды басқаратындығын жазған. 25 майдангер ауылдық, селолық советтерді басқарыпты.

Жамбылдықтардың майданға бергені ұшан-теңіз. 1978 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан П.С. Беланның, А. Д. Тимишенконың, Н. С. Барковтың «Фронтовые дороги» кітабында 1943 жылы Жамбыл облысы майданға 77 вагон сыйлық жібергені айтылады.Оның 16 вагонын 391-дивизияға облыстық партия комитетінің хатшысы Кәрім Шорабеков бастаған делегация әкелген.

1941-1945 жылдары жамбылдық қанша жауынгер әскери тұтқын болғаны жөнінде нақты дерек жоқ.Жалпы Германия қолбасшылығы ресми деректерде 5,27 миллион адам тұтқын болғанын айтады. Ал Ресей Федерациясының Қарулы Күштерінің Бас штабы 4 миллион 590 мың адам тұтқында болғанын айғақтайды. 1941 жылы тұтқынға 2 миллионға жуық совет

жауынгерлері түсті. Бұл барлық тұтқындардың 49 пайызы. 1942 жылы Қызыл Армияның 1 миллион 339 мың жауынгері фашистердің концлагерлерінің тұтқыны болды. 1943 жылы 487 мың жауынгер тұтқында азапты күндерді басынан өткізді. 1944 жылы 203 мың совет жауынгері фашистердің айдауында болды. 1945 жылы 40,6 мың жауынгер жау тұтқынында опа шекті. Олардың арасында жамбылдықтар да болды. Награда — тыл еңбеккерлеріне! СССР Жоғарғы Советінің Президумының Жарлығымен 1945 жылы 16 қарашада I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен Луговой аудынының «Тереңөзек» колхозының партия комитетінің хатшысы Шәмші Әбішева, Көктерек ауданының «Жаңа тірлік» колхозының шопаны Оспанбек Баубеков, Жамбыл облыстық партия комитетінің хатшысы Владимир Ващенко, Свердлов ауданының «Үш төбе» колхозының аға жылқышысы Төлеубек Еркеев, Луговой аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Самуил Иткин, Қордай ауданының машина-трактор станциясының комбайншысы Степан Кащенко, Жамбыл аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Қабаш Успанов, Свердлов ауданының Ленин атындағы колхоздың звено жетекшісі Шәміл Шантаева наградталды.

Осы Жарлықпен II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен 21 адам марапатталған. Олардың арасында партия, совет, комсомол қызметкерлерімен бірге еңбек адамдары да бар. «Ленин» орденімен — 3, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен – 17, «Қызыл Жұлдыз» орденімен 17 адам наградталған. Сол сияқты «Құрмет белгісі» орденімен 57 адам марапатталған. Олардың арасында халық ақыны Кенен Әзірбаев та бар. Көптеген азаматтар медальдермен наградталған.

Соғыс жылдарында колхоздар мен совхоздар майданға тек азық-түлік емес, сонымен бірге тірі мал, тіпті, ауыл шаруашылық техникасын жіберіп отырды. 1942-1943 жылдар аралығында республика ауыл шаруашылығынан 4111 трактор, 1184 жүк машиналары, 30318 жылқы майданға жіберілді. Сондықтан да соғыс жылдары егін салу жұмысының 50%-ін ірі қара атқарды. Тылдағы еңбекшілер жоғарыдан берілген жоспарды орындау барысында күні-түні еңбек етті. Соғыстың бірінші жылы мемлекетке 100 млн. пұт астық тапсырылды. Бұл көрсеткіш 1940 жылмен салыстырғанда 24 млн. пұтқа артық. Колхозшылар мен совхозшылар өз еркімен еңбек күнін таңғы бестен, кешкі 22.00-ке дейін ұзартқан. Әрбір шаруа 2-3 адамның жұмысын атқарды. Әйелдер балаларын балабақшаға тапсырып, күні-түні жұмыс істеп, колхоз жұмысын белсене атқарды. Мысалы, Алматы облысының 9 ауданының 277 колхозында соғысқа дейін 64369 адам еңбек етсе, соғыс жылдары олардың саны әйелдер, қариялар және балалар есебінен 68598 адамға дейін өскен. Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент ауданының Куйбышев атындағы колхозында 74 жастағы қарт ана – Анар Садықова – жұмыс істесе, Семей облысы, Абай ауданының “Шолақ еспе” артелінде 70 жасар қария – Кенебаев еңбектеніп, жоспарды асыра орындады. 1941 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданының “Құрман” колхозының егіншісі Шығанақ Берсиев 1 гектардан 155,8 ц. тары алып, әлемдік рекорд жасаса, ал 1945 жылы – 1 га-дан 202 ц. тары алып, өзінің алғашқы көрсеткішін бірнеше рет өсірді. Шиелі ауданы, “Авангард” колхозының даңқын шығарған күріш егуші Ким Ман Сам 1 га-дан 154,9 ц. күріш өндірді. Күріш өсіруші Ыбырай Жақаев 1943 жылы 1 га-дан 172 ц. күріш өнімін алып әлемдік рекорд жасады. Астық өнімі үшін алған 106000 сомды Ы.Жақаев қорғаныс майданына жіберді. Республикада Ш.Берсиев, Ким Ман Сам, Ы.Жақаевтың жолын қуушылар аз болмады. “Ойыл” ауданы, “Кемерші” совхозының Зауре Баймулдина звеносы, Шелек ауданы “Төңкеріс” колхозынан Малжегерова звенолары 1 га-дан 95-100 ц. тары мен күріш алды. Соғыс жылдарындағы әйелдер ерлігі ерекше. Мыңдаған арулар тіпті тракторға, машина рулдеріне отырды. Мысалы, Ақтөбе облысы, Мартук ауданының Дзержинский атындағы қолхозында Агафья Швалькова соғысқа кеткен күйеуінің комбайынын жүргізіп, 2 күнде 87 гектардан астық жинады.

1942 жылы 450 мың гектар тың және тыңайған жер жыртылып, егін салатын жер ауданы 17%-ке өсті. Осы жылы Қазақстанда 6809 колхоз болды, оларда еңбек етуге жарамды 4912001 ерлер, 593407 әйелдер еңбектенді. Нәтижесінде 1942 жылы Қазақстанда егін жақсы шығып, республика бойынша 84,3 млн. пұт астық жиналды. Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан,

Жамбыл, Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Семей облыстары астық жинау жоспарын 102,2-тен 114,9-ке асыра орындады. 1943 жылдан бастап республикада егін егісі қысқара бастады. 1940 жылы егістік 6808,6 мың га болса, 1945 жылы 6039,9 гектарға кеміді. Себебі 1943 жылдан бастап жаудан азат етілген жерлерге егін салу жандана бастады. Керісінше, картоп, бау-бақша өнімдерін егетін жер көлемі жылдан-жылға өсті. Бұл өнімдер 1940 жылы 214,2 мың гектар егістікке егілді. Сондықтан 1944 жылы колхоздар мен совхоздар мемлекетке 1943 жылмен салыстырғанда 18,2 млн пұт қант қызылшасын, 7 ц. көкөніс, 150 000 ц. мақта артық өткізді. Бұл жылдары республиканың барлық колхоздары мен совхоздары жоспарларын орындаумен шектелмей, асыра орындауға бар күштерін салды. Мысалы, Қарағанды облысының Осакаровка ауданы 1943 жылы 1944 жылмен салыстырғанда мемлекетке 2 млн. пұт астық артық тапсырды.

Қазақстандықтар соғыс жылдары майданға өз қаржысына алынған қару-жарақ, техника да жіберіп тұрды. Мысалы, Шымкент теміржол жүйесінің комсомолдары Москва түбіндегі майданға танк колоннасын жабдықтау үшін қаржы жинауды бастайды. Шымкент комсомолдарының бұл бастамасын бүкіл Қазақстан қолдап, жиналған 11 650 мың сомға жасалған 45 танк 1942 жылдың қыркүйегінде "Қазақстан комсомолы" деген жазумен Сталинград майданына жөнелтілді. Жүздеген оқушылар егіс алаңдарында жұмыс істеп, металл қалдықтарын жинап, "Қазақстан пионері" фондына 4 млн. сом ақша жинады. Бұл ақша "Қазақстан пионері" атты коллонаны жабдықтауға жұмсалды. С.И.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті студенттерінің ұйымдастыруымен жоғарғы оқу орындарының студенттері "Кеңестік студент" деген танк колоннасын жабдықтауға 600 мың сом ақша жинады. Танк колонналары мен ұшақ бөлімдерін жасақтауға Республикада 480 млн. жуық ақша жиналып, Қорғаныс Комитетіне тапсырылды. 1943 жылы Алматы қаласында С.Луганскиймен кездесу ұйымдастырылып, бұл кездесуден кейін Алматы жастары 400 мың ақша жинап, батырға жаңа ұшақ сыйлады. Сондай-ақ, соғыс жылдары жинаған қаржыға И.Павловка, Н. Добровольскийге, Р.Бекетовке арнайы ұшақтар, Кеңес Одағының батыры Қ.Сыпатав атындағы су асты қайығы жасалынды. Республика тұрғындары өздерінің жеке жинағынан майдан қорына 4,7 млн. сом ақша беріп, 20-дан астам құрамалар мен әскер бөлімдерін шефке алып жауынгерлерге 2 млн. астам жылы киім, 1600 мың сомның сыйлығын жөнелтті.

Сол бір сұрапыл жылдарда құс ұйқыға көшкен шалғай ауыл тұрғындары мал басын еселеп көбейтуге, егіннен неғұрлым көп астық алуға, сөйтіп басқыншы жаумен арыстанша алысып жатқан жауынгерлерді азық-түліктен, жылы киімнен тарықтырмауға бар күшін салды. «Советтік Қарағанды» газетінің соғыстың төрт жылындағы сандарынан тылдағы әйеланалардың, қарттар мен жасөспірімдердің екпінді еңбегін әспеттеген мақалаларды оқи отырып олардың Отанға деген, Жеңіске деген патриоттық сезімдерінің шексіз болғанына көз жеткізесіз. Мәселен «Қоңыраттың малшы әйелдері» атты мақалада ерлер атқарар жұмысты қайыспай көтеріп жүрген Киров атындағы колхоздың сауыншысы Күліш Ақбергенованың, «Кең асу» колхозының шопаны Бәдиша Рахметованың, Молотов атындағы колхоздың қой өсірушісі Мағира Өтегенованың үлгілі істерін тілге тиек етсе, «Қоңырат» колхозындағы әйелдер кеңесінің ұйытқы болуымен жексенбілік ұйымдастырылып әскер отбасыларының 50 үйінің жөнделіп берілгені, Ал Шет ауданындағы Роза Люксембург атындағы колхоздың сауыншысы Дәкен Баймағамбетова сүт саудың айлық жоспарын үнемі екі еседен орындап келеді жазылады.

Соғыс жылдардағы облыстық газет сандарын ақтара отыра «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» айдарында облыс еңбеккерлерінің елдің қорғаныс қуатын күшейтуге, жау қолынан азат етілген республикаларға едәуір көлемде материалдық көмектер жасағаны айтылады.

Қарағандылықтардың соғыс кезіндегі ерен еңбегі лайықты бағаланды:

31 адам Ленин орденімен, 17 адам Еңбек Қызыл Ту орденімен, 116 адам «Құрмет Белгісі» орденімен, ондаған мың адам – «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Қарағанды көмір бассейннің треттері Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл Туын 6 рет жеңіп алды.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруде облыс шаруашылықтары үлкен үлес қосты. Мал шаруашылығын дамытқаны, сондай-ақ жоспардан тыс астық өнімдерін қамтамасыз еткені үшін Қарағанды облысы және оның Осакаров ауданы Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды.

Түйіндеп айтқанда, әйел адамдардың барлық қиындықтарға қарамай, майдандағыларды оқ-дәрі, қарумен, киіммен, азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жасаған тылдағы ерліктері біз үшін үлгі-өнеге.

Әдебиеттер:

1. Әбдіманұлы А. Соғыс зардабын тартқанбыз // Қарқаралы. - 2005. - 30 сәуір, 14,21 мамыр.

Жұмасұлтанов Ә. Қарағанды облысы соғыс жылдарында // Орталық Қазақстан. - 2005. - 23 сәуір. - 7 б.

2. Құбашұлы М. Қиындыққа мұқалмаған, ауырлыққа жұқармаған ұрпақпыз // Орталық Қазақстан. - 2005. - 21,23 сәуір. - 11 б.

3. Қыныбаева Р. Ерлерше еңбек еткен аналар // Қарқаралы. - 2005. - 27 тамыз. - 5 б.

Кенші әйелдер ерлігі ешқашан ұмытылмайды // Орталық Қазақстан. - 2016. - 27 тамыз (№ 136/137). - 5 б.

4. Мұқанұлы Ө. Қарсақбай оқушылары отты жылдарда // Сарыарқа. - Жезқазған. - 2011. - 6 мамыр (№ 18). - 4 б.

5. Төлеуқұлов М. Е. Ардақты да арқалы Ақтоғай // Тоқырауын тынысы. - 2014. - 28 ақпан (№ 9). - 8 б.

6. Лекеров Қ. К. "Біз балалықтан гөрі, батырлыққа тәрбиеленген жастармыз": ұстаз, зерттеуші Қ.К.Лекеровпен сұхбат / сұхбаттасқан А.Құмырзақұлы // Арқа ақшамы. - 2014. - 24 сәуір (№ 16). - 8 б.

7. Төребекова А. Қарағанды облысы соғыс жылдарында / А.Төребекова, Ғ.Смағұлов, Е.Лұқпан //

8. Орталық Қазақстан. - 2005. - 31 наурыз. - 8 б ; 2 сәуір. - 6 б ; 12 сәуір. - 4 б ; 14 сәуір. - 7 б ; 16 сәуір. - 6 б.

9. Тойбек Ж. Қарағандының қайсар аналарына ескерткіш қажет // Орталық Қазақстан. - 2015. - 29 қаңтар (№ 11/12). - 8 б.

10. Дәненова Ф. Тыл қаһармандары // Орталық Қазақстан. - 1975. - 8 май (№ 108). - 3 б.

Кенші әйелдер ерлігі ешқашан ұмытылмайды // Орталық Қазақстан. - 2016. - 27 тамыз (№ 136/137). - 5 б.

11. Тойбек Ж. Маңызды монография // Орталық Қазақстан. - 2016. - 25 маусым (№ 100). - 6 б.

12. Шаймұқанова Р. Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін // Орталық Қазақстан. - 2005. - 28 сәуір. - 7 б.

Джумагелдиева Чемен Батыровна[1], 6В02211-Тарих білім беру бағдарламасының 1 курс білімгері
Айтакова Салтанат Анарбековна[2], аға оқытушы, магистр
[1,2]М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қаласы

ШОҚАН УАЛИХАНОВ ГЕОГРАФ ЖӘНЕ САЯХАТШЫ

Түйін. Талантты ғалым, публицист, әдебиет зерттеушісі, саяхатшы-географ Шоқан (шын аты Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі. Оның қысқа да жарқын өмірі, жан-жақты зерттеушілік қызметі, философия, этнография, тарих, экономика, құқық, география, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы, т.б. жайындағы ғылыми зерттеулері, пікірлері қай кезде болмасын өзінің құндылығымен жарқырай берері сөзсіз. Қазақ халқының рухани ізденістерінің жарқын көрінісі бола отырып, қоғамдық ойсана, пікір-тұжырымдардың биіктей өркендеуіне ерекше ықпал етті.

Кілт сөздер. Республика, мәдениет,парламент, лагерь, ағартушылық, баспасөз.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылы қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде туған. Шын аты – Мұхаммедқанафия. Әжесі бала күнінде "Шоқаным" деп еркелетіп, Шоқан аталып кеткен.Шоқан Уәлихановтың ата-бабалары ежелгі сұлтандар әулетінен тарайды. Оның арғы атасы, Орта жүздің ханы Абылай Ресеймен сауда және саяси байланыста болған. Абылайдың үлкен ұлы Уәли де бұл байланысты жақсы қолдаған. Уәли – Шоқан Уәлихановтың туған атасы.

Әкесі Шыңғыс Уәліханұлы Құсмұрын округінің аға сұлтаны болды. Омбыда Сібір казак әскери училищесін тәмамдап, орыс армиясында полковник шенін алып, қазақ даласын басқару аппаратында бірсыпыра жауапты қызмет атқарды. Сібір қырғыздары облыстық басқармасының кеңесшісі, Көкшетау округінің аға сұлтаны болып істеді. Ресейге сіңірген еңбегі үшін оған өмірлік мұра ретінде дворян атағы берілді.Оқи отырыңыз: "XX ғасыр Гомері" деген бағаға ие болған Жамбыл Жабаев жайлы қызықты деректер. Ал анасы Зейнеп Уәлиханова – белгілі Баянауыл биі Шорман Күшіковтің қызы, Баянауыл округінің аға сұлтаны Мұса Шормановтың апасы. Зейнеп 7 ұл – Шоқан, Жақып, Мақы, Махмет, Ахмет, Қозыке, Қоқыш және 2 қыз - Үркия, Рахияны дүниеге әкеледі. Шоқан Уәлихановтың шоқтығы биік ғалым болуына әкесі Шыңғыс, әжесі Айғаным ықпал еткен. Г.Н. Потанин жазған Уәлихановтар әулетінің шежіресінде Уәли ханның екі қыстауы болғаны айтылады. Бірі – Көкшетаудың шығысындағы Хан көлінде, екіншісі – Сырымбетте болған. Уәли хан мен оның ұрпақтарына мұра ретінде қалған бас орда Бурабайда болды. Сырымбет деген жер Уәлидің кіші әйелі Айғанымнан туған балалардың иелігіне тиеді. Шоқанның әкесі Шыңғыс осы Айғанымнан туған. Айғаным ақылды, көреген, бірнеше шығыс тілін меңгерген, орыс мәдениетімен таныс, жергілікті халық ортасында беделі жоғары адам болады.

Шоқанның балалық шағы осы Сырымбет тауының баурайында өткен. Шоқан Уәлиханов Обаған бойындағы Күнтимес ордасында әкесі ашқан ауыл мектебінде мұсылманша хат таниды. Бала Шоқан білімге құмар болған, тарихи аңыз-әңгімелерге қызыққан. Жастайынан данагөй билердің әңгімелерін, ақын-жыраулардың өлең-жырларын тыңдап өскен. Омбыдағы Кадет корпусы1847-1853 жылдары Шоқан Уәлиханов Омбыдағы Кадет корпусында оқыды. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ұштауда бұл оқу орнының мәні ерекше. Онда әскери сабақтарға қоса жалпы және Ресей жағрафиясы мен тарихы, батыс, орыс әдебиеттері, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері жүрген. Корпустың оқытушылар құрамында білімді және прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болған. Кадет корпусына алғаш түскенде Шоқан орыс тілін білмепті. Бірақ өзінің зеректігімен тілді тез үйреніп алған. Өзі қатарлас оқушылардан анағұрлым озық оқыған. Шоқан Уәлихановтың корпуста бірге оқыған досы және кейін үлкен этнограф-ғалым болған Г.Н.Потанин: "Өзінің

орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді... Оған талайлар назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін", - дейді. Оқудың соңғы жылдарында Шоқан саналы, терең ойлы, жан-жақты білімді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, туған халқының мұң-мұқтажын пайымдап, түсіне алатын, оған барынша пайдалы қызмет етуге әзір екенін танытты. Орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілерімен танысып, ғылыми пайымдау, тұжырымдар жасай білді. Оның зерттеушілік қабілеті де осы корпуста оқып жүргенде оянған. Жазғы демалыс кездерінде ол ел ішіндегі аңыз-әңгімелерді, халық жырлары мен дастандарын жазып алумен шұғылданған. Мысалы, Шоқан Уәлихановтың алғашқы жазып алған шығармаларының ішінде "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" жыры болған. Оқи отырыңыз: "Өзімнен жерідім де, жаза бастағанымды тастап кеттім": Тахауи Ахтанов туралы не білеміз

1852 жылы орыс тілі мен әдебиеті тарихының оқытушысы Костылецкийдің көмегімен Шоқан Уәлиханов көрнекті шығыс зерттеушісі, Петербург университетінің профессоры И.Н.Березинмен танысады. Березин Шоқан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын, "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" жырын алған, ал өз тарапынан Шоқанды ескі жазу ескерткіштерін зерттеу ісіне тартқан. Шоқан сабақтан тыс уақытта сол кезеңдегі саяхатшылардың өмірі мен ісі туралы жазылған еңбектерді көп оқып, зерттейді. Мұның өзі оған қатты әсер қалдырады. Ол саяхатшы болуды, соның ішінде Орта Азияны аралап, зерттеуді мақсат етеді.

"Еуропаға ашқан терезе"

Кадет корпусындағы жора-жолдастары Шоқанды үлгі тұтады және Шоқан олардың Еуропа мәдениетіне бет бұруына себепші болған. "Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды еді, біз оған қарағанда бала тәрізді едік. Өзінің бізден артық білетінін, не біздерден білім жағынан жоғарылығын білдіруге тырыспаса да, жолдастардың арасында болатын жай әңгімелердің өзінде-ақ оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз "Еуропаға ашқан терезе" сықылды болды", - деп жазған еді Потанин. Шоқан Уәлиханов кадет корпусын 1853 жылы 18 жасында бітіреді. Содан кейін Омбыда әскери қызметке қалдырылады. Бір жылдан соң Батыс Сібір мен Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарын басқаратын генерал-губернатор Гасфорттың адъютанты болып тағайындалады. Осы қызметті атқара жүріп, Орта Азия мен халқының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласады.

Шоқан Уәлихановтың саяхаттары

1855 жылы Шоқан Уәлиханов генерал Гасфортпен бірге ұзақ саяхатқа шығып, Аягөз, Тарбағатай, Қапал тауларын аралады. Алматы, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетауға соғып, Омбыға оралады. Осы сапарында көп нәрсені зерттеп, дәптерге түсіріп, Жетісу өлкесіндегі саяси-шаруашылық туралы бірталай деректерге қанығады. Осыдан кейін ол "Тәңір (құдай)", "Қазақтардағы шамандықтың қалдығы" еңбектерін жазады. 1856 жылы қырғыз халқының тұрмысын, Ыстықкөл маңын зерттейтін экспедицияға қатысады. Ыстықкөл жағасын, Күнгей Алатау, Сарыжаз, Алматы, Қапал тауларын кезіп, осы маңды қоныстаған халықтардың әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, әдеби мұраларын зерттеп, бай мағлұмат жинайды. Экспедиция мақсаты – Ыстықкөл көлінің бассейніне топографиялық түсірілім жасау, қырғыз халқымен танысу. "Біз экспедицияға қатысу құрметіне ие болдық және осы тас дәуіріндегідей қырғыздар арасында екі ай тұрып, олардың аңыздары мен тілдерін зерттей отырып, түрлі оң мәліметтер жинай алдық", - деп жазды Шоқан Уәлиханов.

Шоқан Уәлихановқа Жетісу мен Тянь-Шаньда кездескен ерте заманғы мәдениеттің өте сирек ескерткіштері үлкен әсер етті. Оны, әсіресе Ыстықкөлдегі ертедегі қала мәдениеті, суландыру жүйелерінің қалдықтары, сәулет өнерінің ескерткіштері, балбал тастар қатты қызықтырды. Құлжаға сапары.Шоқан ру аралық қырғыз қақтығыстарын реттегенше, коллекция жинағанша Петербургте Ресей мен Қытайдың сауда-экономикалық қатынастар мәселесін шешуде оның білімін пайдалану туралы мәселе шешілді. Шоқан Уәлиханов Құлжа қаласына дереу аттану нұсқауымен орыс дипломатиялық миссиясының құрамына алынды. Миссия мақсаты – қытай өкіметімен келіссөз жүргізу арқылы Қытаймен сауда қатынасын қалпына келтіруге қол жеткізу. Құлжа қаласына сапар "Қытай империясының батыс өлкесі

және Құлжа қаласы" еңбегінде көрсетілген. Қытай шенеуніктерімен келіссөз жүргізіп, делегация достық қатынас орната алды. Құлжа мен Чугунчакта елшілік ашылды.

"Кешкі сағат жетіде Қайта өзгерту қарсаңында, біз яғни бесінші тамызда біз Құлжаға қарай жол тарттық. Бірінші Борохуджира қарауылынан бастап Құлжаға дейін қайырсыз, шөлді, құмды жер болды. Мына бізге, орыстарға, осындай шөл далада тұру ойымызға да келмес еді, мұндай жерде қоныс аударушылардың біреуінен де айырылмай қалай тұруды білмес те едік", - деп жазды Шоқан Уәлиханов 1856 жылы Сапар күнделігінде. Тапсырманы орындап, экспедицияда үш ай болып, Шоқан Уәлиханов өз білімін кеңейтті, досы Потанинмен бірге мұрағатқа бас қойды.

"Манас" дастаны. Шоқан Уәлиханов 1856 жылы аса көрнекті ғалым, белгілі географ П.С. Семенов-Тян-Шанскиймен танысты. Ол жас қазақ ғалымның қабілетіне шын ниетімен сүйсіне қайран қалды. 1857 жылы Семенов-Тян-Шанскийдің ұсынысымен Шоқан Уәлиханов Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданды. Шығыс Қазақстан мен Жетісуға, қырғыз еліне жасаған сапары Шоқанның ғалым ретіндегі даңқын арттырды.

1857 жылы Шоқан Уәлиханов Алатау қырғыздарына сапар шегіп, оның тарихын, этнографиясын және халықтық поэзиясын зерттеді. Қырғыз халқының энциклопедиялық дастаны "Манасты" жазып алды. "Манас", - дейді Шоқан, - қырғыздардың ескі мифтерінен, аңыздарынан, ертегілерінен жиналып, бір адам – Манастың төңірегіне топталған энциклопедия. Бұл жағынан, ол даланың "Илиадасы" тәрізді. Бұл аса зор эпопеяда қырғыз халқының өмірі, әдет-ғұрпы, жағрафиясы, діни дәрігерлік ұғымдары, шетелдермен қарым-қатынасы түгел қамтылған". "Манас" жырын бірінші рет баспаға ұсынып, орыс ғалымдарына таныстырған да Шоқан. Шоқан Уәлиханов тарихи маңызы бар шығармаларға көп көңіл бөлді. Жазуы жоқ елдердің өткен тарихы мен салтын тану үшін ұзақ желіге құрылған, күрделі эпостардың үлкен мәні барын түсінді.

Қашқарияға сапары. 1858-1859 жылдары Шоқан Уәлихановтың Қашқарға сапары оның ғалым, ағартушы ретіндегі еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Даңқты саяхатшы Марко Поло мен Гоестен кейін (XVI ғасыр) ол жерді ешбір ғалым зерттемеген еді. Бұл жерлер Еуропа үшін жұмбақ еді. Баруға ниет қылған Батыс Еуропа ғалымдарының көпшілігі бақытсыздыққа ұшырады. Мәселен, Шоқаннан бір жыл ғана бұрын Қашқарияға барған атақты географ Адольф Шлагинтвейт Қашқария әкімі Уәлихан төренің қолынан қаза тапқан. Міне, осындай қауіпті сапарға 1858 жылғы 28 маусымда Шоқан Уәлиханов шықты. Ол үлкен жолға Семей көпесінің керуенімен бірге шыққан. Уәлиханов бұл сапарына басын тақырлап, үстіне шапан киіп, Әлімбай көпес деген лақап атпен шыққан. Бұл сапарында Шоқан күнделік жүргізіп отырған. Бұған ол өзінің жолшыбай көрген-білгенін, атап айтқанда, Орталық Тянь-Шаньның, Ыстықкөл бассейнінің, Нарын, Арпа, Атбас, Шатыркөл және Тарим өзенінің географиялық жағдайын, табиғат байлығын, ауа райын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін жазады. Шоқанның бұл күнделік дәптері Ресей Ғылым академиясының архивінде осы күнге дейін сақтаулы. Оқи отырыңыз: Мүсіреповпен құда болған: әйгілі жазушы Сәбит Мұқанов туралы қызықты деректер. Саудагер ретінде Қашқарияға құпия барған Шоқан өлкенің экономикалық саяси құрылымын зерттеп, оның тарихы мен этнографиясынан көптеген материал жинайды. 1859 жылдың 12 сәуірінде Уәлиханов Верныйға қайтып оралады. Экспедиция қорытындысы бойынша ол "Алты шаһар немесе Қытайдың Нан Лун провинциясындағы (кіші Бұқара) алты шығыс қаласының жағдайы туралы" (1858-1859) есеп әзірлеп, жазып шығады. Оның бұл еңбегін Ресей мен басқа елдердің шығыстанушылары жоғары бағалап, көп ұзамай ағылшын тілінде де аударылып басылады. Шоқан Уәлихановтың Қашқарға барған сәтті экспедициясынан кейін оның аты Омбыға ғана емес, Петербургте де шықты. Көп ұзамай ол жақта оны есеппен іссапарға дереу жіберу талап етілді. Оған сыртқы істер министрлігінде, бас штабта назар аудара бастады.

Петербург кезеңі

1859 жылдың аяғында Шоқан Уәлиханов Петербургке барып, онда 1861 жылдың көктеміне дейін болды. Бұл жылдар Шоқан өмірі мен ғылыми-шығармашылық қызметінің аса елеулі кезеңі. Шоқан Уәлиханов Қазақстан мен Орта Азияның, Шығыс Түркістанның карталарын жасаумен айналысты. Шығыс елдерінің қолжазбаларын мұқият зерттеді. Оны Орыс географиялық қоғамы Шығыс тарихы туралы дәріс оқуға шақырып тұрды.Петербургте Шоқан Уәлиханов орыс халқының белгілі ғалымдары, ақын-жазушылары және қоғам қайраткерлерімен танысып, достық байланыс орнатады. П.П.Семенов-Тянь-Шаньский, Г.Н.Потанин, Ф.М.Достоевский, С.Ф. Дуровтармен ол Сібірде жүрген кезінің өзінде-ақ достасады. Ал Петербургтегі таныстарының ішінде орыстың атақты ғалымы Д.И.Менделеев, ғалымдар В.В. Вельяминов-Зернов, А.Н.Бекетов, ақындар: ағайынды Курочкиндер, А.Н. Майков, П.Я.Полонский, Шығыс зерттеу ғылымының мамандары П.И.Лерх, И. Н.Березин, В.П.Васильев тағы басқалары болады. Алайда Петербургтың ылғалды ауа райы оның денсаулығына жақпады. Денсаулығының нашарлауына байланысты Отанына оралуға мәжбүр болды. Ол Омбыға барып, даладағы жергілікті баскару ісін қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларға қатысты. Оның негізгі ойлары "Қырдағы мұсылманшылық туралы", "Қырғыздардың көші-қоны туралы", "Сот реформасы туралы жазбаларда" баяндалады. 1864 жылы Шоқан Уәлиханов генерал Черняевтың Оңтүстік Қазақстанға жасаған әскери экспедициясына қатысады. Бірақ әскери қызметі ұзаққа созылмады, генералдың жергілікті халыққа шектен тыс қатыгездік жасауы салдарынан әскер қатарынан өз еркімен кетті. Содан Верный қаласына келіп, одан әрі Тезек төренің ауылына барып (бұрынғы Талдықорған облысы, Шоқан атындағы шаруашылық) тоқтайды. Сонда үйленіп, тұрып қалады. Жұбайының есімі – Айсара, балалары болмаған.

Өмірінің соңғы күндері

Ауылда жүргенде Шоқанның ескі өкпе ауруы қайта қозып, 1865 жылы 10 сәуірде Тезек төренің ауылында қайтыс болады. Оның сүйегі Алтынемес тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады. Өмірден өтер алдында ол әкесіне соңғы хатын жолдаған: "Маған менің қымбат туыстарыммен және достарыммен енді кездесу бұйырмапты...Сау болыңыздар, барлығыңызды құшақтадым. Жетісуға келіңіздер, өздеріңізбен бірге менің байғұс Айсарамды алып қайтыңыздар, оны ілтипат пен қамқорлыққа бөлеңіздер". Шоқанның ақырғы тілегін орындау үшін 1865 жылдың жазында Көкшетаудан Алтынемелге керуен жіберілген. Шоқан Уәлихановтың жесірі Айсара оның ағасы Жақыптың әйелі болды, өсиетіне қарай оны Сырымбетке алып кетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. I. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С. 11

2 Гейнс А.К. Путешествие по киргизским степям // Чокан Валиханов в воспоминаниях современников. – Алма-Ата, 1964. – С.136

3 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. I. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С.19

4 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т. I. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С. 91

5 Выписка из отчета о путешествии в Кашгар поручика Ч.Валиханова // Собрание сочинений в пяти томах. – Т. III. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С. 219–222.

6 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. –Т.5. – АлмаАта: КСЭ, 1985. – С. 241-242

7 Ивлев М.Н. «Путешествия степного царевича» // ЦентрАзия. Режим доступа: https://centrasia.org/newsA.php?s t=1292241120

8 Письма Ч. Валиханова // Собрание сочинений в пяти томах. –Т.5. – С.151-152.

9 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Т.I. – Алма-Ата: КСЭ, 1984. – С.79

10 Валиханов Ч. Ч. Соб. соч.в пяти томах. Алма-Ата, 1985, т. 5. стр. 276–279.

Пирджанова Гулназ Джумадурды гызы[1],
6В02211-Тарих білім беру бағдарламасының 1 курс білімгері
Айтакова Салтанат Анарбековна[2], аға оқытушы, магистр
[1,2]М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қаласы

ҚАЗҚАҚТЫҢ ҰЛЫ ҒАЛЫМЫ ШОҚАН УАЛИХАНОВТЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Түйін. Шоқан Уәлиханов – ұлы ағартушы – демократ, қазақтың ғұлама ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, Этнограф, фольклорист Шоқан Шыңғысұлы Уалиханов қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихында ерекше орын алады. Аса дарынды қазақ халқының ғалымы және ағартушының өмірі мен қызметі ерекше таң қалдырады. Өзінің қысқа өмірінің ішінде ғылым саласында орасан зор табыстары сол кездегі өзінің орыс достары мен жолдастарын, орыс ғалымдарын таң қалдырды.

Анотация. Шокан Уалиханов - великий просветитель и демократ, видный казахский ученый, востоковед, историк, этнограф, фольклорист Шокан Шынгысулы Уалиханов занимает особое место в истории казахской культуры и литературы. Жизнь и деятельность этого талантливейшего ученого и просветителя казахского народа особенно впечатляют. Его огромные научные достижения за короткую жизнь поразили его русских друзей и товарищей, а также русских ученых того времени.

Annotation. Shokan Ualikhanov is a great educator and democrat, a prominent Kazakh scientist, orientalist, historian, ethnographer, folklorist Shokan Shyngysuly Ualikhanov occupies a special place in the history of Kazakh culture and literature. The life and work of this talented scientist and educator of the Kazakh people are especially impressive. His enormous scientific achievements in his short life amazed his Russian friends and comrades, as well as Russian scientists of that time.

Кілт сөздер. Республика, мәдениет,парламент, лагерь, ағартушылық, баспасөз.

Талантты ғалым, публицист, әдебиет зерттеушісі, саяхатшы-географ Шоқан (шын аты Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі. Оның қысқа да жарқын өмірі, жан-жақты зерттеушілік қызметі, философия, этнография, тарих, экономика, құқық, география, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы, т.б. жайындағы ғылыми зерттеулері, пікірлері қай кезде болмасын өзінің құндылығымен жарқырай берері сөзсіз. Қазақ халқының рухани ізденістерінің жарқын көрінісі бола отырып, қоғамдық ойсана, пікір-тұжырымдардың биіктей өркендеуіне ерекше ықпал етті. Шоқан 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Арғы атасы Абылай жоңғарларға қарсы соғыста асқан ерлік көрсеткен, ел бірлігі мен тыныштығы үшін күрескен, ақылды қолбасшы, іскер дипломат, амал-айласы мол Орта жүз ханы болған. Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында, туған елі Көкшетауда өткен. Шоқан әжесі Айғанымның тәрбиесінде болған. 1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі сол кездегі ең таңдаулы оқу орны болып есептелген Сібір кадеті корпусына оқуға орналастырады. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды. Мұнда жабық әскери оқу орны болғанымен, көптеген пәндер әскери сабақтарға қоса орыс, батыс әдебиеті, географиясы мен тарихы, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері оқытылып, орыстың озық ойлы интеллигенттерінің өкілдері сабақ берген. Оқытушылар құрамында білімді және прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болған. Кадет корпусында Шоқан өзінің зеректігімен ерекшеленген. Тілді тез меңгеріп, өзі қатарлас оқушылардан озық оқыған. "Корпуста ой-өрісі, білімі жағынан Шоқан тез өсті, орыс жолдастарын басып озып отырды. Оған талайлар-ақ, назар аударды. Ол сондай қабілетті еді, өзінен екі жас үлкендердің класындағыларды да білім, идея жағынан басып озды" – деп

жазды бірге оқыған досы, этнограф-ғалым Т.Н.Потанин. Сібір кадеті корпусында оқудың соңғы жылдарында-ақ, Шоқан саналы, терең ойлы, жан-жақты білімді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, туған халқының қажет-мұқтаждарын пайымдап, түсіне алатын, оған барынша пайдалы қызмет етуге әзір екендігін танытты. Ол Косоплецкий, Тонеевский сияқты (орыс әдебиеті мен тілі, тарих пәні) оқытушыларының игі ықпалымен өзінің жоғары қабілеті мен дарындылығының арқасында орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілерін оқып танысып, ғылыми пайымдау, тұжырымдар жасай білді. Оның зерттеушілік қабілеті де осы корпуста оқып жүргенде біртіндеп қалыптасып, дами түсті. Ол, әсіресе, жазғы демалыс кездерінде ел ішіндегі халық жырлары мен дастандарын жазып алып, аңыз-әңгімелерді жинауға қызықты. Мысалы, "Қозы Көрпеш-Баян сұлу жыры Шоқанның алғашқы жазған шығармаларының бірі болды. Шоқан жинаған қазақтың ауыз әдебиеті үлгілері нұсқаларын, "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" жырын көрнекті шығыс зерттеушісі, Петербург университетінің профессоры И.И.Березин бұл зерттеулерге назар аударып, жазып алған. Шоқанның зерттеушілік қабілетін байқаған ғалым оны өз тарапынан ескі жазу ескерткіштерін зерттеу ісіне тартқан. Шоқанның "Профессор И.Н.Березинге хат", "Профессор И.И.Березиннің "хан жорықтары" кітабына рецензия" т.б. алғашқы ғылыми жұмыстарының өзінен-ақ, оның болашағы зор ғалым, зерттеуші болатындығы аңғарылатын. Шоқанның біліміне мұғалімдері мен құрбылары ерекше қызыққан, сол кездің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерімен таныстығын жолдастарының көбі үлгі тұтып, мойындаған. Шоқан олардың Еуропа мәдениетіне бет бұруына себепші болған. "Бізден жасы кіші болса да, өзімізбен салыстырғанда, ол үлкен сықылды еді де, біздер оған қарағанда бала тәрізді едік, өзінің бізден артық білетіндігін не біздерден білімі жағынан жоғарлылығын білдіруге тырыспаса да, жай әңгіменің өзінде-ақ, оның білімінің бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз "Еуропаға ашқан терезе" сықылды болды", – деп жазады Г.И.Потанин. Мұның өзі Шоқанның жолдастары арасында беделі ерекше зор болып, оның биік тұрғанын көрсетеді. Қырағы да зейінді Шоқанға сурет салу өнері сол кездің өзінде-ақ; халық өмірін бейнелеудің тамаша бір құралы болып табылады. Туған жері Сырымбеттің жазғы жайлаулар мен мекен қоныстарының суретін салумен шұғылданады. 1847-1852 жылдарда салған суреттерін Шоқан "корпустан елге демалысқа барған кезде салған суреттер" – деп атайды. Г.Н.Потанин: "Кадет корпусының соңғы курстарында оқып жүрген кезімізде Шоқан өзінің әңгімелерімен менің дәптерімді толтырды. Біз қазақтардың сұңқар салып, саят құру салтын толық жазып алдық. Шоқан сұңқарды қалай баптап күтудің әдісін өте жақсы білетін. Дауылпаз бен сұңқардың т.б. суреттерін салып, ол менің жазбамды толықтыра түсетін", – деп жазды. Мұның өзі Шоқан өнерінің жан-жақты екенін, оған курстастарының қызығып, ерекше құрметпен қарағанын дәлелдей түседі. Шоқан кадет корпусында оқып жүргенде-ақ, саяхатшылардың өмірі мен ісі туралы жазылған еңбектерге аса қызығушылықпен қарап, танысты. Осы еңбектердің ықпал әсерінен ол саяхатшы болуды, Орта Азияны арлап жан-жақты танысуды армандады. Демек, саяхатшылар өмірі жайлы жазылған еңбектер болашақ саяхатшыға бастау көзі болып, жол нұсқады. Қоғамдық, әдеби қызметі Шоқан Уәлиханов 1853 жылы кадет корпусын бітіріп, Омбыда әскери қызметке қалады. Ол Сібір қазақ-орыс әскерінің 6-атты әскер полкына офицер болып тағайындалады, іс жүзінде Батыс Сібір мен Қазақстанның Солтүстік-Батыс аймағының генерал-губернаторы Г.Х.Гасфорттың адъютанты қызметіне белгіленеді Сондай-ақ, Батыс Сібір өлкесінің Бас басқармасы оған айырықша тапсырмаларды орындайтын офицер ретінде қарады. Қызметі барысында Шоқан Уәлиханов патша өкіметінің отаршылдық саясаты туғызған әділетсіздіктерді жете танып, қарсы батыл пікірлер білдіруге тырысты. Осы қызметтерді атқара жүріп, ол Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласты. Омбыдан кетуді, өзінің туған халқына пайдасы тиетін істермен шұғылдануды армандағанын өзінің достары Ф.М.Достоевскийге, Қ.Қ.Гутковскийге жазған хаттарынан анық көруге болады. 1855 жылы Шоқан Уәлиханов Омбыдан Семей, Аякөз, Қапал арқылы, Іле Алатауынан өтіп, Жоңғар қақпасына дейін келеді, қайтарда Алакөл, Тарбағатай жерлерін аралайды. Орталық Қазақстан-Қарқаралы, Баянауыл,

Көкшетау арқылы Омбыға оралады. Бұл сапарда ол қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпы, діни ұғымдары жайында көптеген материалдар жинайды. Сонымен бірге өзі болған аймақтардың тарихы, ескі қалалардың орны, шың-тастарағы жазу, белгілерін, көне ескерткіштер, аңыз-әңгімелер, ертегілер мен өлеңдерді жазып алады. Осы материалдардың негізінде "Тәңірі", "Қазақтардағы шамандықтың қалдығы" сияқты еңбектер жазады. 1856 жылы Шоқан полковник М.М.Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қатысады. Қырғыз елін жете зерттеуге, Ыстықкөл аймағының картасын түсіруге тиіс болған бұл экспедицияға қатысу Шоқанның зерттеу жұмысын ойдағыдай жүргізуіне мүмкіндіктер туғызады. Ыстықкөлге, Қытай империясының Құлжа қаласына саяхаты және 1856-1857 жылдары Жетісу, Тянь-Шань сапарларында П.П.Семенов-Тянь-Шанскиймен бірге болуы, Қырғыз Алатауына екінші рет сапарының нәтижелері оның "Жоңғария очерктері", "Қырғыздар туралы жазбалар", "Ыстық көл сапарының күнделіктері", "Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы" атты еңбектерін жазуға септігін тигізеді. Шоқан тарихи маңызы бар шығармаларға айырықша назар аударды. Мәселен, ол қырғыз халқының "Манас", "Семетей" туралы дастандарының біраз тарауын тұңғыш орыс тіліне аударып, оған ғылыми тұрғыдан толық тарихи және әдеби талдаулар жасады. Бірінші рет баспаға ұсынды. Көлемі жағынан, оқиға құру, адам образдарын бейнелеу жағынан әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен теңдес, аса құнды туынды ретінде бағалаған. "Манас" – қырғыздардың ескі мифтерінен, аңыздарынан, ертегілерінен жиналып, бір адам Манастың төңірегінде топталған энциклопедия. Бұл жағынан, ол "Илиада" тәрізді. Бұл аса зор эпопеяда қырғыз халқының өмірі, діні дәрігерлік ұғымдары шетелдермен қарым-қатынасы түгел қамтылған. Екінші эпос – "Семетей" – "Манастың" жалғасы. Бұл қырғыздың "Одиссеясы", – деп көрсетеді Шоқан. Шоқан әдебиет, оның теориясы мәселелері жөнінде сол кездің өзінде-ақ, көптеген тың пікірлер, тұжырымдар жасап, өз халқының тіршілігі мен мәдени дамуының жағдайларына лайық дамытады. Сондай-ақ, әр халықтың әдебиетін оның қоғамдық, әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста қарастырады. Қазақ поэзиясының халықтық сипаттары жайлы тың ой-пікір білдіреді. Халықтың рухани серігі болған поэзия туралы ол: "Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде-бір маңызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырыпсалма ақындар не жыршылар жыр етсе, екінші біреулерінің атын кейінгі ұрпақ естерінде ұмтылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не қобызшы музыканттар тастап кеткен", – деп жазады. Қазақ өлеңдерінің халықтығы жайлы құнды пікірлер білдіруде, Шоқан халық әдебиетінің бағалы нұсқаларын жасаған және ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін жырлаған. Орынбай, Шөже, Жанақ, Арыстанбай, Құрымбай сияқты ақындардың еңбектеріне жүгінеді, мысалдар келтіреді. Шоқанның миллиондаған халық тағдырына ерекше жанашырлықпен қарап, мәселенің дұрыс шешілуін армандағанын көрсетеді. "Бізге, қазақтарға, облыстық бастықтар үстірт қарауды әдетке айналдырған", – деп көрсете келіп, Шоқан реформа мәселесіне аса зор жауапкершілікпен қарап, бұған қарапайым (дәулетсіз) қазақтарды қеңінен қатыстырып, олардың пікірлерімен санасу керек екендігін, реформаны ақсүйектер емес, қалың бұқараның тілек-мүддесіне сай жүргізу керектігін талап етеді. Бұл еңбегінде Шоқанның қазақ қоғамының экономикалық, саяси, рухани жағдайлары және қазақ халқының болашақ даму негіздері мен жолдарына терең талдаулар бере отырып, ең бастысы өз халқының болашағына үлкен сеніммен қарағанын көреміз. 1864 жылы наурыз айында Ш.Уәлиханов Оңтүстік Қазақстанды Ресейге қосу жөніндегі полковник М.Т.Черняевтің әскери экспедициясына шақырылады. Бірақ, жергілікті халықтарға Черняевтің, оның әскери қызметкерлерінің көрсеткен озбырлығы мен қаталдығына наразы болып, бөлініп кетеді. Верный (қазіргі Алматы 1 қаласына келіп, Албан руының аға сұлтаны Тезек төренің ауылына тоқтайды. Мұнда да жергілікті тұрғындардың хал-жағдайларымен танысып, аңыз-әңгіме, ертегі-жырлар жинап, зерттеушілік жұмыстарымен шұғылданады. Сол кездегі Батыс Қытайдағы қоғамдық-саяси жағдайдың шиленесуіне байланысты болған дүнгендер көтерілісіне көңіл бөледі. Жұмыс бабымен Қапалға оқта-текте келіп жүген бір сапарында Ш.Уәлиханов әскери газетіне

Құлжадағы жағдай, дүнген қозғалыстарына байланысты мақала жариялайды. Демек, қай уақытта болмасын ел ішіндегі жағдайларға ерекше мән беріп отырғанын көреміз. Ол өзінің қысқа ғұмырында қоғамдық ғылымдардың алуан саласында, тарих, география, этнография, экономика филологияда, өнертануда – көптеген құнды еңбектер қалдырды. Сондай-ақ, Орталық Азияның түркі тілдес халықтарының, қазақтың, қырғыздың, өзбектің, ұйғырдың, түркіменнің тарихы мен сол кездегі әлеуметтік жағдайы, тілі мен әдебиетін саралап терең зерттеуімен шығыстың ғылымына зор үлес қосты. "Қазақтың шежіресі", "Жоңғарлар очерктері", "Қазақтар туралы жазбалар", "Абылай", "Көне замандағы қазақтың қару-жарақ, сауыт-саймандары", "Далалық мұсылмандық", "Қазақтағы шаман дінінің қалдықтары", "Қазақтың көші-қоны", "Оңтүстік Сібір тайпаларының тарихы туралы пікірлер", "Ыстықкөл күнделіктері" т.б. еңбектерінде Орта Азиядағы түрік халықтарының көптеген келелі мәселелеріне ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеулер жүргізіп, талдаулар жасады. Бұл еңбектердің кейінгі зертеушілер үшін ғылыми мәні жоғары болды. Шоқан өзінің жан-жақты мол білімінің арқасында зерттеулерді комплексті түрде жүргізіп, тарихшы, географ, этнограф, публицист, әдебиетші, жазушы болып қатарластыра алып отырғанын анық байқауға болады. XIX ғ. орта шенінде ірі ғалымдардың бірі П.И.Небельсон Шоқан туралы: "Петербургте қырғыздар сирек кездеседі, бес-алты адам жинала қояр ма екен? Солардың ішінде өмірде мен бармын деп ерекшеленбейтін бір ғана адам бар. Ол өте жас, кавалерия офицері, сұлтан Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов", – деп жазса, Платников: "Мен Уәлихановпен Петербургте өте жақын таныстым және бірнеше кеш бірге болып көңілді өткіздім, оның қабілеттілігіне Мұхамед-Ғани Бабажанов, біз Небельсон екеуіміз де тең келмеспіз", – деген пікірлері Шоқан білімінің жан-жақтылығын, тереңдігін дәлелдей түсері хақ. Шоқаннан қалған асыл мұралардың бірі – бейнелеу өнері саласындағы еңбектері оның қазақтың тұңғыш профессионал суретшісі екенін танытады. Сурет өнерін жас кезінен-ақ жақсы көрген. Ол портрет, табиғат көрінісі, пейзаж, халықтың тұрмыс-салтын бейнелеу жанрымен айналысқан. Суреттерінің біразы 1860 жылдардың басында "Всемирная иллюстрация", "Сакра", "Русский художественный лист" журналдарында, "Орыс география қоғамының хабаршысында" жарияланған. Ш.Уәлихановтың көп салалы әр қырлы бай мұрасы оның дүниетанымы, қоғамдық философиялық, ағартушылық, демократтық көзқарастары өз заманының биік деңгейінде болғанын айқындайды. Шоқан Уәлиханов 1865 жылы сәуір айында қайтыс болды. Алтынемел тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады. Қазіргі Алматы облысы Шоқан атындағы шаруашылықта "Алтынемел" мемориалдық комплексі бар. Шоқан қазасы қазақ елі үшін және оның орыс достарына аса ауыр тиді. Орыстың географиялық қоғамы басып шығарған (1904) Шоқан шығармаларына жазған алғы сөзінде академик И.И.Веселовский: "Шоқан Уәлиханов шығыстану әлеміне құйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, орыстың Шығысты зерттеуші ғалымдары оны ерекше құбылыс деп түгел мойындап, түркі халықтарының тағдыры туралы одан маңызы зор, ұлы жаңалықтар ашуды күткен еді. Бірақ Шоқанның мезгілсіз өлімі біздің бұл үмітімізді үзіп кетті", – деп жазды. Шығысты зерттеуші әйгілі ғалым Е.И.Ковалевский Шоқанды "Асқан данышпан жас жігіт", "Тамаша ғалым", "Қазақ халқының ең жақсы досы әрі орыстың мемлекеттік мүддесін қадір тұтушы" деп атады. Г.И.Потанин: "Шоқан қазақ ішінен оқырман қауымын тапқан болса, ол өз халқының шын мәніндегі асқан данышпаны болар еді", – дейді. Орыстың географиялық қоғамы Шоқан өлімі туралы хабарында: "Нағыз, шын әділдігін айтқанда Уәлихановты үздік адам деп айтуға болады. Уәлиханов өз еліне шын берілгендігін, оны терең сүйетіндігін, қазақтың тұрмысын жақсы көрушілігін сақтай алумен қатар, Батыстың мәдениетін де жоғары бағалады", – деп жазды. Мұндай жылы лебіздердің қайсысы болмасын Шоқан еңбегінің әділ де жоғары бағасын алғандығының айғағы еді. Шоқан жайында: Г.И.Потанин, Н.М.Ядринцев, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, И.И.Березин, И.И.Ибрагимов, т.б. естеліктер мен мақалалар жариялады. Шоқан Уәлихановтың демократтық, гуманистік ой-пікірлерінің толысуына Омбыға жер ауып келген орыс ойшылдары мен жазушылары көп әсер еткенін көреміз. Шоқан ұлылығын танытатын, оны биіктете түсетін нақты мәліметтердің бірі – өзі ерекше сүйіп бағалаған достарымен

жазысқан хаттары. Осы хаттардың әрқайсысында Шоқанның азаматтық бейнесі ерекше таныла түседі. Өз халқының адал перзенті екеніне көз жеткіземіз. Зерттеу еңбектерінің маңызы мен мәні ашыла түседі, бүкіл дүниежүзілік география ғылымына қосқан зор табыс, жаңалық ретінде бағаланады. Ш.Уәлихановтың хаттары. Шоқан Шыңғысұлы мен Федор Михайлович Достоевскийдің достығы екеуінің Омбыда, Семей мен Петербургте бірге болған кездерінде бір үзілмейді, кейінгі алты жыл ішінде (1856-1862) бұл достық хат арқылы нығая тускенін көреміз. Мәселен, Семейден кетіп бара жатып, Уәлиханов Достоевскийге былай деп жазады: ...Сізбен бірге Семейде өткізген азғана күн маған сондай тамаша әсер етті. Ендігі менің бір ойым сізбен тағы да бір кездесу. Мен адамның нәзік сезімдері мен ақ ниеті туралы жазуға шебер емеспін. Менің Сізге қандай берілгендігімді және сізді қандай жақсы көретінімді, әрине, өзіңіз де білесіз". Бұл хатқа Д.М.Достоевский өзінің шын жүрегінен шыққан жылы сөздермен былай деп жауап қайырды: "Мейірман достым! Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ал мен сізге қысылмай-ақ тура айтайын. Мен сізге ғашық болып қалдым. Мен еш уақытта да, ешкімге де тіпті туған іниме де, тап сізге көңілім түскендей құштарлықты сезген емеспін. Бұған талай дәлел келтіруге болар еді, бірақ сізді несіне мақтай берем. Ал енді сіз менің ақ ниетіме дәлелсіз-ақ сенетін шығарсыз деймін. Достоевский өзінің хаттарында Шоқанға пайдалы кеңес беріп, рухын көтеріп, оның алдына аса зор игі міндеттер қойғанын көреміз. Енді бір хатында: Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз – сіздің материалдарыңыз өте көп. Сахара туралы мақала жазыңыз. Оны Россия халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе. Европаша білім алған тұңғыш қазақ екеніңізді есіңізге толық алыңыз.Тек осы оқиғаның бір өзі ғана ғажайып нәрсе және оны ұғудың өзі сізге көп міндеттер жүктейді. Оның үстіне тағдыр Сізді таза жанды, адал жүректі, абзал адам ғып жаратқан. Артта қалуға болмайды, жоқ болмайды..., деп жазады. Мұндай жанашырлық жалынды сөздерінде Достоевский Шоқанға шын жүректен ақыл-кеңесін білдіріп, оны белсенді іс, батыл әрекетке рухтандыра түседі. Ф.М.Достоевский Шоқан Уәлихановты ерекше қадірлей, бағалай білді. Одан алған заттарының бәрін ол ең қымбат естелік ретінде сақтайды. 1866 ж. Шоқан марқұм болғаннан кейін Достоевский өзінің әйелі А.Г.Достоевскаяға "мына үлкен ағаш сандықты көрдің бе? Бұл менің Сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы. Сондықтан да ол маған қымбат. Сондықтан мен өз қолжазбаларымды, хаттарым мен аса қымбатты естеліктерімді осында сақтаймын" – деген сөздерінің өзі Шоқанға деген ыстық ықыласын анық байқатады. А.Н.Майковқа жазған хатында Шоқан: "Менің туысқандарым ұлттық та, таптық та ескіліктің шырмауында. Әсіресе, бір бет даңққұмарлығы бірден көзге шалынады. Осыған қарап-ақ, олардың өздерін өздері жоғары бағалайтыны, ақыл-естіміз деп түсінетіні өз-өзімен түсінікті болар. Демек оларға айтылған ақыл-кеңес намысына тиіп, бұрынғыдан да көрі асқынта түсері түсінікті. Көппен жалғыз алысуға шама келмесін түсіндім, шындық қанша қасиетті болғанымен, адасқанның алды жөн бола береді екен, әсіресе, уақыт солай етіп тұрса амал жоқ, – деп ағынан жарылып, өзіндік пікір, көзқарасын білдіреді. Шоқан Уәлиқановтың орыстың көрнекті жазушыларымен, ғалымдарымен т.б. жазысқан хаттары қазақ әдебиетінің тарихы үшін ерекше маңызды. Оның хаттары мен күнделіктерінен публицистикалық дарыны айқын аңғарылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8

2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9

3. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965-17-272-2

4. Жетісу энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл. — 712 бет + 48 бет түрлі түсті суретті жапсырма. ISBN 9965-17-134-3

5. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 384 бет. ISBN 9965-409-98-6

Тесля Валерия Викторовна
6 курс «Общая медицина»
Карагандинский медицинский университет
Город Караганда



ПОТЕНЦИАЛЬНЫЕ УЛЬТРАЗВУКОВЫЕ ПРЕДИКТОРЫ АМНИОТИЧЕСКОЙ ЭМБОЛИИ И ИХ ЗНАЧЕНИЕ В ПРОГНОЗИРОВАНИИ АКУШЕРСКИХ КРИТИЧЕСКИХ СОСТОЯНИЙ

Аннотация: в статье рассмотрены современные направления использования ультразвуковой диагностики для выявления предикторов амниотической эмболии. Особое внимание уделено роли эндотелиальной дисфункции, воспалительных процессов, функционального состояния миометрия и инновационных методов визуализации. Обоснована необходимость интегративного подхода к прогнозированию акушерских критических состояний.

Ключевые слова: амниотическая эмболия, ультразвуковая диагностика, допплерометрия, плацента, эндотелиальная дисфункция, акушерские осложнения, прогнозирование, микроциркуляция, хориоамнионит, перфузия.

Амниотическая эмболия представляет собой одно из наиболее редких, но крайне тяжёлых осложнений в акушерской практике, характеризующееся внезапным развитием кардиореспираторной недостаточности, коагулопатии и высокой летальностью. Несмотря на значительный прогресс в области перинатальной медицины, патогенез данного состояния до конца не изучен, а его диагностика в большинстве случаев носит ретроспективный характер. В этой связи особую актуальность приобретает поиск неинвазивных методов раннего выявления риска развития амниотической эмболии, среди которых ультразвуковая диагностика занимает одно из ведущих мест. Ультразвуковые технологии позволяют оценивать морфофункциональное состояние матки, плаценты, околоплодных вод и сосудистой системы, что создаёт предпосылки для выявления потенциальных предикторов данного осложнения.

Современные представления о патогенезе амниотической эмболии основываются на концепции системной воспалительной реакции, возникающей в ответ на попадание амниотической жидкости в материнский кровоток. Этот процесс сопровождается активацией каскада коагуляции, развитием диссеминированного внутрисосудистого свертывания и тяжёлой гипоксией. Ультразвуковое исследование в данном контексте может выступать как инструмент косвенной оценки факторов риска, включая структурные изменения плаценты, нарушения маточно плацентарного кровотока и признаки повышенного внутриматочного

давления. Таким образом, ультразвук становится важным звеном в системе пренатального мониторинга.

Одним из ключевых ультразвуковых маркеров, потенциально ассоциированных с риском амниотической эмболии, является патология плаценты. К таким состояниям относятся предлежание плаценты, её преждевременная отслойка, а также аномалии прикрепления, включая placenta accreta, increta и percreta. Эти состояния сопровождаются нарушением барьерной функции плаценты и увеличением вероятности попадания амниотической жидкости в системный кровоток матери. Ультразвуковая диагностика позволяет выявить данные патологии на ранних этапах беременности, что имеет принципиальное значение для прогнозирования осложнений.

Особое значение в оценке риска амниотической эмболии имеет допплерометрия маточно плацентарного и фетоплацентарного кровотока. Изменения показателей резистентности сосудов, асимметрия кровотока, снижение перфузии плаценты могут свидетельствовать о нарушении гемодинамики, предрасполагающем к развитию критических состояний. Допплеровские исследования позволяют не только оценить текущее состояние системы мать плацента плод, но и выявить скрытые нарушения, которые могут предшествовать клиническим проявлениям.

Ультразвуковая оценка объёма и структуры околоплодных вод также имеет диагностическую значимость. Полигидрамнион может рассматриваться как фактор риска, способствующий повышению внутриматочного давления и потенциальному проникновению амниотической жидкости в кровоток матери. Кроме того, наличие эхогенных включений в амниотической жидкости может косвенно свидетельствовать о её изменённом составе, что также может играть роль в патогенезе эмболии.

Не менее важным аспектом является оценка состояния матки и родовых путей. Ультразвуковые признаки гипертонуса матки, рубцовых изменений после оперативных вмешательств, а также травматизация тканей в процессе родоразрешения могут способствовать нарушению целостности сосудистого русла и проникновению амниотической жидкости. В данном контексте ультразвук позволяет выявить структурные изменения, повышающие риск осложнений.

В последние годы активно развивается направление трёхмерной и четырёхмерной ультразвуковой визуализации, что значительно расширяет диагностические возможности. Эти технологии позволяют более точно оценивать пространственные взаимоотношения анатомических структур, выявлять микроскопические изменения и проводить детальный анализ плацентарной ткани. Это открывает новые перспективы в ранней диагностике патологий, ассоциированных с амниотической эмболией.

Значительную роль играет интеграция ультразвуковых данных с клинико лабораторными показателями. Комплексный подход, включающий оценку коагулограммы, маркеров воспаления и ультразвуковых признаков, позволяет повысить точность прогнозирования акушерских критических состояний. Такой подход способствует формированию индивидуализированных стратегий ведения беременности и родов.

Следует отметить, что ультразвуковые предикторы амниотической эмболии не являются специфичными и требуют дальнейшего изучения. Однако их использование в клинической практике позволяет выделить группы высокого риска и своевременно принять профилактические меры. Это особенно важно в условиях ограниченного времени при развитии острых акушерских осложнений.

В последние годы особое внимание уделяется изучению роли эндотелиальной дисфункции как одного из ключевых патогенетических звеньев амниотической эмболии, что открывает новые возможности для интерпретации ультразвуковых данных. Нарушение целостности эндотелия сосудов матки и плаценты может способствовать проникновению амниотической жидкости в системный кровоток матери. В этом контексте ультразвуковая оценка микроциркуляции, в частности с использованием технологий цветового и

энергетического допплера, позволяет выявлять признаки сосудистой нестабильности, которые могут рассматриваться как ранние маркеры риска. Таким образом, ультразвуковое исследование приобретает значение не только как инструмент морфологической диагностики, но и как метод функциональной оценки сосудистой системы.

Перспективным направлением является применение контрастно усиленного ультразвука в акушерстве для более точной оценки перфузии плаценты. Несмотря на ограниченность использования данной технологии в рутинной практике, исследования показывают, что изменения характера контрастирования могут отражать нарушения барьерной функции плаценты и повышенную проницаемость сосудов. Эти изменения потенциально могут быть связаны с риском амниотической эмболии, особенно в условиях патологической беременности. В данном контексте дальнейшее развитие контрастных методов визуализации может существенно повысить диагностическую ценность ультразвука.

Не менее значимым является изучение механических факторов, способствующих развитию амниотической эмболии, включая внутриматочное давление и динамику сокращений матки. Современные ультразвуковые технологии позволяют оценивать не только структуру, но и функциональное состояние миометрия. Повышенная сократительная активность, дискоординация родовой деятельности, а также резкие изменения внутриматочного давления могут создавать условия для транссосудистого проникновения амниотической жидкости. Таким образом, функциональная ультразвуковая оценка матки может рассматриваться как дополнительный инструмент прогнозирования.

Особое внимание уделяется роли воспалительных процессов в формировании предрасположенности к амниотической эмболии. Хориоамнионит, субклиническое воспаление плодных оболочек и плаценты могут сопровождаться изменением их структуры, что визуализируется при ультразвуковом исследовании в виде утолщения оболочек, неоднородности плацентарной ткани и наличия патологических включений. Эти признаки могут служить косвенными маркерами повышенного риска, особенно при сочетании с клиническими данными.

Современные исследования также направлены на разработку интегративных прогностических моделей, объединяющих ультразвуковые параметры с клиническими и лабораторными данными. Использование алгоритмов машинного обучения позволяет анализировать большие массивы данных и выявлять скрытые закономерности, недоступные при традиционном подходе. Включение ультразвуковых предикторов в такие модели может повысить точность прогнозирования и способствовать раннему выявлению пациенток группы высокого риска.

Отдельного внимания заслуживает применение портативных ультразвуковых устройств в условиях экстренной акушерской помощи. Возможность проведения быстрого bedside исследования позволяет оперативно оценить состояние пациентки, выявить признаки гемодинамических нарушений и принять своевременные клинические решения. Это особенно важно при подозрении на амниотическую эмболию, где фактор времени играет критическую роль.

Важным направлением является стандартизация ультразвуковых критериев, ассоциированных с риском амниотической эмболии. Отсутствие унифицированных протоколов затрудняет интерпретацию данных и их использование в клинической практике. Разработка четких диагностических алгоритмов позволит повысить воспроизводимость результатов и улучшить качество медицинской помощи.

Таким образом, ультразвуковая диагностика занимает важное место в системе пренатального наблюдения и может рассматриваться как перспективный инструмент раннего выявления риска амниотической эмболии. Дальнейшие исследования в данной области направлены на уточнение диагностических критериев, разработку прогностических моделей и внедрение новых технологий визуализации, что в конечном итоге позволит снизить материнскую и перинатальную смертность.

Использованные литературы:

1. Clark S.L. Amniotic Fluid Embolism. – Obstetrics & Gynecology, 2014. – Vol. 123. – P. 337–348.
2. Pacheco L.D., Saade G. Amniotic Fluid Embolism: Diagnosis and Management. – American Journal of Obstetrics and Gynecology, 2016. – Vol. 215. – P. B16–B24.
3. Benson M.D. Current Concepts of Immunology and Diagnosis in Amniotic Fluid Embolism. – Clinical Reviews in Allergy & Immunology, 2015. – Vol. 49. – P. 1–9.
4. Moore T.R., Cayle J.E. The Amniotic Fluid Embolism Syndrome. – Journal of Perinatology, 2012. – Vol. 32. – P. 164–169.
5. Cunningham F.G. Williams Obstetrics. – 25th ed. – New York: McGraw Hill, 2018. – 1350 p.
6. Timor Tritsch I.E. Ultrasonography in Obstetrics. – New York: McGraw Hill, 2015. – 800 p.
7. WHO. Maternal Mortality: Global Health Estimates. – Geneva, 2019. – 60 p.
8. Knight M. Amniotic Fluid Embolism Incidence and Risk Factors. – BJOG, 2010. – Vol. 117. – P. 1078–1085.
9. Kramer M.S. Amniotic Fluid Embolism: International Perspectives. – International Journal of Obstetrics, 2012. – Vol. 119. – P. 101–109.

Гурбандурдыев Бегенч Оразалы оглы[1],
6В02211-Тарих білім беру бағдарламасының 1 курс білімгері
Айтакова Салтанат Анарбековна[2], аға оқытушы, магистр
[1,2]М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті
Тараз қаласы

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЖОЛЫ

Түйін. Өткен ғасырдың орта тұсында күндей күркіреп өткен екінші жаһан соғысында, КСРО халықтары тарапынан «Ұлы Отан соғысы» деп аталып кеткен КСРО мен Фашистік Германия арасындағы соғыста қазақ жауынгерлері небір ерліктің үлгісін көрсетті. Қазақтың ерлігі мен батырлығын, соғыс өнері мен техникасын игере алатындығын осы соғыс айқын дәлелдеді. Солардың бірі де бірегейі, осы сұрапыл соғысты басынан аяғына дейін өткерген, қаны мен терін төккен, от пен оқтың ортасында қан кешкен, батальон командирінен дивизия командиріне дейін көтерілген, соғыстан кейін Кеңес Армиясы Бас штабының жанындағы Жоғары әскери Академияны бітіріп, әскери академияда сабақ берген Бауыржан Момышұлы еді.

В середине прошлого века, во время Второй мировой войны, войны между СССР и нацистской Германией, известной в народе СССР как «Великая Отечественная война», воины-казахстанцы проявили пример героизма. Эта война наглядно продемонстрировала мужество и героизм казахов, их умение владеть искусством и техникой ведения войны. Одним из них был Бауыржан Момышулы, который прошел эту страшную войну от начала до конца, пролил свою кровь и пот, погиб под огнем и пулями, прошел путь от командира батальона до командира дивизии, а после войны окончил Высшую военную академию Генерального штаба Советской Армии и преподавал в военной академии.

In the middle of the last century, during the Second World War, the war between the USSR and Nazi Germany, known among the people of the USSR as the "Great Patriotic War", Kazakh soldiers showed an example of heroism. This war clearly demonstrated the courage and heroism of the

Kazakhs, their ability to master the art and technique of warfare. One of them was Bauyrzhan Momyshuly, who went through this terrible war from beginning to end, shed his blood and sweat, died under fire and bullets, went from a battalion commander to a division commander, and after the war graduated from the Higher Military Academy of the General Staff of the Soviet Army and taught at the military academy.

Кілт сөздер. Республика, соғыс, қахарман, лагерь, ағартушылық, баспасөз

Бауыржан Момышұлы – Ұлы Отан соғысының басынан кіріп, аяғынан шыққан, ерлігі елдің есінен кетпейтін талантты да қаһарман қолбасшы. Ол талантты, қатал қолбасшылығының үстіне ойшыл, шешен. Ол жауынгерлерімен бірге соғыста шынықты, соғыста шыңдалды, соғыста өсті. Оны қатардағы сарбаздар әділдігі үшін, әскери өнерге жетіктігі үшін, жауынгердің жанын ұға білетін зерделігі үшін жақсы көрді, сыйлады, оған сенді. Ал командирін шын сыйлаған солдат жаудан жеңілмейді, өлімді де жеңіп шығады. Өйткені оның бойында бұйрықтың күші ғана емес, ар мен ұяттың, командирге, қолбасшыға деген сүйіспеншіліктің күші қоса жүреді. Бұл жеңіс үшін аса қажетті фактор. Батырдың айтуынша, жауынгерлерге сену командирдің басындағы бақыты, үлкен ырыс. Жауынгерлер командирге сенсе, одан артық абырой болмайды. Сенім – үлкен медет. Қолбасының қоластында қаһарман қазақ аз болған жоқ. Солардың көбі ел тәуелсіздігі үшін қанын төгіп, жанын берді.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы облысы Талғар қаласында жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанды. Мәскеу үшін шайқаста аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальон жауынгерлері асқан ерлік көрсетті. Жауынгерлер батырлықтың, тәртіптіліктің, ұйымшылдықтың үлгісін көрсетіп, өздерінен күші төрт есе басым жаумен бір ай бойы күресіп, дұшпанды ойсырата жеңіліске ұшыратты. Момышұлының әскери-қолбасшылық қызметінде соғыстың ең шешуші, Мәскеу түбіндегі шайқас ерекше болды. Алған жолынан, айтқан сөзінен қайтпайтын қайсар командир Бауыржан батальонның соғыс қимылын жаңа тактикаға жанастыра отырып, операцияны орынды да шебер басқара білді.

Алайда аласпыран қысылшаң жағдайға ұшыраған кейбір полктердің баталон, роталармен байланысты үзіліп, жауынгерлердің қай жерде, қандай халде екенін білу қиынға соқты. Сондай жағдайға ұшырағандардың бірі – Бауыржан басқарған батальон еді. Баукең енді шегінудің нақты жоспарын жасады. Батальонның алдында жүретін 15 адамнан құралған барлаушы қойып взвод-взводпен бөлек-бөлек болып, бірінің ізімен бірін жүргізуді ұйғарды. Батальон алдындағы барлаушыларды аға лейтенант Рахимов пен саяси жетекші Мұхаметқұл Сләмқұлов басқарды. Күндіз жау көзіне түспеу үшін жауынгерлеріне түнделетіп жүруді бұйырды. Күндіз қалың тоғайда тыныстап, түнде барлаушылар арқылы белгіленген бағытпен сақтана жүріп отырды. Қарағайлы тоғай іші қалың қар, жауынгерлер шаршаған, әйтсе де табанды төзімділік көрсеткен батальон екі күннен кейін Новлянск пен Ивановск деревняларының аралығынан шықты. Барлаушылардың айтуы бойынша, осы Ивановск деревнясында панфиловшылардың 1075-полкінің бірінші батальоны тұрады екен. Бұлар әлі шайқасқа қатыспапты. Әдісқой, тәжірибелі комдив И.В.Панфилов бұл полкті уақытша әдейі резервте ұстап тұрған екен. Жау қоршауынан шығып, түгелдей аман оралған Б.Момышұлы басқарған батальонды генерал И.Панфилов зор қуанышпен қарсы алды.

Мәскеуге ұмтылған неміс әскерінің екпінін баяулатып, қатты шығынға ұшыратты. Бұған қоса жан-жақта қоршауда қалып қалған бөлімшелердің басын біріктіріп, алдыңғы шепке әкеліп қосты. Бауыржанның бұл тапқырлығы «Қоршаудағы ұрыс», «Қоршаудан құтылып шығу» деген тактикалық ілім ретінде соғыс кезінде жаппай тәжірибеге айналды. Момышұлы қанды шайқастарда түрлі айла-тәсілдер ұйымдастыра білетін мықты қолбасшы болды. Мысалы, жаудың қоршауында жүріп, жауынгерлерді аман сақтай отырып соғысу, қоршауды бұзып шығу, тағы да басқа айла-тәсілді меңгерген шебер қолбасшы.

Мысалы, генерал-майор И.Панфилов дивизия бөлімдерінің жаңа шепке жылжып орналасуы үшін Б.Момышұлына өз батальонымен жаудың шабуылын 4 күн тежеп, ұстап тұруға тапсырма береді. Батальон өзінен он есе көп жау тобына қарсы шайқасты, оған ілгері жылжуға мүмкіндік бермеді. Бұл тапсырманы ойдағыдай орындап, немістердің мыңдаған адамын жойып, 5-ші күні орман ішімен жүріп, өз дивизиясына қосылу әрекетін жасайды. Ол оңайға түспейді. Айнала қоршаған жау әскері. Осындай жағдайда Б.Момышұлы түнде жүріп, және мынадай амал-қулық жасайды. Жолмен жүріп бара жатқан жау колоннасының арасына байқатпай кіріп, батальонына немісше бұйрық беріп, бір қолайлы қалқа жерге келгеннен кейін жолдан шығып кетеді. Сөйтіп, аман-есен өз дивизиясына келіп қосылады. Жау қоршауын қайта-қайта бұзып өтіп, дивизияға әкеліп қосу үлгісі тек Бауыржанның ғана қолынан келетін тәсіл болатын.

